

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ: 378.018.8:658.2:796.035.062(574)

Қолжазба құқығында

СЫДЫҚОВ НҰРБОЛ ТҰРАРҰЛЫ

**Өңірлік деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру
және оларды басқару (Ақтөбе облысы мысалында)**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
PhD докторы,
қауымдастырылған профессор
Кулбаев Айбол Тиналович

Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Г.Н. Голубева
(Қазан қаласы, Ресей)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨҢІРЛІК ЖАРЫС ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 Дене шынықтыру мен спорт саласындағы өңірлік жарыс қызметін басқаруды сараптамадан өткізу.....	16
1.2 Спорт жарыстарының пәні, мазмұны мен қызметінің ерекшеліктері.....	37
1.3 Өңірлік спорттық жарыстарды басқару қызметін дамытудың әлеуметтік-психологиялық негіздері.....	50
1.4 Ақтөбе облысына қатысты спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесі қызметінің теориялық негіздемесі.....	59
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	69
2 ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.....	71
2.1 Зерттеу әдістері.....	71
2.2 Зерттеудің ұйымдастырылуы.....	77
3 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС- ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІНЕ НЕГІЗДЕМЕ БЕРУ.....	78
3.1 Ақтөбе облысына қатысты спорттық іс-шаралар аясында өткізілетін жарыстар жүйесін халықпен жұмыс істеу тәжірибесіне енгізу арқылы басқаруды дамыту.....	78
3.2 Дене шынықтыруды және спортты дамытуды басқару құралы ретінде құрастырылған кешенді бағдарламаның мазмұны мен мәні.....	86
3.3 Аймақтық жарыс қызметін басқаруды ұйымдастыру іс-шараларының негіздемесі.....	100
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	121
ҚОРЫТЫНДЫ	122
ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР.....	123
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	124
ҚОСЫМШАЛАР.....	134

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттаға сілтеме жасалған:

1 «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы (2017 жылғы 11 мамырдағы №65-VI өзгерістер мен толықтырулармен).

2 2018 жылғы 1 қарашадағы №17669 жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2016 жылғы 11 сәуірдегі №203 қаулысы.

4 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №982 Мемлекеттік бағдарламасы.

5 «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы.

6 Тұңғыш Президент – Елбасының 2014 жылғы 21 қарашадағы №103 тестілері (21.04.2017 ж. №09 тақырып редакциясы).

7 2018 жылғы 31 қазандағы №603 Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Дене шынықтыру» жалпы білім беретін пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы.

8 Global action plan on physical activity 2018-2030 «More activity people for a healthier world». World Health Organization, 2018.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған.

Басқару – бұл әлеуметтік өзгеріске билік жүргізу арқылы өндірістік нысанының тиімді өнімділігін арттыру үшін, оның жұмыс істеуін оңтайландыруға және сақтауға бағытталған басқарушы субъектінің жүйелі, мақсатты қызметі [1].

Басқару нысаны – бұл өмір сүрудің әлеуметтік жағдайларын жақсарту мен материалдық және рухани өнімдерді өндіруші адамдардың, олардың ұжымдарының, бірлестіктерінің, қауымдастықтардың және т. б. қызметі (белсенділігі) [1, б. 5-7].

Жарыс – бұл кез келген тірі затқа тән бәсекеге қабілетті қызметтің ең жоғары түрі [1, б. 13].

Менеджмент – бұл ғылым және шеберлік арқылы басқару.

«Менеджмент» ұғымы:

- 1) адамдармен қарым-қатынас үлгісі, тәсілі;
- 2) басқару өнері және билік;
- 3) ерекше түрдегі біліктілік және әкімгершілік дағдылар;
- 4) басқару органы, әкімгершілік бірлігі [1, б. 7-8].

Спорттық менеджмент – нарықтық жағдайдағы дене мәдениеті және спорттық бағыттағы ұйымдарды, мекемелерді тиімді басқарудың теориясы мен практикасы, дене шынықтыру спорттық бағыттағы ұйымдарды басқарумен, дене шынықтыру-спорттық қызметтерді өндіретін ұйымдармен іс жүргізетін арнайы салалық менеджменттің түрі [1, б. 9].

Спорт менеджері – нарық жағдайында жұмыс істейтін спорт ұйымындағы басты тұлға [1, б. 12].

Спорттық жарыс – жеке тұлғаның дене бітімінің жетілуіне қол жеткізу құралы және көрініс формасы [1, б. 14].

Спорт – тәрбие, даярлық және коммуникативтік қызметтерді іске асыра отырып, қоғам мүддесіне қызмет ететін, бірақ адамның тұрақты мамандығы (кәсібі) болып табылмайтын қызмет [1, б. 19-20].

Спорттық іс-шараларды басқаруды ұйымдастыру - жарыс жүйесінде арнайы басқару қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету бойынша ведомстволық ережелер мен ұсыныстарды жасап, бекітіп, іс-жүзіне енгізу.

Бірегей стандартты қызмет құжаттарын қолдану – есеп беру үлгісін, бірегей спорттық жіктеменің, спорттық жарыс хаттамаларының және т.б. шарттары мен ережелері туралы құжаттамалы ақпаратты жан-жақты қолдану.

Мамандарды кәсіби деңгейде даярлау - түрлі деңгейлі мамандарды кәсіби дайындаудың оқу орындарын (инструктор, бакалавр, маман, магистр және т.б.) бекіту және оқу орындары мен қосымша білім беру ұйымдарын қаржылық қамтамасыз ету.

Дене шынықтыру және спортты басқарудың аймақтық органдарының жарыстар өткізудегі басты міндеті – халықты дене

шынықтыру және спортпен шұғылдануға баулудың орындалуын қамтамасыз ете отырып, түрлі кезеңдерде жарыс өткізуді ұйымдастыру

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы.

ОРМБЖМ – Олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі.

ОРК – Олимпиадалық резерв колледжі.

КМБ – Кешенді мақсатты бағдарлама.

БЖСМ – Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.

МИК – Мектеп-интернат колледжі.

ЖСШМ – Жоғары спорттық шеберлік мектебі.

ОРДО – Олимпиадалық резервті даярлау орталығы.

БҚММУ – Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті.

АӨМУ – Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.

МЖӘ – Мемлекеттік жекшешелендірілген әріптестік.

ОБ – Облыстық бюджет.

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары.

ДШСК – Дене шынықтыру-сауықтыру кешені.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – басқару қызметінің құзыреттілігі» екендігіне баса мән беруі бүгінгі таңдағы дене шынықтыру және спорт саласын басқаруға қойылатын талаптардың бірі екендігі айдан анық [2].

Дене шынықтырумен үнемі және жүйелі түрде шұғылдану маңызын көтеру барлық жастарды оған тартумен анықталады. Оны бұл жерде спорт резервін дайындау және дене тәрбиесінің алдында тұрған міндеттерді шешудегі шарттар ретінде қарастыру қажет. Ал дене тәрбиесінің алдында тұрған міндеттердің қатарында оны басқару мәселесі де айқын көрінеді.

Соңғы жылдарда Қазақстандық және әлемдік дене шынықтыру мен спорттағы болып жатқан цифрлық өзгерістер осы саланың ұлттық жүйесіндегі қатынастардың сапалық өзгерістерінің негізі болуда.

Сол себепті де ғылыми білімнің заманауи деңгейі дене шынықтыру және спорт саласын басқару мен ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын қолдану қажеттілігін туындатады. Дене шынықтыру мен спорт мамандарының дене шынықтыру-спорттық ұжымды, оқу-жаттығу процесін, спортшы тұлғасының дамуын және т.б. спортшыға қажетті қабілеттер мен қасиеттерді өз деңгейінде басқару үшін оның бойында жоғары педагогикалық білімнің болуымен қатар білім берудегі басқару саласынан арнайы білімінің, біліктерінің болуы қажет етіледі. Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлауға жаңа талаптар ұсынылады.

Дене мәдениеті мен спортты басқару тек адамдардың дене қабілеттілігін дамытуға бағытталған арнайы амал мен әдістердің жиынтығы және «адамның мақсатты қимыл қызметін» ғана басқару емес. Дене шынықтыру мен спортты басқару нысанына көптеген нақты дене шынықтыру мен спорт мекемелері, атап айтқанда - спорттық мектептер, спорттық, фитнес-клубтар, спорт түрлері бойынша (футбол, хоккей, баскетбол, волейбол және т.б) спорттық командалар, алаңдар, спорттық-сауықтыру орталықтары, спорттық одақтар және т.б кіреді.

Қазіргі ХХІ ғасырда, бір жағынан, дене шынықтыру және спортта алғы шептегі басқару технологиялары мен менеджмент әдістері кеңінен таралуда. Осыған байланысты біздің дене шынықтыру және спорт саласына оның мекемелерін басқару жолдарын жақсы білетін біліктілігі жоғары менеджерлер өте қажет.

Екіншіден, бүгінде республикамыздың білім беру жүйесі әлемдегі білім беру кеңістігіне еніп келу жағдайында. Бұл білім беру сапасы мен құрылымын өзгертуге алып келді. Ол өз кезегінде білім беру жүйесіне қойылатын талаптардағы және тұлғаны тәрбиелеуде қоғамның әлеуметтік сұранысындағы өзгерістерді де аңғартты. Осындай сұраныстардың бірі - спорттық жарыс қызметі.

Спорттық іс-шаралар – миллиондаған адамдар қызығатын және соған ұмтылатын іс-шара. Кәсіптің бұл тармағы оның ең құнды тауары болып табылады. Тауардың бағасы мен табыстылығы спорттық менеджердің кәсіби шеберлігі мен талантына тікелей байланысты. Спорттық жарыстардан келіп түскен қаражаттар спорт пен дене тәрбиесі саласына қайтуы аса маңызды, бұл өз кезегінде адамдардың денсаулығына пайдалы әсер етеді. Спорттық жарыстарды нәтижелі басқару үшін басқарушылық құзыреттілік қалыптастырылуы керек. Осыған байланысты аймақтағы жарыстарды басқару қызметін дамыту арнайы зерттеулерді қажет етеді, дене шынықтыру және спорт саласындағы жарыстардың өңірлік басқару қызметін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде анықталған өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметінің көпқырлылығы осы зерттеу үшін жетекші ғалымдардың әдіснамалық маңызы бар еңбектерінің жан-жақтылығын көрсетті. Мұның өзі ғылыми түрде талданған психологиялық-педагогикалық әдебиеттер сараптамасы көрсеткендей, қазіргі уақытта ғылыми әдебиетте берілген мәселені көтеруге және шешуге қажетті білімнің ауқымды көлемі жинақталған. Оларды төмендегідей етіп жинақтап көрсетуге болады.

Басқарудың тұжырымдамалық, теориялық және әдістемелік негіздерін, ғылыми негіздегі ережелерін, әлеуметтік жүйедегі басқару заңдылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін шетелдік, отандық ғалымдар С.А. Архипова [1, с. 30-32], С.Н. Братановский [3], В.М. Выдрин [4], В.Д. Гончаров [5], А.С. Соколов [6], В.У. Агеев [7], В.Н. Зуев [8], С.И. Гуськов [9], В.И. Жолдак [10], В.Г. Камалетдинов [11], В.В. Кузин [12], И. Переверзин [13], В.С. Родиченко [14], С.Г. Сейранов [15], С.С. Филиппов [16], В.А. Черепов [17] және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Басқару мәселесінің ежелгі грек философтарынан бастап, түркі ғұлама ойшылдарының еңбектерінде қарастырылғаны туралы, олардың құнды жазбаларындағы мемлекеттік басқарушының рөлі, ізгілікті басқару, басқарудың адамгершілік қағидалары жайлы ой-пікірлерін топтастыру, жіктеу мәселелері С.И. Калиева [18], А.Н. Көшербаева [19], Т.А. Ботағариев [20] және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында дене шынықтыру мен спорттың түрлі нысандарын басқару мәселелері бойынша бірнеше ірі зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде спорттық жарыстар ғылыми зерттеу нысаны ретінде көптеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапқан. Алыс және жақын шет елдік ғалымдар С.А. Важенин [21], В.К. Пельменев [22], В.И. Михайлев [23], В.А. Голов [24], М.Д. Гуляев [25], В.В. Новокрещенов [26] және т.б. дене шынықтыру мен спорттың өңірлік жүйесін басқаруды әртүрлі бағытта өздерінің ғылыми еңбектерінде қарастырып өтті.

Кейінгі жылдардағы еңбектер дене тәрбиесі мәселелерімен шұғылданған белгілі ғалымдар мен мамандардың жалпы теориялық ережелеріне сүйенгенін көрсетті. Сонымен бірге зерттеуге алынған мәселенің ғылыми маңыздылығын

айқындау үшін біздер сол бағыттағы педагогикалық әдебиеттерге сараптама жүргізуді жөн деп көрдік.

Қазақстанда спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізіндегі спорттық жарыс қызметі, әсіресе өңірлік жарыс қызметі педагогикалық басқару тұрғысынан алғанда аз зерттелген, сондықтан жүйелі түрде зерттеуді, іс-жүзінде қолданысқа енгізуді қажет етеді.

Дегенмен де соңғы жылдардағы жүргізілген зерттеулер аз да болса, осы сала бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың барлығын көрсетеді. Бұл жұмыстар дене шынықтыру және спорт саласын басқару бойынша бірнеше бағытты қамтиды:

– жалпы білім беретін мектептерде спорттық-бағдарланған дене тәрбиесін іске асыру ерекшеліктері (С.С. Жекенов) [27];

– спорт маркетингінің шетелдік тәжірибесіне пайымдама жасап, дене шынықтыру-сауықтыру қызметіндегі маркетингке шолу жасау (А.Б. Дошыбеков) [28];

– спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру, спорттық жарыстарды басқару негіздері (А.Т. Кулбаев) [29];

– дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы қызмет көрсету сапасын жетілдіру (Т.Б. Искаков) [30] және т.б.

Байқағанымыздай, көрсетілген еңбектерде көбінесе дене шынықтыру және спорт саласын басқару мәселелері кеңінен қарастырылған. Біз зерттеуге алып отырған дене шынықтыру және спорт саласы бойынша өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізіндегі жарыс қызметін басқару мәселелері аталған жұмыстарда қарастырылмаған. Сол себепті де, жоғарыда айтылған жұмыстарды қарастыра келе, біздің зерттеу жұмысымыздың бұл көрсетілген зерттеу еңбектерінен өзіндік ерекшелігі бар екенін байқадық. Атап айтқанда ол ерекшеліктер:

– зерттеу жұмысында дене шынықтыру және спорт саласы бойынша өңірлік жарыс қызметін басқару;

– спорттық жарыс қызметінің түрлері, дене шынықтыру және спорт саласындағы өңірлік басқару қызметі, оның рөлі;

– өңірлік жарыс қызметін басқаруды дамытудың теориясы мен тәжірибесі.

Философиялық, психологиялық, педагогикалық, тарихи-педагогикалық әдебиеттерге, докторлық және кандидаттық диссертацияларға жасалған талдау біздің зерттеуге алған тақырыбымыз бойынша арнайы жұмыстың жоқтығын және бүгінгі күнге дейін педагогикалық әдебиеттерде өңірлік жарыс қызметін басқару мәселесін терең зерттеудің қажет екенін көрсетті. Сондықтан өңірлік жарыс қызметін басқаруды көрсететін толық және шынайы мәліметтер мен материалдарды білмей, қолданбай бүгінгі таңдағы қоғамның әлеуметтік сұранысына сай келетін зерттеуге алынған құбылысты жетілдіру мәселесін шешу мүмкін емес.

Міне, осыдан бүгінгі таңда біздің еліміздің дене шынықтыру-сауықтандыру саясатына сай спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізіндегі

спорттық жарыс қызметін басқаруды дамыту қажеттігі, теория мен тәжірибенің сұранысына байланысты қолдануға болатын мәселелердің өз дәрежесінде зерттелінбеуі белгілі дәрежеде қарама-қайшылықтың бар екенін байқатады.

Аталған қарама-қайшылық зерттеу **мәселесін** айқындайды және қоғамдағы болып жатқан өзгерістер ұстанымынан ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде зерттеуге алынған мәселенің өз дәрежесінде зерттелмеуі, берілген мәселенің шешімін іздестіру бұл мәселенің өзекті екенін көрсетіп, зерттеу тақырыбын «Өңірлік деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және оларды басқару (Ақтөбе облысы мысалында)» деп алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу болжамы: егер, дене шынықтыру және спорт саласы бойынша спорттық-бұқаралық іс-шараларды басқарудың теориялық-әдіснамалық бағыттары негізделіп, оны ұйымдастыру мен басқару әдістемесі анықталса, онда, болашақта әр өңірде спорт түрлері бойынша өткізілетін іс-шараларда спорттың жекелей түрлері өзіндік түр сипатымен айқындалып, көптеген спорт түрлері ерекшеленеді, өйткені спорт түрлері бойынша өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырудың инновациялық әдістемесі айқындалады.

Зерттеудің жетекші идеясы: дене шынықтыру және спорт саласы бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметін басқаруды зерттеу өткізілетін жарыстарды басқару тиімділігін арттырып, адамның денелік жетілдірілуі, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуі, дені сау, дене тұрғысынан дамыған ұлтты қалыптастыру ұстанымы басым келетін дене шынықтырумен шұғылданушылар санын арттыруға жағдай жасайтын өңірлік дене шынықтыру және спорт саласын басқару қызметінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нысаны: Ақтөбе облысы бойынша өткізілетін спорттық бұқаралық іс-шаралар.

Зерттеу пәні: өңірлік деңгейде өткізілетін спорттық-бұқаралық іс-шаралар.

Зерттеу мақсаты: өңірлік деңгейдегі (Ақтөбе облысы мысалында) спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізіндегі спорттық жарыс қызметін ұйымдастыру мен оларды басқарудың теориялық және әдістемелік негіздемесін беру.

Зерттеу міндеттері

1. Ғылыми және әдістемелік дереккөздерді талдау негізінде спорттық-бұқаралық іс-шараларды жоспарлаудың теориялық негіздерінің күйін және заманауи даму кезеңіндегі негізгі бағыттарын зерттеу.

2. Ақтөбе өңірі тұрғындарына арнап жүйекұраушы факторлардың өзара байланысына негізделген спорттық іс-шаралар жүйесін жасау.

3. Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты дамытуды спорттық-бұқаралық іс-шара ретінде басқару құралы ретінде арнайы бағдарлама құрастыру.

4. Спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесін халықпен жұмыс істеу тәжірибесіне енгізу арқылы дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметін басқаруды дамыту.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу теориялық және эмпирикалық әдістердің жиынтығымен қамтамасыз етілді. Теориялық әдістердің ішінде: ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге салыстырмалы түрде сараптама жүргізу және жинақтау. Эмпирикалық әдістер ретінде: педагогикалық бақылау, педагогикалық эксперимент, сауалнама, математикалық статистика әдістері.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін әдіснамалық мәні бар іргелі философиялық, әлеуметтану, жалпы ғылыми және педагогикалық ережелер (теориялар, тұжырымдамалар, ережелер), спорт түрлері бойынша өткізілетін спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру ісін жоспарлау мен басқарудағы кәсіби жаттықтырушылық іс-әрекет, теория мен тәжірибенің бірлестігі туралы, кәсіби даярлықты жүйелі талдау, инновациялық әдіс-тәсілдер құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы оның ерекшеліктерін ескере отырып, өңірлік деңгейде дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметінің ұтымды жүйесін қалыптастыру мәселелерін жүйелі түрде қарау арқылы анықталады. Облыс өңіріндегі дене шынықтыру мен спорттың жай-күйіне жүргізілген сараптама ел ішіндегі дене шынықтыруды дамытудың заманауи әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастырушылық күйлерін анықтауға және негіздеуге мүмкіндік берді.

Ақтөбе өңіріндегі дене шынықтыру мен спорт саласындағы спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметінің дамуын басқарудың маңызды құралдарының бірі болып табылатын кешенді бағдарламаны әзірлеу технологиясы теориялық тұрғыдан негізделген. Ақтөбе облысында спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасын іске асырудың нәтижелерін талдау негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы өңірлік жарыс жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы ғылыми негізделген әдістерді негіздеумен, әзірлеумен және қолданумен байланысты, бұл жалпы облыс өңірінде дене шынықтыру мен спорт жүйесін спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде жетілдіруге, дене шынықтыру мен спортқа әсер етудің ұйымдастырушылық пен басқарушылық жолдары мен әдістерінің кешенін анықтау мен тәжірибеге енгізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған нәтижелер мен дәлелдемелерді жоғары оқу орындарының дене мәдениеті мамандығында, спорттық клубтар және балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінде (БЖСМ), олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде (ОРМБЖМ), олимпиадалық резерв колледжінде (ОРК) қолдануға болады.

Автордың жеке үлесінің мәні диссертация тақырыбы бойынша ғылыми мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге сараптама жүргізу мен жинақтауда; алдын-ала және қалыптастырушы педагогикалық экспериментті ұйымдастыру мен жүргізуде, зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеуден өткізуде, зерттеу нәтижелерін оқу-жаттығу процесі мен спорт тәжірибесіне енгізуде, зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми конгрестер мен конференция материалдарында, білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған мерзімді басылымдарда, оның ішінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жариялауда, спорт тәжірибесіне ғылыми еңбек нәтижелерін енгізуде.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер

1. Ақтөбе облысының өңірінде дене шынықтыру және спорт жүйесін жетілдіру осы аймақтың ерекшеліктерін ескереді. Бұл ерекшеліктерге мыналар жатады: өңір тұрғындарының басқа елдердің өкілдерімен жан-жақты байланыстарына жағдай жасайтын аймақтың геосаяси жағдайы; қала тұрғындарының қоныстану тығыздығы; аймақтағы халықтың шоғырлануының жоғары деңгейі.

2. Өңірлік дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының сандық пен сапалық сипаттамалары (экономикалық, демографиялық, әлеуметтік және т.б.), облыс тұрғындары арасында дене шынықтыру-сауықтыру мен спорттық-бұқаралық жұмыстың дамуын бағалаудың объективті, субъективті көрсеткіштерін жүйелеу (дене шынықтырумен, спортпен шұғылданушылардың саны, мамандармен қамтамасыз ету, дене даярлығының деңгейі және т.б.) аймақта дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасын қалыптастыру негізіне алынған.

3. Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасы өңірдің ерекшелігін ескере отырып, спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде дене шынықтыру мен спортты жетілдірудің басым бағыттарын анықтайды. Әрбір бағыт мақсаттарды, міндеттерді, анықталған проблемаларды, оларды шешу шаралары мен құралдарын қамтиды. Басым бағыттар: адамдардың білім беру, ақпараттық-насихаттық және экономикалық құралдармен дене бітімін жетілдіруге қажеттілігін қалыптастыру; мектепке дейінгі, мектептегі, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі; жаңа формациядағы кәсіби және қоғамдық мамандармен қамтамасыз ету; дене шынықтыру-сауықтыру мен спорт ғимараттары желісін дамыту; тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру.

4. Облыс өңірінде дене шынықтыру және спорт жүйесін спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде одан әрі жетілдіру аймақтық пен салалық құқықтық нормаларды үйлестіруді, команданың сұраныстарын, жабық және ашық спорт кешендерін салу бағдарламаларын, дене шынықтыру мен спортты қаржыландырудың қосымша көздерін іздеуді ескеретін жаңа мамандықтар бойынша дене шынықтыру мамандарын даярлау мен қайта даярлауды қамтиды.

Зерттеудің сенімділігі зерттеу нәтижелерінің талапқа сай теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденуімен, жұмыс мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, көрсеткіштер нәтижелерін қорытындылауымен, алынған нәтижелер мен тұжырымдардың тәжірибегі ендірілуімен қамтамасыз етіледі.

Өңірлік деңгейге қатысты спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесі негізінде дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметін басқаруды дамытуға эксперименталды негіздеме берілді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және тәжірибелік нәтижелері отандық, алыс және жақын шет ел басылымдарында жарық көрді.

Зерттеу жүргізу кезеңдері.

Бірінші кезең, яғни сараптама жүргізу кезеңінде (2017-2018 жж.) зерттеу мәселесі айқындалып, зерттеудің ғылыми және ұғымдық аппараты құрылды, материалдар жиналды. Зерттеу мәселесіне байланысты теориялық-әдіснамалық, әдістемелік еңбектерге талдау жасалынып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеленді, Қазақстанда және шетелдерде дене шынықтыру мен спортқа әсер ететін, жүзеге асыратын, нормативті-құқылы, ұсынылымды, заңды актілердің контент-сараптамасы анықталды. Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды.

Екінші кезеңде (2018-2019 жж.) өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметін ұйымдастыру мен басқаруға байланысты сауалнамалар әзірленді, диагностикалық бақылау, әңгіме жүргізілді; зерттеу әдістемелеріне толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, тәжірибеден өткізілді; зерттеу жұмыстарының аралық нәтижесі қорытындыланды, спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен басқаруға байланысты жаңашылдық іс-әрекетін ұйымдастыруда басқару жүйесінің маңыздылығы анықталды.

Үшінші кезеңде (2019-2020 жж.) зерттеу жұмыстары, алынған мәліметтерді өңдеуден өткізу, жүйелендіру және сипаттама беру, теориялық тұрғыдан талқылау жүзеге асырылды. Зерттеу қорытындысы бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер жарияланды. Диссертация қойылатын талап бойынша рәсімделді.

Барлық жағдайларда зерттеудің бастапқы идеясы, әдістемелік тәсілдер, алынған материалдарды талдау және оларды түсіндіру автордың диссертациялық зерттеуге қосқан жеке үлесін құрайды.

Зерттеу базасы: Ақтөбе Облыстық мамандандырылған ұлттық спорт түрлерінен БЖСМ, су спорт түрлері бойынша «Достық» ОБЖСМ, жекпе-жек спорт сарайы, Мұз арена, қысқы спорт түрлері бойынша ОМБЖСМ.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 7 ғылыми еңбек жарық көрген. Оның 2 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 3 - ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 - халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланды.

Апробациядан өткізу және ғылыми нәтижелерді практикаға енгізу
Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері келесі материалдарда ұсынылды:

1. Халықаралық ғылыми-практикалық «Инновации в образовании, физической культуре, спорте и туризме» атты конференция (Алматы), 2020.

2. «Олимпиадалық спорт және барлығы үшін спорт» атты Халықаралық конгресс (Қазан), 2020.

Диссертация тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулердің қолданбалы маңыздылығы спорттық практикаға енгізудің 3 актісімен (Қосымша А) расталады.

Диссертацияны ресімдеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалды, диссертацияның негізгі мәтіні 151 беттен тұрады, 18 кесте мен 11 суреттен тұрады. Жұмыста ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің 160 дереккөзі пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеу мәтінінде автор журналдардың келесі мақалаларында жариялаған материалдар пайдаланылды.

Journal of Physical Education and Sport (JPES) журналында (Scopus):

5. Sydykov N., Kulbaev A. Modular training optimization for sports managers // Modular training optimization for sports managers // Journal of Physical Education and Sport (JPES). -Vol.19 (3). Art. 251. -P. 1715 – 1719. 2019 online ISSN: 2247 - 806X; p-ISSN: 2247 – 8051; ISSN - L = 2247 - 8051.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, экспериментті жоспарлау және өткізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Сыдықов Н.; кеңес беру, мақаланы редакциялау – Кулбаев А.

2. Kuderiev Zh., Beknazarov Zh., Kasymbayeva J., Shonov E. Sh., Minarbekov D.I., Sydykov N.T. The influence of Qazaq Kuresi classes on the management of the level of reserves of the athletes' body // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. - Vol. 16. - Issue 6. - P. 3147-3155. DOI:10.18844/cjes.v16i6.6514

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу – Сыдықов Н.; кеңес беру және мақаланы редакциялау – Кудериев Ж., Бекназаров Ж., Касымбаева Ж.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Минарбеков Д.И.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі ғылыми-теориялық журналында:

3. Сыдықов Н., Кулбаев А.Т. Дене шынықтыру және спорттық менеджмент негіздері // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2019. - № 1 (55). -Б. 33-36.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Сыдықов Н.; кеңес беру және мақаланы редакциялау - Кулбаев А.Т.

4. Сыдықов Н., Кулбаев А.Т., Абдреимова К.А. Спорттық менеджменттің ерекшеліктері // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2019. -№ 2 (56). Б. 88-92.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау

және өңдеу, мақала жазу - Сыдықов Н.Т.; кеңес беру және мақаланы редакциялау - Құлбаев А.Т.; теориялық талдау үшін материал дайындау - Абдреимова К.А.

5. Сыдықов Н.Т., Құлбаев А.Т., Келдіқұлов Ғ.К., Абдреимова К.А. Жоғары білікті спортшыларды даярлауды басқаруды ұйымдастыру // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2019. - № 3 (57). -Б. 147-151.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Сыдықов Н.Т.; кеңес беру және мақаланы редакциялау - Құлбаев А.Т., Келдіқұлов Ғ.К.; теориялық талдау үшін материал дайындау - Абдреимова К.А.

Халықаралық конференциялар материалдарының жинақтарында:

6. Сыдықов Н.Т., Құлбаев А.Т., Абдреимова К.А. Роль средств рекламы и пропаганды в управлении // XXIV Междун. науч. конгресс «Олимпийский спорт и спорт для всех»: мат. – Казань, 2020. – С. 471-475.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Сыдықов Н.Т.; кеңес беру және мақаланы редакциялау - Құлбаев А.Т.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Абдреимова К.А.

7. Құлбаев А.Т., Кельдикулов Ғ.К., Сыдықов Н.Т., Талкыбаев Б.И., Казанкапов А.Б. Анализ состояния и эффективности системы международных соревнований, проводимых в Республике Казахстан // Междун. научно-практ. конф. ««Инновации в образовании, физической культуре, спорте и туризме»: мат. - Алматы, 2020. – С. 229-232.

Авторлардың үлесі: жұмыс идеясы, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, мақала жазу - Сыдықов Н.Т.; кеңес беру және мақаланы редакциялау - Құлбаев А.Т.; теориялық талдау үшін материал дайындау – Кельдикулов Ғ.К., Талкыбаев Б.И., Казанкапов А.Б.

1 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨНІРЛІК ЖАРЫС ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Дене шынықтыру және спорт саласындағы өнірлік жарыс қызметін басқаруды сараптамадан өткізу

Басқару ұғымының ғылыми эволюциясын кеңінен, әрі нақты ұғыну үшін басқару туралы ой-пікірлердің о бастан даму және өркендеу бағыттары туралы анық, айқын ұғымды иелену керек.

Басқару идеясының генезисін зерделеуде адамзат тарихында қайталанбас ізін қалдырған, қоғамның қарқынды дамуына зор үлесін қосқан ертеде пайда болған әлем өркениеттерін ескерген жөн. Оларды:

1. Ежелгі Таяу Шығыс
2. Ежелгі Қиыр Шығыс
3. Ежелгі Азия
4. Батыс өркениеті деп топтастыруға болады.

Басқару ұғымының негізі ежелгі философтар еңбектерінен бастау алады. Конфуций (551-478 жж. б.д.д.) – «ізгілікті басқаруға» мән беріп, «Кісілікті тұтқан әмірші Темірқазық жұлдыз сияқты – табаны таймайды, ал қалған жұлдыздар байланады да, айналады да жүреді» немесе: «Кісілік жөнімен басқарсаң, Рәсім орайымен жасасаң, халық елбіреп тұрады, һәм арын сақтайды, құлдық ұрады» деп қоғам мүшелері арасында міндеттерді бөлуде қатаң әлеуметтік жіктелу иерархиясы деп түсіндіреді. Ұлы ұстаз өсиеттерінің негізгі ұстанымдары: *мейірімділік, жомарттық, сабырлық, кісілік, заңмен басқару, әділ болу* [31].

Ғұлама Платон (427-343 жж. б.д.д.) – мемлекетте әрбір қоғам мүшесі өз ісімен шұғылдану қажет екендігін айтып, идеалды мемлекетте жеке меншік жоқ, әйелдер мен еркектердің құқықтары бірдей, мемлекетті тек қана күшті және адал адамдар басқарады деп, «заң күші жүрмейтін, өзгеге бағынушы мемлекет құрдымға кететіндігін», адамды басқара білу «өте күрделі және еңбекпен қолжеткізуші білік» екендігін атап өтеді [32].

Аристотель (384-322 жж. б.д.д.) «әрбір мемлекет белгілі бір қоғамдық тұрғылықты орын» екендігін дәлелдеп, Платонның идеалды мемлекетіне сын айтып, жеке мүлік және қоғамдағы отбасын сақтау қажеттілігін қорғау керектігіне көңіл бөлген [33].

«Екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 ж.ж.). – идеалды мемлекет қандай болу керектігін ойланып, басқару рөліне және оның адамгершілік құндылықтарына басты назар аударған [34].

Сондай-ақ, түркі ғұлама ойшылдарының бірі Жүсіп Баласағұни басқаруды «ел басқару ісінің қыр-сырын білу, ел басқарудағы әділеттіліктің болуы және ел мүддесін ойлайтын адал басшының бейнесін көрсету арқылы құт дарыған, ізгілікті қоғам орнату» десе [35], Қожа Ахмет Иассауи [36], Ахмед Иүгінеки [37], Махмуд Қашқари [38] өздерінің еңбектерінде ел басқару мәселесіне,

мемлекет басқарушысының кемелденген, парасатты адам болу керектігіне мән беріп, олардың бойында болуға қажетті адамгершілік сапаларды көрсеткен.

Қазақстандық зерттеуші ғалым Кеңес Бердалиевтің Кл.кіші Джорджтың зерттеу жұмыстарын қарастыра келе, басқарудың бірнеше жақтарын анықтағанына көз жеткіздік [39]. Ғалымның пікіріне талдау жасай келе, оны төмендегідей кестеге түсірдік (кесте 1).

Кесте 1 - К. Бердалиев бойынша басқару мәселелері

Авторлардың пікірлері мен жылы	Басқару мәселелері
Б.з.д. 5 мың жыл, шумерлер	Шумерлердің басқару мәселесі бойынша негізгі үлестері жазу, фактілерді тіркеу болған;
4000 жылы мысырлықтар	Мысырлықтар жоспарлаудың, ұйымдастырудың және бақылаудың керек екендігін мойындайды
2600 жылы, мысырлықтар	Бұл кезде мысырлықтар басқаруды орталықтандандыру керек деп, соған қарай көбірек көңіл бөледі;
1100 жылы, қытайлар	Қытайлар ұйымдастырудың, жоспарлаудың, басшылықтың және бақылаудың қажеттігіне назар аударады;
400 жылы, Сократ	Сократ өз пікірлерінде менеджменттің әмбебаптығының принциптерін қалыптастырады;
900 жылы, Әл-Фараби	Әл-Фараби еңбектерінде басшылыққа талап қояды;
1832 жылы, Ч.Баббедж	Ғалым ғылыми тәсілдемеге ерекше мән беріп, мамандандырудың айрықша маңыздылығын көрсетеді, сөйтіп еңбекті бөлуді, еңбек қозғалысы мен оның уақыт шығынын зерттеуді, соған байланысты өзіндік құндарды есептеуді айтады

Философиялық және тарихи-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында басқару ұғымын қалыптастырудың бірнеше тарихи кезеңдерден тұратынын байқадық. Ғылыми менеджменттің даму тарихында бірнеше мектептердің пайда болып, басқару теориясына үлкен үлес қосқан ерекше назар аударады. Солардың бірі – *ғылыми менеджмент мектебі*.

Басқарудың ғылыми мектебін негізін салушылардың (1885-1920ж.) (Ф. Тэйлор, Ф. Гилбрет, Л. Гилбрет, Г. Эмерсон, Генри, Кант) пікірінше, басқару – бұл ерекше мамандық, ал ол туралы ілім – дербес пән. Олар логикалық талдау мен бақылауды қолдана отырып, жұмысты тиімді орындау үшін жекелеген операцияларды ғылыми жетілдіруді ұсынады, ғылыми басқаруды ұстанады. Ғылыми басқару әдістерінің бірінші кезеңі – жұмыстың мазмұнын талдау және оның негізгі компонентін анықтау екендігін көрсетеді. Өндірістің өнімі мен көлемін үлкейте отырып, жұмысшыларды белсендіру мақсатымен ынталандыруды жүйелі қолдануды ұсынды [40].

Өткен ХХ ғасырдың бас кезінде басқару теориясы қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген «менеджмент» ұғымымен толықтырылады. Шетелдік ғалымдар Ф.У. Тейлор [41], М.Э. Фоллет [42], М. Вебер [43], Н. Винер [44], И. Ансофф [45], М. Портер [46] т.б. «менеджмент» деп басқарушының өз қол астындағы жұмыскерлерінің интеллект қорын өз кәдесіне жарату арқылы

көздеген мақсатына жетуі деп дәлелдейді. Кеңінен пайымдай келгенде менеджмент – бұл ғылым және шеберлік арқылы басқару.

«Менеджмент» сөзі алғашқыда атқа міну және оларды басқару деген мағынаны білдіретін. Бұл сөздің негізінде «to menegi» (басқару) деген сөзді білдіретін ағылшын етістігі. Қазіргі заманның теориясы мен практикасында менеджмент сөзі жекелеген жұмысшылармен, жұмысшылар тобымен, еңбек ұжымымен, әртүрлі әлеуметтік ұйымдармен жүргізілетін басқару үрдісін білдіреді. Нарық экономикасы дамыған елдерде-менеджер жоғары ақылы мамандықтардың біріне жатады. Менеджменттің мемлекеттің практика және теориясында әлеуметтік басқару жүйесінің негізгі құрылымы қоғамдық дамудың объективті факторлары болып табылады.

«Менеджмент» ұғымы Қазақстанда соңғы жылдары біздің елімізде нарықтық қатынастар қалыптасуының басында ағылшын тілінен сөздік қорымызға енді. Сондықтан да бірінші кезекте шетел мамандарының бұл ғылым туралы базалық түсініктерін талдап көрейік. Мысалы, «Менеджмент бойынша Халықаралық анықтамасы» (1990ж) «менеджмент» ұғымын капитал, ғимараттар, материалдар және еңбек сияқты ресурстарды тапсырылған мақсатқа максимальды тиімділікпен жету үшін тиімді пайдалану және үйлестіру ретінде түсіндіріледі. Іргелі Оксфорд сөздігінде (2005ж.) «менеджмент» ұғымына келесі түсіндірмелерді береді: 1) адамдармен қарым-қатынас үлгісі, тәсілі; 2) басқару өнері және билік; 3) ерекше түрдегі біліктілік және әкімгершілік дағдылар; 4) басқару органы, әкімгершілік бірлігі [47].

Мұндай көзқарасты дене мәдениеті мен спортты басқару бойынша мамандар да нақтылайды. Ғалымдардың пікірлерін саралай келгенде, спорттық менеджменттің де төмендегідей өзіндік ерекшелігі бар екенін байқаймыз.

Спорттық менеджмент – бұл осы заманғы нарықтық жағдайдағы дене мәдениеті және спорттық бағыттағы ұйымдарды, мекемелерді тиімді басқарудың теориясы мен практикасы. Спорттық менеджмент – дене шынықтыру спорттық бағыттағы ұйымдарды басқарумен, дене шынықтыру спорттық қызметтерді өндіретін ұйымдармен іс жүргізетін арнайы салалық менеджменттің түрі болып табылады. Сондықтан да спорттық менеджменттің маңызды элементі дене мәдениеті және спорт саласының жүйелендіруші нысандары дене шынықтыру–спорттық ұйымдар болып табылады. Сонымен менеджмент тұрғысынан дене мәдениеті және спорт – тек қана адамның мағыналы қозғалыс қызметінің тек қана мағыналы түрі емес бұл спорт мектептерін, спорттық клубтар, спорт түрінен спорттық командалар, спорттық сауықтыру орталықтары, стадиондар спорттық федерациялар және тағы басқа басқару жүйесі дене шынықтыру – спорттық ұйымдардың қызметтерінің өнімдері дене жаттығулары және спортпен айналысудың ұйымдасқан түрлері, бағдарламалары, спорттық көріністер және тағы басқалар [48].

Дене шынықтыру-спорттық бағыттағы кез келген ұйымның негізгі элементі шартты түрде ұйымдастырушылар (менеджерлер) мен орындаушылар болып бөлінетін адамдар болып табылады. Ұйымдастырушылардың (басшы – менеджерлердің, спорт менеджерлерінің) міндеті жұмыстың орындалуын

басқару және бақылау, орындаушылардың (жаттықтырушылардың, дене тәрбиесі оқытушыларының және т.б.) жұмысы - дене жаттығуларымен және спортпен айналысатын еңбек онысандарына педагогикалық ықпал ету болып табылады [49].

Осының ішінде спорт менеджері – нарық жағдайында жұмыс істейтін спорт ұйымындағы басты тұлға. Басқару қызметі – дене шынықтыру мен спортты дамытудың маңызды факторларының бірі. Басқару қызметінің жекелеген элементтері дене шынықтыру және спорт қызметкерлерінің барлық санаттарына тән: жаттықтырушыларға, оқытушыларға, дене шынықтыру мұғалімдеріне, нұсқаушыларға және т.б. Оған тарифтік-біліктілік сипаттамаларда көзделген дене шынықтыру-спорт қызметкерлерінің түрлі санаттарының лауазымдық міндеттерін талдап, көз жеткізуге болады.

Мысалы:

– спорт түрі бойынша *жаттықтырушы-оқытушы* спорттық мектепке, секцияға, дене шынықтырумен және спортпен шұғылданғысы келетін адамдар тобына қабылдауды жүзеге асырады; оқу-жаттығу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; даярлықтың жылдық және ағымдағы жоспарларын әзірлейді. Жүйелі есеп, талдау, жұмыс нәтижелерін жалпылау жүргізеді;

- білім беру мекемелерінің *дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушысы* білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) оқу және оқудан тыс уақытта белсенді демалысын ұйымдастырады; педагог қызметкерлер мен ата - аналардың қатысуымен дене шынықтыру-спорттық мерекелер, жарыстар, денсаулық күндері және сауықтыру сипатындағы басқа да іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді; үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысын ұйымдастырады; спорттық бағыттағы қосымша білім беру мекемелерімен және спорт мекемелерімен байланысты жүзеге асырады; дене шынықтыру белсенділерінің қызметін жандандырады [50].

Қазіргі уақытта дене тәрбиесі университеттерінде «Ұйымдастырушылық менеджмент» мамандығының қалыптасу процесі жүріп жатыр, оның көптеген аспектілері бар: даярлық мазмұнын үнемі жаңартып отыру; маманның жеке басының дамуына, оның проблемаларды көруге, басқарушылық қызмет процесінде туындайтын қарама-қайшылықтарды түсінуге және жеңуге байланысты оқытудың жаңа технологияларын енгізу. Бұл тәсілдің ерекшелігі мұғалімнің оқыту іс-әрекетін оқушының белсенді танымдық іс-әрекетіне дейін кеңейту болып табылады.

Дене тәрбиесі университеттерінің міндеті - білім беру жүйесін едәуір өзгерту және дайын білімді беру ғана емес, осы білімді қолдану бойынша практикалық дағдыларды дамыту қабілетін қалыптастыру. Сондықтан дайын білім оқушыларға берілген кездегі дәстүрлі біліктілікті арттыру схемасы онша тиімді емес. Дәстүрлі білімді беру әрдайым адамды дайын болуға және проблемаларды анықтауға және талдауға, оларды шешу жолдарын өз бетінше анықтауға итермелемейді (Джековиц & Козловский, 2019).

Соңғы жылдары тәрбиешілердің назары оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекетіне үлкен орын беретін модульдік оқытуға аударылды. Педагогикадағы

модульдік ұғым модуль ретінде белгіленген оқу материалының бір бөлігінің бүтіндігін, толықтығын және құрылымдық логикасын білдіреді.

Оқытудың модульдік технологиясы бойынша студенттердің оқу пәндерінің жеке жинақталған бірліктерінің мазмұнын саналы және тұтас игеруін қамтамасыз ететін оқу курстарын оқу процесін (Revel & Arnesano, 2014) жүйелік жобалау және енгізу әдісі болып табылады (Капела және басқалар, 2015) [51].

Спорт мектептерінің менеджерлеріне арналған білім берудің модульдік жүйесінің мәнін анықтау үшін Роджер мен Джорджтың (2017) зерттеулеріне осы немесе басқа шамаларға қатысты бірқатар ғылыми еңбектерді толығырақ қарастырайық.

Кәсіби қайта даярлау бағдарламасы кәсіптік қызметтің жаңа түрін жүзеге асыруға, жаңа біліктілікке ие болуға қажетті құзыреттілікті алуға бағытталған. Fişekçioğlu мен Dumanreveals (2010) зерттеулері дене тәрбиесі және спорт мамандарының қосымша кәсіптік білім беруді модернизациялау мәселелері.

Біз автордың «дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың қосымша кәсіби білімінің қазіргі жағдайы қоғамдық өмірдің өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайларына кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың ұйымдастырушылық және мазмұндық негіздерінің сәйкес келмеуіне байланысты пайдаланылмаған елеулі резервтермен сипатталады» [52] деген ойына толығымен қосыламыз.

Balafoutas et al. (2019) модельдік, бағдарламаланған және проблемалық оқытуды, сондай-ақ оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу процесін қолдану арқылы қосымша білім беру процесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды ұсынады. Қосымша білім беру ұйымы өңірдің мамандардың қосымша білім алу қажеттілігін ескеруге және алынған білімді олардың кәсіби қызметіне енгізу туралы Кері байланыс алуға мүмкіндік беретін шарттар жасау негізінде дене тәрбиесі және білім беру жүйесінің тиісті ведомстволарымен және ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы тиіс (Aidt, 2006). Eakins et al (2017), қосымша білім беру жүйесіндегі басқарушылық дайындық мазмұнының ерекшелігін ескере отырып, менеджерлерді даярлаудың әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді. Ол «жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің өркендеуі ғана емес, тұтастай мемлекеттің өмір сүруі» басшының құзыреттілігіне, кәсіпқойлыққа, даму анықтай білуге, нақты мақсаттарға қол жеткізуге және оларға іске асыруға байланысты екенін баса айтады [53].

Әрі қарай қосымша білім беру жүйесінде менеджерлерді даярлау мақсатты аудиторияның ерекшелігіне және оқу бағдарламаларының мазмұнына байланысты өзіндік сипаттамаларға ие. Басқару құзіреттілігін қалыптастыру басқару бағдарламасын жобалау процесінің негізі болуы керек, сондықтан бұл процесс қарапайым білім беру шеңберінен алыстайды (Zhang, 2019).

Chandrasekaran e (2019) жоғары оқу орнында спорт менеджерін даярлаудың заманауи қазақстандық мәселелерін қарастыра отырып, спорт менеджерлерін даярлау сапасын арттыру перспективаларын анықтайды. «Бұл:

саладағы басқару мен ақпараттық қамтамасыз етудің компьютерлік технологияларын меңгеру, терең зерттеу мынадай қолданбалы басқару пәндерінің тізбесін кеңейту: дене шынықтыру-сауықтыру ұйымы кеңсесінің жұмысын ұйымдастыру; тиісті сертификат бере отырып, дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы аудит және бухгалтерлік есеп» [54].

Басқарудың ұзақ жылдардағы эволюциясындағы ғылыми тұрғыда *әкімшілік-классикалық мектеп (1920-1950 ж.ж.)*. басқарудың негізін салған А. Файольдің есімімен тікелей байланысты. Ол француздың ірі компаниясын басқарушы, 1916 ж. басқарудың принциптерін айқындап, оны ғылыми теориялық жағынан негіздеген ғалым. А. Файоль «Общая и промышленная администрация» атты негізгі еңбегінде әкімшілік қызметін талдаудың жалпы тәсілдемесін жасауға талпынды.

А. Файольдың пікірі бойынша, әкімшілік өзіне төмендегідей қызметтерді (қызметтерді қамту арқылы әлдеқандай кең аумақтағы қызметті білдіретін басқару ісінің бір бөлігін) қамтиды:

- өндірістік;
- коммерциялық;
- қаржылық;
- кредиттік;
- есептік, бухгалтерлік;

– әкімшілік [55]. Бұл қызметтер бүгінгі таңда да басқару мәселесінің негізгі бөлімдері болып саналуда.

Басқару туралы идеяны тағы да кеңінен ойластырған ғалым Л. Урвик [56] және т.б. оның ізбасарлары болды. Олардың ерекшелігі – басқарудың әлеуметтік салаларына көп көңіл бөлген жоқ. Осы мектептің жасауымен басқарудың әмбебап қағидасы құрылды. Бұл екі негізгі саланы – ұйымды басқарудың оңтайлы жүйесін, жұмысшыларды басқарумен ұйымның құрылымын жасауды қамтиды.

Басқарудың «классикалық» мектебі одан әрі өндірісті оңтайландыру, басқарудың жалпы мәселелерін зерттеу деп аталатын екі негізгі бағытта дамыды. Бұл арада Г. Эмерсонның, Л. Урвиктің, М. Вевердің, Г. Фордтың еңбектерін бөліп көрсетуге болады.

Өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың күрделі міндеттерін шешу үшін қажет болатын кешенді тәсілдеменің мақсатқа лайықты болатынын, әрі оның қажеттілігін алғаш рет Г. Эмерсон айтты. Оңтайландыруға тиімділік тұрғысынан қарастыру тән. Тиімділік дегенде, шығындар мен нәтижелер арақатынасындағы ең көп шамадағы пайданы ұғуға болады. Бұл тұжырымдамаға артынан «шығын – шығарылым» үлгісін жасаған американың экономисі де қосылды.

Л. Урвик басты назарын формалды тұрғыдан ұйымдастыруды құратын қағидаларды әзірлеуге аударды. Онысы бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Құрылымдағы адамдардың сәйкестігі, арнайы штабтың құрылуы, құқық пен жауапкершіліктің салыстырмалылығы, бақылау

диапазоны, мамандандыру, нақтылық және т.б. Бұлар оның тұжырымдамасының негізгі ерекшелігі болды.

Осы мектептің өкілі, неміс әлеуметтанушысы М. Вебер (1864-1920) – ұйымдағы биліктің құрылымы мен лидерлік мәселелерге жете назар аударды [47, с. 25-28]. Ол – «бюрократия» терминінің авторы.

«Форд моторс» компаниясының негізін қалаған америкалық кәсіпкер Генри Форд (1863-1947) «Моя жизнь, мои достижения» еңбегінде өз өндірісінің негізгі принциптерін былайша қалыптастырды [57]:

- іскерлікте әкімшілік аз болсын, әкімшілікте іскерлік мол болсын;
- дайын өнімдерді алып-сату (жалдаптық) нақты іспен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, ол «заң жолымен жобаға ұрлықтың әдетті түрі» ретінде болады;
- барлық адам тең деп санайтын қағидадан артық адамзатқа зиянды әрі ақылға сыймайтын ұғым жоқ шығар, сірә;
- біреудің ісіне қол сұғу – қылмыс, өйткені ол басқа бір адамның үстінен арам жолмен пайда табумен бірдей әрі қара күштің үстемдігін орнатады;
- көптің пайдасына арналған жұмысты қара басыңның қамынан жоғары қойма. Пайдасы болмаса, ешқандай іс алға баспайды. Пайда табуда ешқандай жаманшылық жоқ [58].

«Басқарудың классикалық теориясы» өткен ғасырдың 1930 жылдарына дейін алдыңғы қатарда болды. Кейіннен, яғни өткен ғасырдың 30-50 жылдары арасында тарихи аренада «басқарудағы қатынас теориясы» пайда болып, классикалық теорияға қарағанда, адамдардың арасындағы қарым-қатынас мектебінің негізі салынды. Сөйтіп, қарым-қатынасты дамытатын себеп және тұлға қатынастарының психологиясына ерекше назар аударылды. Бұл бағыттың Батыс, әсіресе, АҚШ-та кеңінен танымал болуы қоғамға демократиялық басқару элементтерін енгізуді қолдады. Дегенмен бұл идея өз кезегінде қолдау таба алмай, көптеген басқа: жүйелілік теориясы, ұйымдастыруды дамыту теориясы тағы басқа бағыттарға орын берді.

Олардың өкілдері М.П. Фоллет, Г. Мюнстерберг, М. Вебер, Э. Дюрнгейм және Гелтон Мейо болды. Бұл мектеп кейін жүріс-тұрыс, адамның мінез-құлқын зерттейтін ғылым болып есептелді. Менеджментті – басқа адамның көмегімен жұмысты орындауын қамтамасыз ету деп түсіндірді. Олардың ғылымға қосқан үлесі – адамзат ресурстарының тиімділігін өсіру арқылы ұйымның, басқарудың нәтижелігін арттыру фактілерін тұжырымдады.

Бұдан кейінгі «Эмпирикалық басқару» мектебі де өз кезіндегі күшті мектептердің бірі болды.

Бұл мектеп өкілдерінің мәлімдеуінше, басқару саласындағы ғалымдардың негізгі міндеті – тәжірибе материалдарын жинап алу, қорытындылау әрі осының негізінде басқарушының ұсыныстарын әзірлеу болып табылады.

«Эмпирикалық мектеп» өкілдерінің пікіріне сүйенсек, басқарушының еңбегі кәсіпорынның басқа қызметкерлерінде болмайтын екі ерекшелікпен сипатталады.

Бірінші ерекшелік – басқарушы қолдағы бар қордан тұтас бір бүтін жасауы керек.

Екінші – ол әрбір шешімі мен әрекетінде болашаққа, яғни ұйымды дамытудың келешегіне бағдарлануы қажет.

Бұл мектеп өкілдерінің пікіріне ден қоятын болсақ, басқарушы техникалық немесе гуманитарлық бейінді бір жақты маман иесі болмауы керек, яғни тар аяда шектеліп қалуы болмайды екен. Ол басқарудың іс жүзінде жалпы ғылыми негізделіп, сынақтан өткен әдістері мен тәсілдерін меңгеруі қажет.

Осы бағытты ұстанған, ғылыми еңбекпен шұғылданған - «Эмприкалық мектептің» белгілі өкілдері болды. Қорыта келгенде, басқарушылар басқарудың әртүрлі міндетті істерін жүзеге асыру үшін оларға нақты ұсыныстарды әзірлеу іс-тәжірибесін талдауда «Эмприкалық мектеп» қажет деп санайды. Олар басқаруды кәсіби деңгейге көтерудің қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен қатар «Эмприкалық мектептің» өкілдері осы заманғы құрылыстың жаңа тұжырымдамаларын әзірлеуге жете көңіл бөледі.

Аталған мектептердің қатарында «Жаңа» деп аталатын мектеп ғылымға басқару әдістері мен дәл ғылымдардың аппаратын енгізуге ұмтылуымен сипатталады. Осы бағытта жаңа мектептің қалыптасуы кибернетиканың пайда болуымен және операцияларды зерттеумен байланысты. Бастапқыда операцияларды зерттеу сандық талдаудың тәсілдерін әзірлеу ісіне тура келді [57, б.4].

Сараптамалық талдау көрсеткендей, біз аталған мектептердегі басқарудың құнды мәселе екендігіне көз жеткіздік. Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерімен келісе отырып, басқарудың мәні зор екендігін атап өтеміз, өйткені басқарушылар өз ұжымында ұйымдастырушылар бола тұрып, әлеуметтік өмірге бейімделуге қажетті бірқатар басқарушылық қабілеттерге ие болатындығына көзімізді жеткіздік. Бұл бағытта дене шынықтыру және спортты басқару мәселесінің де өзіндік орны бар.

Теорияда басқарудың белгілерін анықтайтын әртүрлі ағымдар және әртүрлі басқару мектептері бар. Бұл тараушадағы біздің мақсатымыз – сол ағымдарға талдау жасап, дене шынықтыру және спорт саласын басқарудағы мәселелерді шешу және олардың маңызын анықтау.

Сонымен, дене шынықтыру және спорт саласын бойынша басқарудың екі негізгі деңгейі бар екендігін байқадық. Оның бірінші деңгейі – дене шынықтыру және спорт саласын ұйым ретінде басқару болса, екінші деңгейі – спорттық жарыстарды басқару.

Дене тәрбиесі әлеуметтік құбылыс ретінде адамзат қоғамының бүкіл тарихи кезеңін қамтиды, бұл – адамның өзінің табиғатын қайта құру жөніндегі, адамдардың тіршілік әрекетінің әр түріне дене даярлығын қалыптастырудағы қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі қызметінің үрдісі мен нәтижесі. Сонымен қатар, дене шынықтыру және спорт адам қызметінің айырықша, өзіндік түрін көрсете отырып, қоғамдық өндіріске, адамның тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастардың дамуына белгілі бір әсерін тигізеді

Дене шынықтыру мен спортты дамытуды ұйымдастыру, жетекшілік жасау және басқарудың аса өзекті мәселелерін зерттеу бұрыннан бері және қарқынды жүргізілуде. Мысалы, С.Н. Братановскийдың [3, б. 17], С.А.Важениннің [21, б. 6], В.В. Новокрещеновтың [26, б. 11], зерттеулері дене шынықтыру мен спортты дамыту, басқару тиімділігін арттыру мәселесін шешудегі әдіснамаға немесе әртүрлі бағыттарға арналған.

Дене шынықтыру мен спорттың сала ретіндегі қасиеттерінің бірі – ол өзінің спорт және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы процесінде иерархиялық болып табылатын өзара іс-қимылы, яғни олардың бір бөлігі басқаларды басқаруды жүзеге асырады, бұл ретте олардың қызметінің мақсатқа бағыттылығы мен үйлестірілуі айқын көрінеді.

Арнайы әдебиетте дене шынықтыру мен спортты басқару органдарының жүйесін талдауға көп көңіл бөлінеді. Біздің зерттеуіміздің тақырыбы үшін С.А. Важенин [21, б. 9], С.Н. Братановский [3, б. 22], В.В. Новокрещенов [26, б. 15] сияқты ғалымдардың көзқарасы маңызды болып табылады.

Ғалым А.М. Банников өз зерттеу жұмысында дене шынықтыру мен спортты басқару органдарының жүйесін анықтап, «...дене шынықтыру мен спортты ерекше және құқықтық нысандарда дамыту жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру үшін орталық және жергілікті муниципалдық, мемлекеттік органдардың қатаң белгіленген байланысында өзара іс-қимыл жасайтын және қоғамдық спорт ұйымдарының жүйесімен тығыз байланысты» болуы керектігін атап көрсетті [58, б.15].

Бұл ретте, дене шынықтыру және спортты басқару органдары жүйесін құрудың маңызды өлшемі бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамытудың мақсаттары мен міндеттері болып табылады. Осы міндеттерді шешуді мақсат ұстану осы дене шынықтыру және спорт саласы бағыты бойынша түсініктер ауқымын кеңейтетіні сөзсіз.

Көптеген еңбектерде спорт ғылымында дене шынықтыру мен спортты басқару органдарының жүйесін зерттеу әдіснамалық бағыт ретінде жүйелік тәсіл теориясының негізінде жүзеге асырылатыны анық көрсетілген, бұл «басқару органдарының жүйесі» ұғымы, оның құрылымы, орындалатын қызметтері, жүйе құрылымдарының арасындағы ішкі және сыртқы ақпараттық байланыстар, басқару жүйесінің пайда болу және даму тарихы туралы нақты түсінік береді.

Дене шынықтыру және спорт салалық әлеуметтік басқару нысаны ретінде халықтың дене бітімін жетілдіруді жүзеге асыратын мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық ұйымдардың жиынтығы болып табылады. Әрине бұл жерде осы аталмы ұйымдардың үйлесімді жұмысы талап етіледі. Тек өзара байланыстық деңгейде ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады.

Кез келген әлеуметтік басқару жүйесінде басқару нысан болып табылады. Басқару объектісі субъектіні, оның құрамын, құрылымын, қызметін анықтайды. «Ғылыми басқару міндеті субъектіде басқару объектісін мүмкіндігінше дәлірек

жаңғырту болып табылады, әйтпесе қоғамдық жүйенің оңтайлы жұмыс істеуі мен дамуы мүмкін емес», – деп атап өтті академик В.Г. Афанасьев [59].

Ресей Федерациясында және оның субъектілерінде дене шынықтыру-спорт саласын басқаруды жетілдіру мәселелерін қарастырумен В.Н. Зуев [8, с. 65], В.К. Пельменев [22, с. 66], В.А. Голов [24, с. 67], Г.З. Аронов [60], В.В. Малышкин [61], В.В. Новокрещенов [26, с. 70], А.М. Банников [62] және т.б. айналысты. Бұл ретте олар негізінен дене шынықтыру мен спорттың бұқаралық түрлерін қарастырды.

Авторлардың көпшілігі дене шынықтыру мен спортты тиімді басқару үшін белгілі бір жағдайлар қажет деген пікірде. Олардың арасында:

- қажетті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
- дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар жүйесі;
- бұқаралық ақпарат құралдарын тиімді пайдалану;
- сабақ үшін дамыған материалдық-техникалық базаның болуы;
- жеткілікті қаржылық қамтамасыз ету;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы тиімді орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының болуы;
- дене шынықтыру және спортты дамытудың мақсатты бағдарламасының болуы;
- дене шынықтыру және спортты басқарудың мемлекеттік, муниципалдық және қоғамдық органдарында білікті кадрлардың болуы;
- халықаралық спорттық байланыстарды қолдау;
- басқару қызметін қажетті ақпараттық құралдармен қамтамасыз ету;
- геосаяси және мәдени ерекшеліктерді есепке алу;
- орталық мемлекеттік органдармен муниципалдық және облыстық дене шынықтыру және спортты басқару органдарының өзара іс-қимылын атап өтуге болады.

Осы сала бойынша ғылыми еңбектер нәтижесі бойынша ТМД елдерінде нарықтық қатынастардың қалыптасу жағдайында дене шынықтыру мен спортты басқару теориясы мен тәжірибесінің негізін қалады.

Ол дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару тәжірибесінде мемлекеттік және қоғамдық деп аталатын екі негізгі нысанның жинақталғанын көрсетіп өтті.

Бірінші нысан мән-жаймен байланысты, ол дене шынықтыру және спорт саласы – мемлекеттік негізде ұйымдастырылған қазіргі қоғамда бар және дамып келеді. Қоғамдық басқару көбінесе азаматтардың мемлекеттік емес спорт бірлестіктерінің ішкі ұйымдастыру қызметін реттеуге, сондай-ақ қоғамдық қауымдастықтарға берілген мемлекеттік органдардың кейбір қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған. Мемлекеттік басқару нысаны арқылы мемлекеттің дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі қызметі іске асырылуда. Бұл қызмет алуан түрлі, құқықтық және құқықтық емес ықпалдар арқылы іске асырылатын басқару қызметінің ауқымдылығы мен көлемімен ерекшеленеді. Құқықтық тетіктер аппараттың белгілі бір заңдық салдарлар туғызатын іс-әрекеттерді орындауын болжайды. Бұл ретте басқару органдарының заң

актілерін шығаруға байланысты өкілеттіктерінің мемлекеттік-билік сипаты көрінеді. Құқықтық емес тетіктер – бұл заңды салдарды тудырмайтын ұйымдық қызметтің әртүрлі нысандары (мысалы, бағыныштыларға нұсқау беру). В.Н. Уваровтың (1994) қорытындысы бойынша дене шынықтыру және спортты басқару органдарының әртүрлі орындаушылық-өкімдік қызметін дене шынықтыру және спортты басқару органдары арқылы жүзеге асыруға болады:

- 1) нормативтік актілерді белгілеу;
- 2) нұсқаулық өкімдер шығару;
- 3) ұйымдастыру іс-шараларын өткізу [63].

КСРО мен Ресейде дене шынықтыру мен спортты басқарудың қазіргі формаларын талдау, әртүрлі жылдары олардың дамуын болжау әрекеттері бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Оның бұл пікірі біздің елімізде мазмұны жағынан өте бай және дене шынықтыру мен спортты басқарудың алуан түрлі тарихи жүйесі қалыптасқан, келесі ұйымдық үлгілер түрінде жұмыс істейді деген қорытындыға әкеледі:

- 1) оқу орындарының әртүрлі типтерінде мемлекеттік бағдарламалар бойынша дене тәрбиесін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің жүйесі;
- 2) ерікті түрде ұйымдастырылған бұқаралық дене шынықтыру-спорт қозғалысының жүйесі;
- 3) жоғары білікті спортшылар мен спорт жеткіншектерін даярлау мекемелерінің жүйесі;
- 4) халықтың дене жаттығуларымен және спортпен дербес шұғылдану жүйесі [13, с. 32].

Әрбір бөлінген түрінің мақсатты бағытын, олардың жұмыс істеу технологиясын және өзара байланысын талдай отырып, автор олардың барлығы бір-бірімен органикалық байланысты, бірыңғай басқару жүйесінің элементтері болып табылады деген қорытынды жасайды. Осы қорытынды негізінде келесі болжамдық қорытынды жасауға болады: дене шынықтыру мен спортты басқару және оны мамандандыру жүйесін саралау процесі жалғастырылады және әрбір модель толық тырысуда болады, сонымен қатар неғұрлым аяқталған ұйымдастырушылық безендіруді алады. Біздің ойымызша, дәл осы жағдай заманауи Қазақстанда орын алады.

Дене шынықтыру-спорт қызметін басқару жүйесінің жекелеген буындарындағы ұйымдастырушылық-басқару түрлеріне қатысты ой қозғап, оған сараптама жүргізген жөн. Онда заманауи спорттың ұйымдық құрылымы талданды, спорт ұйымдарының (БЖСМ, ЖСШМ және т.б.) қызметі мысалында оны одан әрі дамытудың негізгі проблемалары, жаттықтырушылар мен спорт функционерлерінің қызметінде мақсатты басқару әдістері көрсетілді [64].

В.В. Новокрещенов (2006) Удмуртия аймағын мысалға ала отырып, дене шынықтыру және спортты басқаруда түрлі жақтардың өзара іс-қимылына толық талдау жүргізеді. Автор аймақтағы дене шынықтыру және спорт саласын тиімді басқаруға кедергі келтіретін факторларды бөліп көрсетеді [26, с. 75]. Оларға қала (аудан) әкімшілігінің құрылымындағы бейімді комитеттің жеткіліксіз мәртебесі, комитет қызметкерлерінің жеткіліксіз штаты, оның

Кесте 2 - Ресей ғалымдарының өңірлік дене шынықтыру мен басқару жүйесіне берілген көзқарастарының салыстырмалы сипаттамасы

Ғалымдар	Дене шынықтыру және спортты басқару және өңірлік басқару бағыттары
Соколов И.А., Пельменев В.К.	Аймақтық деңгейде дене шынықтыру мен спорттың даму тенденциялары, аймақтағы дене шынықтыру және спорт жүйесін одан әрі жетілдіру өңірлік, муниципалдық және салалық құқықтық нормаларды үйлестіруді, аймақтың сұраныстарын ескеретін жаңа мамандандырулар бойынша дене шынықтыру мамандарын даярлау мен қайта даярлауды, жабық, ашық спорт кешендерін салу бағдарламасын, дене шынықтыру мен спортты қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіруді қамтиды.
Носков С.	Аймақта мақсатты кешенді бағдарламаларды әзірлеу және енгізу дене шынықтырумен шұғылданушылардың көпшілігінің және спортшылардың шеберлігінің өсуіне, бұқаралық сипаттағы спорт түрлерін дамытуға ықпал етеді деп біледі.
Булатов Р.А.	Заманауи инфрақұрылымды дамыту үшін аймақта ірі заманауи спорт сарайын салу (қонақ үйлер, мейрамханалар, жолдар, спортшылардың, көрермендердің, туристердің қауіпсіздік қызметі және т.б.); инвесторларды тарту үшін тиісті ауданда туристік-рекреациялық үлгідегі ерекше экономикалық аймақ құру ұсынылады.
Рябенко Г.В.	Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері маркетингінің тиімділігін бағалау муниципалдық дене шынықтыру және спорт мекемесінің жұмыстары: – спортпен тұрақты айналысатын балалар, жасөспірімдер мен жастар үшін жағдай жасауға және денсаулықты нығайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру; – салауатты өмір салтына баулу; – облысқа, қалаға, клубқа мақтаныш сезімін тәрбиелеу; – шеберлік деңгейін одан әрі арттыру үшін перспективалы шұғылданушыларды анықтау; – салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдардың бос уақытын ұйымдастыру айтылады.
Николаев М.А., Махотаева М.Ю.	Аймақ келесі қасиеттерге ие болуы керек: – әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамудың кешенділігі; – дене шынықтыру және спорттық инфрақұрылымдарды, аудандық спорт жүйесін дамыту; – аймақта тұрып жатқан халықтың үйлесімді дамуы үшін жағдайлар жасау қабілеті.
Гуляев М.Д.	Өңірде азаматтардың денсаулығын, әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсарту, аймақ ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру, бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спорты жүйесін одан әрі дамытуға мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың назарын аудару және оңтайлы өзара іс-қимылын қамтамасыз ету қарастырылады.
Приходко В.И., Жданов О.Н., Свистунов С.В.	Дене шынықтыру және спортты ұйымдастыру және басқару әдістері, нысандары, басқару қызметтерінің қосымшалары зерттелді.

қызметкерлерінің еңбекақысының жеткіліксіз болуы, қалада (ауданда) дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламасының болмауы, қала (аудан) басшылығында дене шынықтыру мен спорт саласына жеткілікті түрде көңіл бөлінбеуі, халықтың қызығышылығының жеткіліксіз есебі, дене шынықтыру-спорт басқарушылары біліктілігінің төмендігі, дене шынықтыру және спорт басқармасының нормативтік-құқықтық базасының жеткіліксіздігі, дене шынықтыру және спорт саласын басқаруда биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы өзара іс-қимылдың болмауы жатады.

V.L. Parkhouse [65], G. Comfort [66], J. Higgins, [67], G.S. Kenyon [68], J. Wiemeyer [69], Ch A. Bucher [70] еңбектері бойынша жоғары білікті спортшыларды даярлаудың шетелдік жүйелерінің жұмыс істеуіне жүргізілген талдау Еуропа мен АҚШ-та спорттық менеджменттің жақсы дамығанын көрсетеді.

Беріліп отырған ғалымдардың еңбектеріндегі жүйеленген көзқарастар, біз қарастырып отырған дене шынықтыру мен спортты өңірлік басқарудағы кәсіби ерекшеліктердің, яғни өңірлік басқару қызметінің маңызының зор екендігін көрсетеді. Олай болса, дене шынықтыру мен спортты басқару және аймақтық басқару қызметі бір-бірінің дамуына тікелей ықпал ететіндігі айдан анық.

Жоғарыда көрсетілген шетелдік ғалымдардың жұмыстарындағы талдау қазақстандық ғалымдар еңбектерінде де жалғасын тапты. Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері де дене шынықтыру және спорт ұйымдарын басқару мен қызмет көрсетуде олардың ерекшеліктерін жан-жақты қарастыра келе, оның маңызын ашып көрсетіп, теориялық-тәжірибелік қызметтерін атап айтқан.

Ғалым Н. Асанов өзінің зерттеу еңбегінде: «Басқару проблемасын шешудегі негізгі жағдайларды есепке алу, жоғары білім беру мекемелеріндегі басқарудың тиімділігін қамтамасыз ететін, біздің ойымызша, бірқатар міндеттер теориялық постулаттарды тұжырымдауға мүмкіндік береді», – дей келе, басқарудың бірнеше анықтамасын бөліп көрсетеді. Оның пікірінше: «...басқару мақсаттылығымен, жүйелілігімен, болжамдылығымен, кезектілігімен сипатталса, онда тиімді болады. Басқару мынадай талапты қанағаттандырса, яғни, нысанның күрделілігі мен субъектінің мүмкіндігі сәйкес келсе, объективті өлшемдер бар болса, адамдық факторлар есептелсе, тиімді болып табылады. Басқару – ұйымдастыру құрылымына және ұйымдастыру механизміне басқару қызметі арқылы жобалануы, жазылуы, сипатталуы және жүзеге асырылуы мүмкін» деп ой қорытады [71].

П.Н. Крыкбаев студенттердің дене тәрбиесіндегі ұйымдастырушылық-басқарушылық біліктіліктерін талдап, студенттерде ұйымдастырушылық-басқарушылық және коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырудың құрылымын жасап, моделін ұсынған [72].

С.К. Мустафин өз зерттеуінде жоғары дәрежелі ауыр атлеттердің дене даярлығын басқарудың теориялық және әдістемелік негіздерін анықтай келе, дене дамуының, күш көрсеткіштерінің, икемділік көрсеткіштерінің өзара байланысы спорттық нәтижеге жетудің жолы деп есептейді [73].

Л.А. Асмолова қазіргі информациялық технологиялар арқылы студенттердің дене тәрбиесін басқаруға теориялық негіздеріне талдау жасап, студенттердің дене тәрбиесі процесіндегі танымдық іс-әрекетін басқаруды ашып көрсеткен [74].

М.Н. Шепетюк жоғары дәрежелі дзюдошылардың жаттығу процесіне жасалатын кешенді бақылауды басқаруға ерекше көңіл аударған. Ғалым кешенді бақылау әдістерін түрлендіре отырып, дзюдошылардың жаттығу үрдісін жоспарлау мен түзету жұмыстарының әдістемесін ұсынған [75].

С.В. Кудашов спорттық жетілу кезеңіндегі волейболшылардың даярлығын басқаруды жетілдіруге көңіл бөлген және өз зерттеуін «ҚР дене шынықтыру және спортты дамытудың 2001-2005 ж. Мемлекеттік бағдарламасымен» байланыстыра көрсеткен [76].

Ж.А. Юмашева «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім сапасын басқаруды жүзеге асыру жүйесін қарастырып, СМКОО технологиясын пайдаланудың концепциясын жасаған және СМКОО технологиясын оқу процесіне енгізу әдістемесін дайындады [77].

Ж.М. Андасова таэквондомен шұғылданушылардың, жоғары дәрежелі спортшылардың спорттық даярлығын басқарудың технологиясын жасап, моделін ұсынған [78].

И.П. Сивохин өз зерттеу жұмысында жаттықтыру іс-әрекетіне кешенді бақылау негізінде жоғары дәрежелі ауыр атлеттердің даярлығын басқаруды айқындап, жаттықтыру процесінің бағдарламасын ауыр атлеттердің жас ерекшеліктеріне сай жасаған және Қазақстан ұлттық құрамасының ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттарын жасаған [79].

А.С. Жуманова өз зерттеу жұмысын көркем гимнастикамен айналысушы жас спортшылардың оқу-жаттықтыру процесін басқаруға барысындағы техникалық даярлықтарын, көркем гимнастикаға дайындық кезіндегі психологиялық аспектілерді, көркем гимнастикадағы жарыс қызметтерінің ерекшеліктерін айқын көрсете білген [80].

Е.С. Ибраимов боксшылардың жарыс алдындағы даярлықтарын басқаруды зерттеу барысында боксшылардың жаттығуын жетілдіруді және оны жоспарлауды анықтап, жарыс алдындағы дайындықтың эксперименталдық бағдарламасын жасаған, оның тиімділігін тәжірибеде зерттеп, дәлелдеген [81].

Б.О. Джанбырбаев жоғары дәрежелі дзюдошылардың оқу-жаттықтыру процесін басқаруды дайындықтың әр кезеңінде жүзеге асыруды мақсат етіп, олардың психикалық күйін, техникалық даярлықтарының және жеке даярлықтарының тиімділігін көрсете алған [82].

Б.Н. Болдырев спорттық жарыстардағы шығыс жекпе-жегіндегі ақпаратты -коммуникативтік менеджменттің тәрбиелік тиімділігін, оның өзіндік ерекшелігін, құрылымын анықтап, ғылыми, әдістемелік, нормативтік және кадрлық жағынан қамтамасыз етуді көрсеткен, спорт журналистеріне, кәсіби жаттықтырушыларға, төрешілер мен инструкторларға арнап концепциялар ұсынған [83].

Е.С. Никитинский ҚР туристік іс-әрекеттің басқаруын негізге ала отырып, оның теориясы мен әдістемесін нақтылаған, туризмді дамытудың және оны жүргізудің жолдарын нақтылай алған. Қазіргі кездегі туристік кадрларды дайындаудың ғылыми негіздерін, заманауи күйі мен мәселелерін анықтаған [84].

В.Н. Авсиевич пауэрлифтингпен шұғылданушы жастардың жаттықтыру процесін басқару барысында жас спортшылардың үш түрлі жас кезеңдеріндегі динамикасын, дәрігерлік-педагогикалық тестісін және жарақаттану деңгейінің көрсеткіштерін анықтап, күш қабілеттерін дамыту әдістемесін жасаған [85].

Г.В. Тен докторлық диссертациялық зерттеуінде жоғары дәрежелі дзюдошылардың техникалық-тактикалық жетілдіру мәселелері бойынша ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасаған, спортшылардың тұлғалық қасиеттерін ескере отырып, кешенді тапсырмаларды ойластырып, тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеген [86].

О.Ю. Комаров зіл тас (гир) спорты бойынша жоғары дәрежелі спортшылардың дене даярлығын басқарудағы спортшылардың шектілік күш дәрежесін анықтап, олардың бағалау статистикасын жасаған, әдістемесін ұсынған [87].

В.Т. Чуйконың жетекшілігімен білім беру мекемелері жағдайында дене шынықтыру процесін ұйымдастыру және қалыптастыру әдістемесін құрастыруға талпыныстар жасалған [88]. Бұл жоба бойынша қозғалыс ойындары ұйымдастырылған жарыс іс-әрекетінің бір түрі ретінде оқу-тәрбие процесінің маңызды элементі болып табылады деген қорытынды жасайды.

Ғалымдар Ж.Л. Садықова [89], А.И. Абдулхасанов [90] өз еңбектерінде дене шынықтыру және спорт саласын басқаруға байланысты тұжырымдар жасап, білім беру мекемелерінде дене шынықтыруды ұйымдастыру мен қалыптастыру әдістемесін, оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасын, мектеп оқушыларының дене дамуы мен дене даярлығына әртүрлі спорт сабақтарының әсерін қарастырған.

Е.А. Абылкасымова [91], А.С. Сисенбаева студенттер мен оқушылардың салауатты өмір салтына құндылық қатынасын ашып көрсетіп, олардың салауатты өмір салты туралы білімдерін қалыптастыру туралы ой қозғады [92].

Ал, ресейлік зерттеуші С.И. Филимонова «Физическая культура и спорт – пространство, формирующее самореализацию личности» атты кітабында спорттың ерекшелігі туралы мәселені қозғай отырып: «Адамның спорттағы жағдайының бірегейлігі – бұл әлеуметтік қызметтің жалғыз ресми саласы, ол ең алдымен жеке тұлғамен жарысқа түсуді талап етеді, оның ережелері алдын-ала келісілген және ол осы жарыста жеңіске жетуге тырысады» деп тұжырым жасайды. Әрине, ол атап өткендей, тұлғааралық жарыстар басқа әлеуметтік салаларда – жұмыста, өнерде, ғылымда, саясатта және т.б. болады, алайда, жоғарыда аталған іс-әрекеттерден жарысты алып тастау олардың болмысын жоймайды, өйткені бұл олардың нақты негізі емес. «Өзінің негізгі құрамдас элементі – жарыстарсыз спорттық іс-әрекет өзінің мағынасы мен ерекшелігін толығымен жоғалтады» деп спорттық жарыстарға ерекше мән береді [93].

Спорттық жарыстардың негізі – ежелгі олимпиадалық ойындар. Жарыс өткізу гректің Пелопс есімді жас жігіттің патша қызына қол жеткізуге талпынуынан басталды. Күйеу баланы таңдау үшін ең алғаш рет арбамен жарысу түріндегі сайыстың тұсауы кесілді. Жеңіске жеткен Пелопс жеңіс құрметіне арнап олимпиада өткізуді ұйғарады.

Грекиядағы Олимпиадалар бастала салысымен-ақ спортшылардың және төрешілердің «аузын алу» қасиеті пайда болды. Бұған қатысы барларға айыппұл салынып, жиналған қаржыға Зевстің мүсіні тұрғызылды. Осы күнге дейін сақталып қалған мүсінде «Ақшамен емес, аяғыңның шапшаңдығымен және денеңнің мықтылығымен жеңе алатындығыңды көрсет» деп жазылған (Э. Кейс).

Олимпиаданың ержесінде «Ойындарға басы бос болып туылған, қолын «қанға боямаған», құдайдың қарғысына ұшырамаған кез келген грек қатыса алады» деп келтірілген еді. Осы негізде Олимпиадалық ойындардың барлық азаматтардың мерекесі болғандығы туралы және атлет тек қана өз атынан, эллин ретінде ғана емес, нақты бір аймақтың азаматы ретінде шыққандығын келесі бір фактіден көруге болады: жүргізуші сайыстан алдын әрбір ойыншының атын, елін атап, жанкүйерлер мен төрешілерге қарап «Олимпианың бақытты қонақтары, сіздер барлығыңыз осы атлеттің басы бос және лайықты азамат екендігімен келісесіздер ме?» деп сұрақ қоятын болған. Ойыншылардың қатарына ел азаматтығынан айырылып қалғандар, атап айтқанда: ант бұзғандар, адам өлтіргендер, салық төлемеушілер, ісі сотты болғандар енгізілмеді. Тек қана ел азаматы еместер ғана емес, эллин еместер – тек қана құлдар емес, «тонаушылар» да енгізілмеді [94].

Ежелгі Грекияда Олимпиадалық ойындар өткізілуі кезінде барлық соғыс атаулы тоқтатылды. Жаңа дәуірге дейінгі алғашқы мыңжылдықтың басында гректер спортты соғысқа қарсы қою амалын құрды.

Бертін келе, спорттық жарыстардың ауқымы да кеңейе түсті. Соның бірі – спорттың, жарыс процестерінің және төрешіліктің заманауи қоғам мәдениетінің қарқынды дамуының маңызды және шешімді себептерінің бірі дене тәрбиесін мектепте білім беру бағдарламасына енгізу болды. Бұл құбылыстың негізін қалаушы – колледж ректоры Т. Арнольд еді. Оның мектепте жүргізілген тәрбиесі реформасындағы басты үлесі – жасы үлкендер мен күшті жасөспірімдердің әлсіздер мен жасы кішілерді ренжітіп, үркітіп-қорқытпай, керісінше олардың қорғаушысы, жөн айтар жанашырлары болуында жатыр.

Сайысты жарыстар – спорттық қызметтердің басты ұйымдастырушылық түрі, спорттың мәні. Түрлі жарыстар адамның тұрмыс-тіршілігіне ертеден-ақ бекем еніп алды: бұл жарыса жүгіру, доппен ойындар, қазіргі уақытта жер беті тұрғындарының бұқаралық ақпарат құралдарын қолдана отырып назарын аударып, қызығушылығын белсендіріп отырған жекпе-жек және Олимпиадалық ойындар.

Біздің ойымызша спорттық жарыстар адамдар арасында ежелден-ақ қызығушылық танытып, ел сүйіспеншілігіне айналып, ел ішінде кеңінен

тараған, сөйтіп, халық жұдырықтасудан батырлық танытып, ептілігін көрсеткен, батылдығымен көзге түскен азаматтарына құрметпен қараған.

Біздің осы ойымызды 3-кестеде берілген ғалымдардың анықтамалары дәлелдейді. Берілген анықтамаларда спорттық жарыс тұлғаның кіріктірілген қасиеті, намысы, жеке сапасы, мінездемесі тұрғысынан айқындалған.

Кесте 3 - Ғалымдардың «спорттық жарыс» ұғымына берген анықтамалары

Автор	Анықтама
Н.И. Визитей	Кез келген спорт түрінің және бүтіндей спорттың әлеуметтік сала ретіндегі мәнін «таза» түрде өткізілетін сайыс ретіндегі жарыстық қызмет құрайды.
С.В. Брянкин	Спорттық жарыс өзінің қызықтырушылық қасиетімен, жеңімпаздарды анықтап, оларды спорттық жарысқа тартуымен қызықты.
В.И. Жолдақ	Спорттық жарыс жүйесін жоспарлаумен, реттеумен және қадағалаумен басқару басты қызмет болып табылады.
В.С. Келлер	Спорттық жарыс жүйесі - моральдық ережелер және әлеуметтік ортаның сипаттамаларымен байланысын көрсететін адами қатынастардың өзіндік моделі.
В.Г. Никитушкин	Спорттық жарыс – бұл кез-келген тірі затқа тән бәсекеге қабілетті қызметтің ең жоғары түрі.
Л.П. Матвеев	Спорттық бәсекелестік – жеке тұлғаның дене бітімінің жетілуіне қол жеткізу құралы және көрініс формасы.

Спорттық жарыстардың бірқатар өзіне тән қасиеттері болады:

– сайыстардың бәсекелестік деңгейінің ретті артуы мен спортшылардың жетістігіне қойылатын талаптардың құрылу жүйесі;

– спортшылар әрекеті құрамын, олардың орындалу шарттарын және жетістіктерді бағалау тәсілдерін (жарыс ережелерін) бірлестіру;

– спортшылардың іс-әрекеттерін антогонистік емес бәсекелестік қағидаларына сай шектеу.

Жалпы алғанда, жарыстық қызмет бәсекелестіктің бір түрі болып табылады және максималды жетістікке қол жеткізуіне қарай спорттық қызмет субъектілерінің (спортшылардың) мақсатты белсенділігі ретінде анықталуы мүмкін.

С.В.Брянкиннің пайымдауынша спорттық жарыстардың қызмет түрлері:

- орындардың сатылы мәнін анықтау, спортшылармен, командалармен жұмыс жүргізу; жеңімпаздарды айқындау;

- рекордтарды тіркеп отыру, коммуникативтілік, экономикалық, реактивтілік, дәрежелілік, әлеуметтендіру қызметтері және т.б. айқындаудан тұрады [95].

Өңірлік спорттық ойындарға, ең алдымен, әлемнің кез келген аймағында өткізілетін кешенді спорттық жарыстар кіреді. Оларға географиялық белгілері бойынша біріккен елдер қатысады және жекелеген аймақтардағы Олимпиада ойындарының кішірейтілген көшірмесін білдіреді. Сонымен қатар, тілдік, дүниетанымдық немесе діни сияқты басқа белгілермен жасалған ойындар да

бар. Алайда ұйымдастырушылардың қатысушы елдер арасындағы саяси және экономикалық байланыстарды тереңдетуге деген ұмтылысы басты фактор болып қала береді. Бір қызығы, бұл ойындар, әдетте, Халықаралық Олимпиада комитетінің қамқорлығы арқылы оның қағидалары мен ережелеріне сәйкес өтеді және әлемнің осы аймақтарында спортты дамытуға қызмет етеді. Жарыстар, сондай-ақ Олимпиада ойындары салтанатты ашылу және жабылу рәсімдерімен, қорытындылаумен сипатталады, ал жарыс бағдарламасына олимпиадалық спорт түрлері де, Олимпиада ойындарының бағдарламасына кірмейтін, бірақ қатысушы елдерде танымал ойындар да кіреді.

Өңірлік спорттық жарыс жүйесін жоспарлаумен, реттеумен және қадағалаумен қатар, басқару басты қызмет болып табылады, мәні бойынша басқару қызметінің субъектілері мен объектілерін, оларға сәйкес функционалды құқықтар мен міндеттер бере отырып, анықтау болып табылады [96].

Өңірлік спорттық жарыс қызметін басқаруға қатысты спорттық іс-шараларды ұйымдастыру төменде көрсетілген қызметтерден құралады:

- жарыстарға даярлау мен өткізу бойынша басқару органдарының негізгі қызметтері;

- жарыстарға дайындау мен өткізу бойынша ұйымдастыру комитеттерін құру;

- түрлі деңгейлі әкімшілік органдары қызметінің мазмұнын анықтау [97].

Жарыстар жүйесін салалық басқару органдарының негізгі қызметтері

Жарыстар жүйесін салалық басқару органдарының негізгі қызметтері кез келген деңгейлі және ауқымды ұйымдар мен өндірістерде жүзеге асырылады. Бұл жерде қызметтің нақты мақсатты бағыттылығы мен мазмұны жергілікті жағдайларға, қызмет жайына және берілген ұйымның немесе өндірістің ауқымына қарай біршама өзгеріп отырады. Спорттық жарыстарды басқару бойынша атқарылатын қызмет түрлері:

- *дене шынықтыру мен спорт саласындағы әкімшілік басқару.* Дене шынықтыру және спорт саласында өз деңгейінде мемлекеттік саясат құру. Саланы басқарудың аймақтық органдардың субъектілерін басқаруға жататын жарыстарды өткізу мәселелері бойынша аймақ заңдары мен басқа да нормативті-құқылы актілердің жобасын дайындау. Сәйкес органдармен бірлесе нормативті-құқылы негізді және дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың, сондай-ақ, басқару органының заңды деңгейінде қарастырылатын басқа ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқылы негіздері мен құжаттарын дайындауға қатысу. Дене шынықтыру-спорттық қозғалыстардың, дене тәрбиесі мен жарыс қызметтері жүйесінің дамуы мен қызмет етуінің құқылы негіздері мен әкімшілік реттелуін сақтау. Ведомстволық нормативті және таратылымды актілерді дайындау;

- *басқаруды ұйымдастыру.* Жарыс жүйесінде арнайы басқару қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету бойынша ведомстволық ережелер мен ұсыныстарды жасап, бекітіп, іс-жүзіне енгізу.

- *бірегей стандартты қызмет құжаттарын* – есеп беру үлгісін, бірегей спорттық жіктеменің, спорттық жарыс хаттамаларының және т.б. шарттары мен

ережелері туралы құжаттамалы ақпаратты жан-жақты қолдану. Тұрғындарды дене шынықтыру және спорт құралдарымен, тікелей спорттық іс-шаралар арқылы сауықтыру бойынша аймақтық бағдарламаны жасау;

- дене шынықтыру мен спорттың, спорттық жарыстардың дамуын *болжау мен жоспарлау*, дене шынықтыру-спорттық қозғалыстың, дене тәрбиесі жүйесінің дамуы мен қызмет етуінің қағидалары мен болашақ бағдарламаларын жасау. Халықтың салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру;

- *мамандарды кәсіби деңгейде даярлау*. Түрлі деңгейлі мамандарды кәсіби дайындаудың оқу орындарын (инструктор, бакалавр, маман, магистр және т.б.) бекіту және оқу орындары мен қосымша білім беру ұйымдарын қаржылық қамтамасыз ету. Оқыту, тәрбиелеу, іріктеу, орналастыру, дәрежесін арттыру, кәсіби қызметін атқаруды қадағалау. Дене шынықтыру-спорт саласы мамандарын аттестациядан өткізу. Ведомстволы оқу ұйымдарын аттестациядан және аккредитациядан өткізуге қатысу.

- оқу орындарын білім беру стандарттарының федералдық құрылымдарымен *бағдарламалы-әдістемелік* қамтамасыз ету; тұрғындарды денелік тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесіне немесе қоғамдық өзіндік спорттық қозғалысына дәрежелі деңгейде негіздеме беру. Жарыс қызметтері бойынша негізгі бағдарламалы құжаттарды орындау технологиясын нақтылайтын бірегей оқу жоспарларын, бағдарламаларын, нормативті орындаушылық қызметті, арнайы және жекелей әдістемелік ұсыныстарды жасауды қамтамасыз ету.

Типтік бағдарламалы-әдістемелік құжаттарды жасап, енгізу жарыстарды өткізудегі талаптарды жүзеге асыруды және нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

- *ғылыми-зерттеу жұмыстары*. Салалы ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау, бағдарлау және ұйымдастыру;

- *дене шынықтыру мен спортты насихаттау*. Дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын насихаттаудың келешекті кешенді бағдарламаларын басқа да қызығушылық танытушы ұйымдармен жасау, дене шынықтыруды және спортт бұқаралық ақпарат құралдарының және коммуникацияның барлық құралдарын қолдана отырып үгіт жұмысын жүргізу;

- спорттық іс-шараларды өткізуге арналған *материалдық-техникалық базаны дамыту*. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған сұраныстарды айқындау және тапсырыстарды қалыптастыру. Сұраныстардың қамтамасыз етілуін қадағалау. Дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасы дамуы саласындағы нарықтық қарым-қатынасты жетілдіру;

- дене жаттығуларымен, спортпен шұғылданушыларды және жарыстарға қатысушыларды *медициналық-биологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру*. Денсаулық сақтау ұйымдары алдына нақты талаптар мен міндеттер қою. Спортпен шұғылданушыларға сәйкес ұйымдармен бірлесе диспансерлік қызмет көрсету жағдайларын жасау. Спортпен шұғылданушылардың міндетті медициналық тексерістен өкізілуін, дәрігерлік бақылау жүргізілуін қадағалау. Допинг-бақылау іс-шараларын жүргізуге қатысу;

- *басқару әрқашан адамдардың санасы мен қызметіне байланысты.* Басқару – бір адам ғана емес, бірнеше адамдардың арасындағы сана мен қызмет арасындағы делдал. Басқару қандай да бір ортақ істі жүргізу немесе өзекті мақсатқа жету үшін адамдардың ұжымдық күш-жігері қажет болған кезде де пайда болады. Сондықтан басқару өз табиғатына сай өмір сүруге қажетті аса маңызды отбасы, өндіріс, меншік, мемлекет, құқық, мораль, дін және басқа да институттар сияқты, адамдардың өмір сүруін қамтамасыз ету және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылған қоғамдық институт болып табылады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқаруға мамандар В.И. Жолдак пен С.Г. Сейрановтар «басқару - бұл әлеуметтік өзгеріске билік жүргізу арқылы өндірістік объектінің тиімді өнімділігін арттыру үшін, оның жұмыс істеуін оңтайландыруға және сақтауға бағытталған басқарушы субъектінің жүйелі, мақсатты қызметі» деп анықтама береді [98].

Қоғамда басқаруды субъективті фактор шегінде адамдардың өзара іс-әрекеті жүзеге асырады. Басқару арқылы, ең алдымен, адамдар өзара байланысты, бірлескен күш-жігермен ұжымдық және қоғамдық өмірдің «матасын» қалыптастырады. Адамдар арасында басқаруды туындататын нәрселер материалдық заттар, техникалық құралдар, технологиялық процестер, әлеуметтік құндылықтар, рухани шығармашылық өнімдері, дене шынықтыру мен спорттың материалдық немесе рухани құндылықтары, оның ішінде көрнекті спорттық жетістіктер, ғылыми жаңалықтар және т. б. болуы мүмкін, бірақ басқарудағы тараптар тек адамдар болады [59, с. 35].

«Басқару» ұғымының анықтамасынан біреудің екінші біреуге әсерін, яғни оның басқару субъектісі ретінде әрекет ететінін және біреудің ол әсерді қабылдайтынын, оларға бағынатынын және бұның басқару нысаны болып табылатынын анықтауға болады. Басқару субъектісі әрдайым дене, туыстық, материалдық, зияткерлік, заңдық, әлеуметтік, ақпараттық және т.б. басқалардан артықшылығы бар адамдар мен олардың құрылымдары болатын билік иесі болады. Басқару ғысандары – бұл өмір сүрудің әлеуметтік жағдайларын жақсарту мен материалдық және рухани өнімдерді өндіруші адамдардың, олардың ұжымдарының, бірлестіктерінің, қауымдастықтардың және т. б. қызметі (белсенділігі).

Басқаша айтқанда, басқарылатын нысандардың шығуында (жұмыс істеуінің объективті нәтижесінде) жеке және қоғамды қажеттіліктерді қанағаттандыратын (немесе оған қабілетті), сондай-ақ адамның өмір сүру инфрақұрылымын қолдайтын тұтынушылық құндылықтар құрылады. Басқару субъектілері мен объектілері өзара байланысты, өзара тәуелді. Басқару түрлері басқару субъектілері бойынша жіктеледі, өйткені олар басқару әсерін қалыптастырады және іске асырады – қоғамдық процестер мен қарым-қатынастарды, сананы, мінез-құлқын және адамдардың қызметін мақсатты болжайды, ұйымдастырады және реттейді. Басқару мәселелері бойынша арнайы басылымдар кейбір белгілер бойынша басқаруды топтар мен түрлерге бөледі. Басқарудың алты негізгі түрін атап көрсетуге болады [99].

«Дене шынықтыру және спорт саласын басқарудағы өзара іс – қимыл» санатын қалыптастырмас бұрын, «ұйымдастырушылық-педагогикалықөзара іс-қимылдың» жалпы санатын талдап көрейік. Ю.А. Конаржевский педагогикалық жүйелерді басқарудың негізгі педагогикалық қағидаларының арасында басқарудағы жүйелілік пен тұтастық қағидасы басшы мен педагогикалық ұжым қызметіндегі барлық басқару қызметінің өзара әрекеттестігінсіз мүмкін еместігін айтады [100].

И.И. Переверзин дене шынықтыру мен спортты дамытуды басқарудағы жүйелілік қағидаты дене шынықтыру-спорт ұйымын бір қатардан тұратын және сыртқы ортамен өзара әрекеттесетін тұтас әлеуметтік жүйе ретінде қарастыру қажеттілігін анықтайды. Бұл принцип әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің қаржылық және материалдық-техникалық мәселелерімен тығыз байланысын болжайды [101].

- *сыртқы және ішкі байланыстар.* Сыртқы ұйымдарда, соның ішінде халықаралық спорт бірлестіктерінде өкілеттік орнату. Спортшының халықаралық жарыстарға, сондай-ақ, мамандардың халықаралық конгрестерге, семинарларға қатысуын ұйымдастыру. Шетелдік серіктестермен коммерциялық қарым-қатынас орнатуды реттеу.

Қазіргі уақытта барлық спорттық жарыстар уақыты халықаралық ережелермен шектеледі.

Оларды спорт түрлері бойынша ұлттық федерациялар, жергілікті спорттық ұйымдар, спортшылар және басқа адамдар ұстанады. Бұл қасиет төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталады:

- бапкерлердің дәрежесін арттыру;
- құрама командаларды дайындауды материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету талаптарын жасау;
- спорттың барлық түрлерін Олимпиадалық ойындар бағдарламасы бойынша қатар дамыту [102].

Дене шынықтыру және спортты басқарудың аймақтық органдарының жарыстар өткізудегі басты міндеті – халықты дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға баулудың орындалуын қамтамасыз ете отырып, түрлі кезеңдерде жарыс өткізуді ұйымдастыру.

Жарыстарды түрлі кезеңдерде ұйымдастыру басқарудың үш деңгейінің өзара әрекетін қарастырады. Олар: республикалық, өлкелік, облыстық және аймақтық; қалалық және аудандық; дене шынықтыру ұжымы. Осы үш деңгейдің әрқайсысы дене шынықтыру ұжымдарындағы бұқаралық бастаудан қалалық және аудандық және одан жоғары деңгейлерде өткізілетін іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің сәйкес міндеттерін шешуге қатысты өзінің орындаушы органдарының бөлімдері, ұйымдары және қызметтері болады.

Жарыс қызметі спорттық іс-әрекеттің бөлігі ретінде жарыс деңгейінің дәйекті өсуімен және сапа жетістіктеріне қойылатын талаптарға сай жарыстар құруымен сипатталады.

Көріп отырғанымыздай, осы әрбір деңгейдің арнайы қызметтерді орындауда өзіндік маңызы бар және олардың өзара әрекеті бір жыл бойы жүзеге асырылады. Сонымен бірге, ұйымдастыру мәселелерін шешуде оны басқару деңгейлері ескеріле отырып, нақты бір реттілік болады. Берілген процесс аймақтық деңгейге сәйкес, сондай-ақ, олар атқарушы ұйымдарды анықтайтын және сонысымен де заңды қызметтерді атқарып, арнайы спорттық базаны құруға және басқа бағыттар бойынша жарыстарды өткізуге қажетті қаржы бөлетін ұйымдарды анықтайтын дене шынықтыру мен спортты басқарудың аймақтық органдардың шешімдерін қабылдамай мүмкін болмайды.

Бүгінгі күні дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен мемлекеттік және жергілікті билік деңгейлерінің Қазақстандағы спорт пен бұқаралық дене шынықтыруды дамыту бойынша басқару процесі өзара іс-қимылы бұрын-соңды болмаған өрлеулерді қабылдады және өзінің құрылымы мен мазмұнын үнемі кеңейту үстінде.

Жоғарыда айтылғандарды саралай келе, дене шынықтыру және спорт саласын басқару – бұл әрбір атқарылатын жұмыс бойынша қойылған мақсаттарға жету қабілеті, ол еңбек, интеллект және қол астындағы адамдардың мінез-құлқы, жұмыс атқаруының себептері. Басқару жүйесі – бұл жоғарыда келтірілген басқарудың қағидалары, қызметтері, әдіс-тәсілдері, ақпараттық жағынан қамтамасыз ету технологиялары, техникалық тұрғыдан жабдықтау, сонымен қатар құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады.

Сондықтан спорт жарыстарын талқылау барысында осы мәселенің қарастырылуы тиіс деген пікірімізбен қорытынды жасап, жұмысымыздың келесі тараулары мен бөлімдерінде оның теориялық астарлары мен практикалық шешілу жолдарын сипаттайтын боламыз.

1.2 Спорт жарыстарының пәні, мазмұны мен қызметінің ерекшеліктері

Спорт – адам өміріндегі көп қырлы құбылыс. Ежелгі уақытта пайда болған спорт адамзат қоғамымен бірге дамып, оның қажеттіліктеріне, қоғамның техникалық дамуы мен мәдениетіне жауап берді. Қазіргі уақытта спорт күрделі әлеуметтік құбылыс болып саналады. Адам дамуының өнімі және нақты әлеуметтік жағдайларға байланысты әртүрлі белгілерді ала отырып, әлеуметтік мәдениеттің элементтеріне жатады.

Спорт дене шынықтырудың органикалық бөлігі және қоғамда алдын ала анықталған қимыл-қозғалыс әрекеттерінде жарыс арқылы қабілеттілікті одан әрі барынша айқын көрсету үшін, қарқынды мамандандырылған дайындыққа бағытталған, адамдардың ойын дене іс-әрекеті үшін құрылатын немесе пайдаланылатын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы болып табылады.

Демек, спорт – тәрбие, даярлық және коммуникативтік қызметтерді іске асыра отырып, қоғам мүддесіне қызмет ететін, бірақ адамның тұрақты мамандығы (кәсібі) болып табылмайтын қызмет.

Әлемдік спорттағы спорттық жарыстар жылжымалы, динамикалық жүйені білдіреді.

Белгілі бір спорт түрі бойынша спорттық жарыстар жүйесі спорт түрін дамыту барысында қалыптасады және оның ерекшелігімен анықталады. Спорттың бір түрі бойынша спорттық жарыстар құрылымындағы ең жалпы заңдылық иерархияда жатыр, жарыстардың көпшілігі клуб, аудан, қала, облыс, аймақ, республика, әлемдік жүйе сияқты қағидат бойынша өткізіледі. Соңғы кезде изоморфизмге ұмтылу үрдісі пайда болды [103]. Бұл жарыстың жаңа формаларының пайда болуына байланысты бірқатар спорт түрлері бойынша жарыстар күнтізбесінің кеңеюінен көрінеді.

Тұрақтылық пен өзгергіштік спорттық жарыстар жүйесіне тән қасиет болып табылады. Тұрақтылық жаттығу процесін және спортшылардың жарысқа дейінгі даярлығын мақсатты және нәтижелі құруға мүмкіндік береді. Өзгергіштік, яғни жарыс жүйесін өзгерту – бұл спорттық жарыстар жүйесін жақсарту тәсілі. Дегенмен, өзгергіштік мотивациялануы керек. Бәсекелестік жаттығулар бағдарламасын қалыптастыру мәселесі спорттық жарыстар жүйесінің өзгергіштігімен байланысты. Бұл процесс іс жүзінде үздіксіз жүргізіледі.

Жарыс қызметінің мазмұны

Жарыстық қызмет өзіне тән ережелерге, қимыл әрекеттерінің мазмұнына, жарыстық күрес тәсілдеріне және нәтижелерді бағалауға сәйкес әртүрлі спорт түрлеріндегі спортшылардың мүмкіндіктерін көрсетуді және бағалауды көздейді.

Жарыс өткізілуінің белсенділігі спортшының денесіне үлкен әсер етеді, бұл оның экстремалды қозғалтқыш режимімен, эмоционалды күйзелісімен және стресстік әсерімен байланысты. Жарыс әрекеттің құрылымын зерттей отырып, зерттеушілер оның сатылық сипатын атап өтеді.

Спорттық жарыстар жүйесі әлеуметтік-экономикалық ортамен тығыз экономикалық, ақпараттық байланыса отырып, белгілі бір ұйымдастырушылық көрсеткіштерге ие болады. Спорттық жарыстар жүйесінде ұйымдастырылу дәрежесінің көрсеткіші ретінде спорттық-техникалық нәтижелердің жалпыланған деңгейі қабылданады.

Спорттық жарыстар жүйесін басқаруда оларды өткізу ережелері мен шарттары белгілі бір рөл атқарады. Жарыс жүйесін басқару мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) жарыстарды өткізу шарттарының – жаттығулар бағдарламаларының, қатысушылар құрамының, сынақ жүйесінің, спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының және басқа элементтердің өзгеруі;

2) жарыс ережелері мен белгіленген нормаларды өзгерту;

3) спорттық жарыстар жүйесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің өзгеруі;

4) спорттық жарыстар жүйесінің ішкі байланыстарындағы өзгеріс.

Спорттық жарыстар жүйесін басқару процесінде мыналар орын алады:

а) спорттың әлеуметтік институтындағы өзгерістер;

б) спорттық нәтижелердің деңгейі және олардың өзгеру сипаты спорттық ұйымдардың қызметіне тиісті түзетулер енгізу қажеттілігіне алып келеді [104].

Жарыстарда көрсетілген спорттық жетістіктер ұлттың спорт саласындағы беделін көрсетеді. Спортты ұлттық беделдің маңызды факторларының бірі ретінде дамытуға болады. Даулы қозғалыста даулы жарыстың клуб чемпионатынан әлемдік біріншілікке дейінгі барлық деңгейлері беделді деп саналады.

Спорттық жарыстар жүйесінде міндетті спорт түрлерін және таңдау бойынша спорт түрлерін қоса алғанда, бірнеше спорт түрлері бойынша өткізілетін кешенді жарыстарға (спартакиадаларға) маңызды орын беріледі. Спорттық жарыстардың мұндай жүйесі кең таралған, тартымды және спорттық ұйымдар үшін өте қол жетімді [105].

Спорттық жарыс – бұл спортшылардың жетістіктерін салыстыру және спорт түрлері бойынша спорттық жарыстардың ережелеріне және спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы бекіткен осы жарыстар туралы ережеге сәйкес жеңімпаздарды анықтау мақсатында спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы өткізетін іс-шара, бұл дене шынықтыру және спорт саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген талаптарға сәйкес келеді.

«Спорттық жарыс» ұғымы спорт теориясында негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдаманы түсіндіру қызметтің жалпы теориясына, оның түрлері мен құрылымына негізделген, ол өз кезегінде екі жақты қарастырылады.

Жарыс – бұл кез келген тірі затқа тән бәсекеге қабілетті қызметтің ең жоғары түрі. Байқаудың мәні адамның әлеуметтік және биологиялық табиғатында жатыр. Өткізілетін жарыстарды қоғамда нақты өмір сүретін, жарыстың моральдық ережелері және әлеуметтік ортаның басқа да сипаттамаларымен байланысын көрсететін адами қатынастардың өзіндік моделі ретінде қарастырады [106].

Жарыс қызметін белгілі бір қарсылық жағдайында және осы қызметтің белгіленген ережелеріне сәйкес, қарсыласты жеңуге қол жеткізуге бағытталған бәсекелестік әрекеттер арқылы бағытталған сана-сезіммен бақыланатын спортшының психологиялық және дене белсенділігі ретінде қарастыруға болады.

«Жарыс қызметі» спортшылардың, жаттықтырушылардың және мамандардың жаттығу процесін және ресми жарыстардың жағдайына әсер ететін басқа да факторларды неғұрлым толық іске асыру жөніндегі бірлескен қызметі деп айтылады. Бұл қызметтегі басты кейіпкер әрқашан жарыс арасындағы күрес кезінде эмоционалды тәжірибені бастан кешіретін спортшы болады және бұл оның спорттық мансабындағы ең жақсы нәтижені көрсетуге ынталандырады [107].

«Спорттық жарыс қызметі» спортшылардың, жаттықтырушылардың және мамандардың жаттығу процесін және ресми жарыстардың жағдайына әсер ететін басқа да факторларды неғұрлым толық іске асыру жөніндегі бірлескен қызметі деп айтылады. Бұл қызметтегі басты кейіпкер әрқашан жарыс

арасындағы күрес кезінде эмоционалды тәжірибені бастан кешіретін спортшы болады және бұл оның спорттық мансабындағы ең жақсы нәтижені көрсетуге ынталандырады.

Сонымен спорттық жарыс қызметі дегеніміз – адамның дене бітімі деңгейіндегі, сана-сезімнің кейбір аспектілерін дамытудағы, спорттық дайындық деңгейінің артықшылықтарын анықтау мақсатында ұйымдастырылған адамдардың ойын түріндегі бәсекесі. Спорттық жарыс барысында спортшының дене дайындығы дәрежесі мен қозғалыс икемділігінің басымдылығы айқындалады, жарыс белгіленген ереже шеңберінде жүзеге асырылады.

Жарыс қызметі адамның мүмкіндіктерін білудің және этикалық қатынастарды қалыптастырудың маңызды факторы, сондай-ақ адамдар немесе адамдар топтары арасындағы қарым-қатынас нысаны болып табылады.

Жарыс қызметі – спортшыны даярлаудың мақсаты, құралы және әдісі. Бұл спортшының белгілі бір қабілеттерін объективті салыстыруға және олардың максималды көріністерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қызметі жүзеге асырылатын арнайы сала.

Жарыс қызметі спорттың маңызды ерекшелігін құрайды. Жарыс қызметінің мазмұны және жоғары спорттық нәтижеге әкелетін факторлар спортшылардың дайындығын жоспарлау кезінде негізгі нұсқаулық болып табылады.

Спорттық жарыстардың мақсаты – мықты спортшылар мен командаларды анықтау, жалпы спорт шеберлігін жетілдіру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау, спорт ұйымдарының, жаттықтырушылардың, спортшылардың, төрешілердің қызметін объективті бағалау.

Жарыс қызметінің құрамына мыналар кіреді:

1. Жарыс әрекеттері (мысалы, жеңіл атлетикада – қашықтыққа жүгіру, найза лақтыру және т.б.);

2. Жарыс кезіндегі спортшының кешенді мінез-құлық формалары (техникалық, физикалық, тактикалық, психикалық және т. б. дайындық түрлерінің көрінісі).

Жарыс қызметінің мәні – ең мықты спортшылар мен ұжымдарды құру және оларды бірінші орыннан екінші орынға дейін иерархиялық баспалдақтың сатыларына бөлу.

Спорттық жарыстар әлеуметтік өмірдің құбылысы ретінде кез-келген бәсекелестік қызметте (еңбек, оқу және т.б.) қолданылатын төмендегідей: жариялылық, нәтижелердің салыстырмалылығы және тәжірибені іс-жүзінде қайталау мүмкіндігі сияқты негізгі қағидаттарға бағынады:

1. Жариялылық жан-жақты ақпаратпен, көрермендердің қатысуымен қамтамасыз етіледі. Бұл бәсекелестердің мінез-құлқын қоғамдық бақылауға жағдай жасайды, тәжірибе алмасудың бір түрі болып табылады.

2. Нәтижелердің салыстырмалылығы жарыс ережелерінің әрекетімен, спорттық жетістіктерді тіркеудің объективті тәсілдерімен, барлық бәсекелестер үшін жағдайлардың теңдігімен қамтамасыз етіледі.

3. Жарыстарда тәжірибені қайталау мүмкіндігі олардың кезеңділігімен, дәстүрлілігімен, күнтізбенің тұрақтылығымен, жарыстарға іріктеу және рұқсат беру ережелерімен анықталады. Бұл қағида спорттық шеберліктің жоғары деңгейінде өсу мен тұрақтандыру үшін ғана емес, сонымен бірге барлық бәсекелестік белсенділікті арттыруында да маңызды болып есептеледі [108].

Спорттық жарыстар: ішкі және сыртқа болып бөлінетін қызметтің екі түрін жүзеге асырады.

Спорттық жарыстың ішкі қызметтері оның негізгі өнімі – нәтижесі бойынша анықталады. Осыған байланысты, басты сала ретінде сайысқа түсуші спортшылар-спортшылар мен командалардың сатылы орындарын анықтау басты сала болып табылады.

Спорттық жарыстың сыртқы қызметіне өнегелік-реттуші, гедонистикалық және коммуникативті қызметтер мен босаңсу, көңіл-көтеру қызметі жатады.

Ішкі қызметтердің жүзеге асырылуындағы ең өзекті мәселе жарысқа қатысушылардың коммуникативтілігі мен келесі бағыт бойынша кері байланыстың болуы: «спортшы-спортшы» және «спортшы-төреші», ал сыртқы қызметтердің жүзеге асырылуындағы: «спортшы-көрсермен», «көрсермен-көрсермен».

Жарыстар педагогикалық, спорттық, әдістемелік және қоғамдық-саяси мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Спорттық жарыстар кезінде дене тәрбиесі мен спорттағы сияқты педагогикалық міндеттер де шешіледі.

Жарыс – спортшының дене даярлығын арттырудың тиімді шараларының бірі. Спорттық жарыстардың ерік-жігерді қалыптастыру үшін маңызы зор. Жарыс қызметі спортшылардың әртүрлі спорт түрлеріндегі мүмкіндіктерін олардың өзіне тән ережелеріне, қимыл-қозғалыс әрекеттерінің мазмұнына, бәсекелі күрес әдістеріне және нәтижелерді бағалауға сәйкес көрсетуді және бағалауды қамтамасыз етеді.

Кейбір зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен спорттық қызметтің келесі түрлерін ажыратуға болады:

1) бұқаралық спорт немесе «баршаға арналған» спорт – ұйымдастырылған және (немесе) өз бетінше сабақтар өткізу, сондай-ақ дене шынықтыру іс-шаралары мен бұқаралық спорттық іс-шараларға қатысу арқылы азаматтардың дене тәрбиесі мен дене бітімін дамытуға бағытталған спорттың бір бөлігі;

«Сіз спортпен қаншалықты жиі айналысасыз және спорттық жарыстарды көруге жиі барасыз ба?» деген сұраққа жауап берушілердің жауабы 4-суретте көрсетілген.

Көріп отырғанымыздай, сауалнамаға қатысқан облыс тұрғындарының спортқа деген қызығушылығы негізінен бұқаралық медиальды болып келеді. Сонымен қатар, спорт әуесқойлары бұқаралық ақпарат құралдарының ішінен ақпарат көзі ретінде газетті емес, теледидарды немесе интернетті жиі көреді. Дегенмен спорттық газеттердің сараптамалық қасиеттері бұрынғы газет пен жаңа теледидардан едәуір жоғары болды.

Осыған қарағанда жарнаманың рөлінің ерекше екендігі айқын көрінді.

«Сіз қатысатын спорттық іс-шаралардың деңгейі қандай?» деген сұраққа жанкүйерлер арасында ең танымалы жергілікті және аймақтық жарыстар (47%), екінші орында – ұлттық жарыстар (31%), үшінші орында – халықаралық жарыстар (17%) деген жауап алынды (сурет 5).

Спорттық іс-шараларға қатысқан респонденттерге қойылған «Сіз қай спорт түріне жиі қатысасыз?» деген сұраққа бірінші орынды футбол (43%), екінші орынды хоккей (17%), үшінші орынды баскетбол (16%) деген жауаптар алды. Сонымен қатар, футбол мен хоккей матчтарына келушілер арасында ер адамдар екі жарым есе көп болады, ал баскетбол жанкүйерлері арасында ерлер мен әйелдер шамамен бірдей болып келеді.



Сурет 5 – Жанкүйерлердің спорттық іс-шараларды көру деңгейі

Мұндай іс-шараларға қатыспайтын респонденттерге «Неге спорттық жарыстарға қатыспайсыз?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің спорттық іс – шараларға қатыспауының басты себебі және ең танымал себебі – уақыттың болмауы (49%) деп жауап берді. 39% адам мұндай іс-шараларға баруды ұнатпайды. Респонденттердің 15% жарысты қызықсыз деп санайды. Билеттердің қымбаттығына тек 10%, ал ақпараттың жетіспеушілігіне – 13% адам сілтеме жасады. Егер біз Ақтөбе аймағындағы тұрғындардың дене шынықтыруға деген жалпы көзқарасын, олардың спортқа қатысу дәрежесін білуге тырыстық, оларды сараптай келе, зерттеу әдістерінің бірі – сауалнама жүргізу толықтыруға тырыстық.

Респонденттердің басым көпшілігі - 82% - дене шынықтыру адам үшін өмір бойы қажет деген тезиске теориялық тұрғыдан келіседі. Сауалнамаға қатысқандардың 81%-ы жақсы спорттық форма өмірде табысқа жетуге ықпал ететініне сенімді. Категориялық теріс жауаптар тек 5% құрайды. Дені сау және мықты және спорттық тұлғада көрінетін адам өмірдің жоғары нәтижелеріне қол жеткізе алады.

Сауалнама қатысқан ересектер мен жасөспірімдердің көпшілігі, оның ішінде ересектер дене шынықтырумен айналысуға тек таңертеңгілік жаттығулар жеткілікті деп санайды. Мұны респонденттердің 19% растайды. Ал дене шынықтырумен тұрақты түрде шұғылданатын адамдар 28,8% құраса, 21,5%-ы мүлдем шұғылданбайды. Жасөспірімдердің 17,5%-ы өз бетінше, спортпен айналысатын достарымен бірге шұғылданады; 15%-ы сауықтыру секцияларына (бассейн, аэробика және т. б.) барады; 14,6%-ы турпоходтарға, табиғатқа шығады; 6,9%-ы зауыт, кәсіпорын клубы жанындағы спорт

секцияларына қатысады; 6,2%-ы тұрғылықты жері бойынша секцияларға барады; 4,7%-ы мектеп секцияларында спортпен шұғылданады; 2,9% - Мәдениет үйі, Жастар шығармашылық сарайы жанындағы секцияларда айналысады.


Ақтөбе облысы тұрғындарының спортпен шұғылдануына не кедергі? Ең көп таралған жауап – 51,6% - уақыттың жетіспеушілігіне сілтеме. Бірақ іс жүзінде көптеген респонденттер телешоуларды үнемі қарап отырады. Осылайша, облыс халқының белсенді өмір салтына деген ұмтылысы мен құмарлығын бәріне қажет деп атауға болмайды. Шамасы, көпшілігі енжар бос уақытты ыңғайлы деп санайды. Екінші орында – дене шынықтырумен айналысуға деген ықыластың болмауы. Ол – 16,1% құрайды. Селқостық және уақытты ұтымды ұйымдастыра алмау – басты нақты себеп. Респонденттердің 12,6% үшін спорттық керек-жарақтардың, жарақтардың болмауы спортпен айналысуға кедергі болып табылады. Облыс тұрғындарының тағы 11,2%-ы спортпен шұғылданбайды, өйткені жақын жерде спорттық нысандар жоқ. Сондай-ақ, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға сұралғандардың 8,1%-ы денсаулығымыз мүмкіндік бермейді; 7,6%-ы қалай бастау керектігін білмеймін; 4,9%-ы спортпен шұғылдануға қызығушылық танытпаймын; 3,1%-ы мұның ешқандай пайдасы жоқ деп жауап берді. Сауалнамаға қатысқан мамандардың жартысынан көбі – 59%-ы өздерінің дене шынықтырудағы енжарлығын уақыттың жоқтығымен ақтайды. Кәсіпкерлердің спортпен шұғылдануға кедергі келтіретін басты себебі - уақыттың жетіспеуі болса, ал әрбір бесінші адам спорттық керек-жарақтардың жоқтығына шағымданады. Зерттеу барысында респонденттер қалалық спорт мекемелерінің қызметін де жоғары бағалады. Қала тұрғындарының көбінің бассейндерге баратыны белгілі болды. Сондай-ақ ақылы спорт секциялары, стадион, спорттық секцияларға баратын шұғылданушыларға сауалнама жүргізу барысында дене шынықтыру-спорттық мекемелердің жұмысы анықталды, мұны төмендегі кестеден байқауға болады (кесте 7):

Атқарылып жатқан жұмыстардың бағыты жастар саясатындағы жаңа басымдықтарға бет бұруға мәжбүр етеді. Соңғы кезде жергілікті билік жасөспірімдерді спортқа тарту жолдарын іздеуде. Зерттеу жас ұрпақтың спортқа және дене шынықтыруға деген көзқарасына қандай адамдар мен қандай қоғамдық институттар әсер ете алатындығын анықтады. Бұл бағыттағы негізгі басымдықтар, облыс тұрғындарының пікірінше, достар мен таныстардың әсері (60% - дан астам), сондай-ақ отбасылық тәрбие (52,2%) болып табылады екен. Достар мен таныстардың спортқа деген қызығушылығы белсенді иынығуға көмектеседі, достықты біріктіреді және нығайтады. Респонденттердің жартысынан көбі отбасы спортқа деген қажеттілікке айтарлықтай әсер етеді деп санайды.

Кесте 7 - Ақтөбедегі дене шынықтыру-спорт мекемелерінің жұмысын бағалау, %

Мекеме түрі	Пайдаланамын	Қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
Бассейндер	35,6	42,1	14,5	4,2
Сауықтыру секциялары (шейпинг, гимнастика, спорттық гимнастика және т. б.)	50,4	42,1	6,2	3,2
Ақылы спорт секциялары	55,8	28,7	20,4	4,0
Стадиондар, спорт алаңдары	58,1	27,2	18,9	1,3
Тегін спорт секциялары	70,5	23,8	15,2	1,3
Спорт мектептері	72,5	24,5	10,2	1

Ересектер спортпен шұғылданатын отбасыларда балалар да белсенді өмір салтын ұстанады, ата-аналармен бірге спорт залында, шаңғымен және т. б. уақыт өткізеді деп санайды. Бұл мәселе төмендегі 6-суретте айқын көрінген.



Сурет 6 - Жастардың дене шынықтыруға деген қызығушылығына қоғамдық институттар мен ұйымдардың әсері, %

Зерттеулер нәтижесінде Ақтөбе облысының тұрғындары үшін мақсатты нәтижені, қатысушылардың аймақтық және жас ерекшеліктерін, олардың спорттық дайындық деңгейін, мотивация мен жарыстарға деген қарым-қатынас түрлерін ескере отырып, жүйе құраушы, жүйе толтырушы және жүйе

шарттаушы факторлардың өзара байланысына негізделген спорттық жарыстар жүйесі жасалды.

Ақтөбе облысының тұрғындарымен жұмыс тәжірибесіне жарыстардың дамыған жүйесін енгізу бойынша жүргізілген ұйымдастырушылық-педагогикалық эксперименттің нәтижелері оның төмендегідей тиімділігін көрсетті:

- дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар саны артты (6,8%);

- өткізілетін жарыстар саны артты (34,8%);

- жарысқа қатысушылар саны (18,3%) және дайындалған бұқаралық разрядтағы спортшылар саны (56,6%) артты;

- жарысқа қатысушыларда өзін-өзі жетілдіруге қажеттілік деңгейі артты (оқушыларда $P < 0,01$; ересектерде $P < 0,05$);

- жарысқа қатысушыларда «табысқа жету үшін» жарыстық ынталандыру күшейтілді ($P < 0,05$);

- спортқа деген қызығушылық тұрақты сипатқа ие болды (эксперименттің басында 29,5% оның аяқталуына 29,8% дейін);

- жарыстарға қатысты елеулі өзгерістер болды, олар жарыстарға қатысу ниетінің күшеюінен ($P < 0,01$), қаралған жарыстардың санын арттырудан ($P < 0,05$) көрінді.

Сонымен, зерттеу барысында біз өте айқын көрінген, қарым-қатынастың барлық параметрлерінде айтарлықтай айырмашылықтарға ие екі типті анықтадық. Олар: әлеуметтік адекватты және әлеуметтік адекватты емес.

Сондай-ақ, айырмашылықтар болып мотивация, эмоциялар, табысқа деген сенімділік, мақсаттар, өзін-өзі бағалау, жарыс белсенділігінің тиімділігі анықталды.

3.2 Дене шынықтыруды және спортты дамытуды басқару құралы ретінде құрастырылған кешенді бағдарламаның мазмұны мен мәні

Дене шынықтыру – әлеуметтік қызметтің белгілі бір түрі ретінде көп функционалды қызмет. Қоғамның тарихи дамуы барысында дене шынықтырудың әлеуметтік-экономикалық қызметтер ауқымы үнемі кеңейуде және қазіргі кезеңде сапалы түрде өзгерді. Бұл, ең алдымен, ғылыми-техникалық прогрестің әсерінен қазіргі адамның өмір салтындағы өзгерістерге байланысты.

Дене шынықтырудың әртүрлі қызметтерін бөліп көрсете отырып, олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты екенін ескеру қажет. Олардың әрқайсысы, атап айтқанда, сауықтыру, спорттық және тәрбиелік қызметтері дене шынықтырудың нақты кіші жүйесінің дамуына себепші бола отырып, тиісінше денсаулық сақтау, спорт салалары мен білім беру шеңберінде тұйықталмайды және халықтың демалысын ұйымдастыру саласында айтарлықтай дәрежеде іске асырылады. Дене шынықтыру сабақтарында бос уақытында аталған үш қызмет жинақталады, сонымен бірге төртіншісі рекреациялық меншікке әкелмейді. Дене шынықтыруды дамытудағы бұл

бағыттың ерекшеліктерін шетелде бос уақытты өткізудің бір түрі ретінде көрсетеді, ал соңғы кезде алыс және жақын шетелдік әдебиеттерде оларды дене рекреациясы деп атай бастады.

Командалық-әкімшілік саясат кезеңінде қалыптасқан дене шынықтыру және спорт қозғалысын реттеу жүйесін қайта құру қиынға соғады, сондықтан да ол көп жағдайда нарықтық экономика кезеңінде қалыптасудың бағдарламалық бағыттарына сәйкес келмейді. Дамудың осы кезеңінде ол стратегиялық мақсаттарды, міндеттерді, қызметтер мен басқару әдістерін анықтау тәсілдерін түзетуді талап етеді. Нарыққа көшу дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізгені үшін жауапкершілігінің өсуімен, сондай-ақ халықтың әртүрлі топтарының спорттық мүдделерінің өзгеріп отырған конъюнктурасы кезінде оларды ресурстық қамтамасыз етуімен сипатталады. Отандық экономиканың дамуын ұтымды реттеу шарттарының бірі жалпы дене шынықтыру және спорт салалары және оның жеке құрылымдық бөлімшелері дене шынықтыру мен спорттың күрделі, көпфункционалды жүйесінің тиімді қызметінің ғылыми негізділігін арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласындағы дамып келе жатқан реттеу жүйесі дене шынықтыру мен спортты сала ретінде қалыптастыру процестерін және онда болып жатқан сапалы өзгерістерді, жүйелілікті және дене шынықтыру және спорт саласының құрылымдық субъектілері арасындағы тактикалық және стратегиялық өзара әрекеттесуді есепке алудың кешенді тәсілінің болмауымен сипатталады.

Қойылған мәселелердің өзектілігі дене шынықтыру мен спорт саласын қаржыландырудың қолданыстағы қалдық қағидаты, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, дене шынықтыру мен спорт объектілеріне мемлекеттік инвестициялау мөлшерін қысқарту, дене шынықтыру және спорт саласындағы субъектілердің материалдық, еңбек, қаржылық пен ақпараттық ресурстарын бірлестіру қажеттілігін түсіну, жаңа және қолданыстағы спорт ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі проблемаларын шешуге стратегиялық бағдарланған жағдайда артып келеді. Стратегиялық менеджменттің көмегімен нарықтық экономика аясында дене шынықтыру және спорт саласындағы жаңа технологияларды, басқару қағидаттары мен еңбекті ұйымдастырудың әдістерін жаңартуға және енгізуге дене мен мәдени-спорттық жүйені мақсатты түрде қайта бағыттауға байланысты бірқатар мәселелерді шешуге болады.

Дене шынықтыру және спорт жүйесінің қызметін жоспарлы түрде реттеуді, оның мазмұны бойынша дене шынықтыру мен спорт ұйымдарының бағытын, жұмыс көлемін анықтау жөніндегі қызметті білдіреді. Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметін жоспарлы түрде реттеу процесі, біздің ойымызша, келесі бағыттарды қамтиды: біріншіден, дене шынықтыру мен спорттың дамуын болжау; екіншіден, мақсатты кешенді бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу; үшіншіден, заңнамалық әлеуметтік-экономикалық нормативтерді белгілеу; төртіншіден, белгіленген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету. Жоспарлы басқаруда болжау ерекше мәнге ие, оның көмегімен жақын болашақта халықтың, атап айтқанда,

дене шынықтыруға деген сұранысының өзгеруін анықтауға болады. Қандай спорт түрлері басымдыққа ие болады? Халық дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарының қандай түрлеріне артықшылық береді? Болашақта қандай жаңа спорттық жетістіктер болуы мүмкін?

Болжау дене шынықтыру және спорт қызметтерінің көлемін кеңейтудің ресурстық мүмкіндіктерін анықтауы керек, атап айтқанда: спорт ғимараттарының болуы мен олардың жүктемесі, жалпы халықтың және жекелеген әлеуметтік топтардың табыстары; спорттық жабдықтардың болуы мен оны ұдайы өндіру мүмкіндігі.

Осыған байланысты болжау: біріншіден, дене шынықтыру мен спортты дамыту бағыттары бойынша; екіншіден, уақытша кезеңдермен (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді) жүргізілуі тиіс [156].

Дене шынықтыру мен спортты дамыту бағыттарын болжау кезінде халықтың дене шынықтырумен айналысуға деген сұранысымен, сондай - ақ жақын болашақта пайда болатын әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, яғни факторлық болжаммен толықтырылатын экстраполяция әдісін қолдануға болады. Айта кету керек, дене шынықтыру мен спортты болжау салыстырмалы түрде оқшауланған және сәйкесінше нақты мазмұны бар, бірақ ол ұлттық пен өңірлік болжамдар жүйесін құрайтын басқа біліммен байланысты. Осыған байланысты демографиялық болжам ерекше мәнге ие, ол халықтың жас құрылымымен болашағын анықтауға бағытталған.

Бағдарламалаудың бастапқы нүктесі (яғни бағдарламаны әзірлеу) - жақын болашақта қол жеткізуге болатын мақсатқа жету. Жалпы мақсат шеңберінде қол жеткізу неғұрлым қысқа мерзімде бағдарламаланатын кіші мақсаттар (міндеттер) жүйесі айқындалады. Осыған байланысты ұзақ мерзімді, орта мерзімді және ағымдағы уақыт бағдарламалары ажыратылады, бірақ бағдарламалау жүйесінде жетекші рөл ұзақ мерзімді бағдарламаларға тиесілі болады. Олардың мақсаты – ағымдағы бағдарламаларды ағымдағы ақпарат тұрғысынан ғана емес, ертеңгі күнге де әзірлеуге көмектесу. Осылайша, дене шынықтыру мен спортты дамыту мақсатының бірлігі халықтың дене қабілеттілігінің даму деңгейін арттыруды көздейді, бірақ белгілі бір әлеуметтік топтардың сұраныстарына, спорттық мүдделерге байланысты ресурстардың болуы нақтыланады. Осылайша, кешенді мақсатты бағдарлама (КМБ) халықты дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысуға тарту бойынша жоспарлы тапсырмалар мен іс-шараларды қамтиды. Бағдарламада нарықтық экономикаға көшу жағдайында мақсатты нәтижені ресурстық қамтамасыз етуге, спорттық жарнаманы кеңейтуге, басқарудың барлық деңгейлеріндегі дене шынықтыру және спорт ұйымдарының әрекеттерін жоғарыдан төменге қарай үйлестіруге ерекше назар аударылады.

КМБ-да, атап айтқанда, бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен қаражат қалыптастыру қарастырылған. Олар: кешенді бағдарламаны шешуге бағытталған спорт ғимараттары мен спорт тауарларын жобалау мен салу; дене шынықтыру және спорт қызметінің жарнамасын дамыту; нақты іс-шаралар; елдің жекелеген аймақтарында дене шынықтыру мен спорттың даму

деңгейін теңестіру, бұл аймақтық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді және жекелеген аудандарда көптеген спорттық жарыстар өткізуді талап етеді [157].

Дене шынықтыру мен спортты жоспарлы реттеу, автордың пікірінше, әлеуметтік-экономикалық нормалар мен стандарттарды әзірлеу мен іске асыруды қамтуы керек. Олар материалдық, еңбек ресурстарын пайдалану дәрежесін, сондай-ақ дене шынықтырумен шұғылданушылар мен спортшылардың дене шынықтыруға, оқу-жаттығу процесіне және спорттық жарыстарға қатысу мөлшерін көрсетеді. Дене шынықтыру және спорт саласында белгіленген әлеуметтік-экономикалық стандарттар екі топқа бөлінеді: экономикалық және әлеуметтік стандарттар. Спорт ғимараттарымен қамтамасыз ету нормативтері; спорт ғимараттарының бір жолғы өткізу қабілеті; спорттық және туристік мақсаттағы тауарлар өндірісі; спорт ғимараттарын салу мен қайта жаңартуға үлестік күрделі салымдар; спорт жөніндегі жаттықтырушы-оқытушылар саны экономикалық нормативтерге жатады. Әлеуметтік нормативтерге: балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептеріне шұғылданушыларды қамту; спорт резервтерін даярлау жүйесінде шұғылданушыларды қамту; дене жаттығуларымен шұғылданушылардың қимыл белсенділігінің нормативтері жатады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала келе, Ақтөбе өңірінде дене шынықтыру және спорт жүйесін одан әрі жетілдіру, оны басқару мен реттеу мәселесін шеше отырып, облыстық дене шынықтыру мен спорт комитеті жанындағы облыстық кеңес өкілдерімен, білім мен мәдениет комитеттерінің басшыларымен кеңейтілген алқа отырысында, жаттықтырушыларға, спортшыларға ғана емес, сондай-ақ, қалың көпшілікке, студенттерге, мектеп оқушыларына, дене шынықтыру және спорт саласында қызмет ететін ұйымдастырушылар мен мамандарға арналған бағдарламаны, яғни облыста дене шынықтыру қозғалысын дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Қабылданған шешімнің негізінде біз жоғары басқару органдарымен бірлесе отырып, «Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты басқарудың 2018-2021 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын» жасадық және қабылдадық (қосымша В).

Бұл бағдарлама дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты көрсетеді. Ақтөбе облысының өңірлік комитеті қабылдаған «Дене шынықтыру және спорт туралы» Ақтөбе облысындағы дене шынықтыру қозғалысын дамыту тұжырымдамасына сүйене отырып, бұл аймақтағы дене шынықтыру қозғалысы мен спортты дамытудың ұйымдастырушылық негіздерінің логикалық аяқталуы болып табылады. Бағдарлама Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты ұйымдастырудың 2018-2021 жылдарға арналған іс-шараларды қамтиды.

Ұсынылған *бағдарламаның мақсаты* Ақтөбе облысының ерекшелігі мен геосаяси жағдайын ескере отырып, дене шынықтыру мен спорттың дамуын жаңа деңгейге көтере алатын ұйымдастырушылық, әдістемелік, насихаттау

және тәрбиелеу шараларының нақты кешенін әзірлеу болып табылады. Бағдарлама мазмұны (кесте 8).

1. Бұқаралық спортты дамыту;

1.1. Мектепке дейінгі спортты дамыту: мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мекемелерінде дене шынықтыруды кезең-кезеңімен және жаппай дамыту;

1.2. Мектеп спортын дамыту: жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыруды кезең-кезеңімен және жаппай дамыту;

1.3. Студенттер спортын дамыту: облыстағы жоғары оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындарында дене шынықтыру және спорт жүйесін жетілдіру;

1.4. Жұмыс ұжымдарында спортты дамыту: әртүрлі меншік нысанындағы еңбек ұжымдарында өндірістік дене шынықтыру мен спортты жетілдіру;

1.5. Ұлттық спортты дамыту және танымал ету: ұлттық спорт түрлерін дамыту жүйесін жетілдіру;

1.6. Халықтың арасында салауатты өмір салтын насихаттау;

2. Жоғары жетістіктер спортын дамыту: спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру;

2.1. Балалар мен жасөспірімдер спортында дамыту жүйесін жаңғырту және спорт резервін дайындау;

3. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттың дамуы;

3.1. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтырумен шұғылдануы;

4. Дене шынықтыру және спорт саласындағы білікті мамандар әзірлеу;

4.1. Білім беру мекемелерінде дене шынықтыру жаңғырту және спорттық мамандар тапшылығын қысқарту;

5. Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қоғам ұйымдарының дамуы;

5.1. Дене шынықтыру және спортты дамытудағы қоғамдық спорт бірлестіктерінің рөлін арттыру;

6. Дене шынықтыру және спорт саласында қоғамдық қауіпсіздік жүйесін дамыту;

6.1. Спорт ғимараттары үшін қауіпсіздік жүйесін құру;

7. Дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымын дамыту;

7.1. Жоғарғы дәрежелі спортшыларға, оның ішінде әскери қызметкерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарына, паралимпиадалық және сурдлимпиадаға арналған оқу базаларын дамыту.

Ақтөбе облысында спорттық-сауықтыру мен спорттық ғимараттардың, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт саласындағы білікті мамандардың тапшылығы байқалады. Дене шынықтыру құрылымдарын пайдаланудағы халықтың енжарлығының себептерінің бірі дене шынықтыру және спорт үшін қарапайым жағдайлардың жоқтығында жатыр. Бұл көбінесе дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық, сауықтыру және тәрбиелік рөлін жалпы бағаламауға байланысты, бұл өз кезегінде дене тәрбиесінің төмен деңгейімен байланысты болады.

Кесте 8 - Ақтөбе облысында дене шынықтыру және спортты басқару жөніндегі кешенді бағдарламаның негізгі бағыттары 2017-2020 жж.

Бағыттары	Мазмұны	Күтілетін нәтижелері
1	2	3
1. Бұқаралық спортты дамыту		
1.1 Мектепке дейінгі спортты дамыту: мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде дене шынықтыруды кезең-кезеңімен және жаппай дамыту;	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде 3 жастан 6 жасқа дейінгі жастағы балалардың кешенді дене дамуының әдістерін және бағдарламаларын біртіндеп енгізу.	– Жас бүлдіршіндердің дене шынықтырумен шұғылдануға деген дағдысын қалыптастыру. – Спорттық жарысқа деген рухын қалыптастыру, тәрбиелеу;
	2. Аудандарда тұрғын үй кешендерінде типтік спорт алаңдарының құрылысын (салушының кепілі және оларды кейіннен тұрғын үй шаруашылығы баланстарына беру) салу.	– Тұрғылықты жері мен балабақшаларда дене шынықтырумен айналысу үшін материалдық-техникалық базаны жақсарту.
1.2 Мектеп спортын дамыту: жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыруды кезең-кезеңімен және жаппай дамыту	1. Білім беру мекемелерінде 1-11-сынып оқушыларына жаңа дене даму бағдарламасын кезең-кезеңімен енгізу;	– Жас бүлдіршіндердің дене шынықтырумен шұғылдануға деген дағдысын қалыптастыру. – Спорттық жарысқа деген рухын қалыптастыру, тәрбиелеу.
	2. Мектептердегі 5 күндік оқуға көшуді ескере отырып, аптаның алтыншы күніне (сенбі) отбасылық спорт күнін енгізу;	– Салауатты өмір салтын насихаттау.
	3. Оқушылардың дене жай-күйі туралы жыл сайынғы мониторингін жасау. Президенттік тестілерді қабылдауды ұйымдастыру бойынша жұмысты жалғастыру;	– Студенттердің дене даярлығын бағалау. – Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын мектеп жасына дейінгі балалар мен оқушылар санын артыру.
	4. Жыл бойғы 4 лагерь және 10 жазғы лагерь (шатырды қоса алғанда) жұмысын қамтамасыз ету.	
1.3. Студенттер спортын дамыту: облыстағы жоғары оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындарында дене шынықтыру және спорт жүйесін жетілдіру	1. «Сұңқар», «Жас сұңқар» қоғамдық бірлестіктерін тарта отырып, ЖОО-дары мен колледждерде жыл сайын студенттер лигасын өткізуді ұйымдастыру.	– Жоғары жетістіктерде спортпен айналысатын студенттер мен студенттерге материалдық көмек көрсету. Студенттердің спорттық жарысқа деген рухын қалыптастыру;
	2. Қазақстан Республикасы, Азия, Әлем чемпионаттары мен олимпиада ойындарында көрсетілген нәтижелерге байланысты талапкерлер мен спортпен айналысатын студенттерге жеңілдіктер беру арқылы әлеуметтік пакетті енгізу.	– Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу.
	3. Белсенді жазғы лагерьлер	

8 - кестенің жалғасы

1	2	3
	негізінде туризм бойынша туристік слет өткізуді жүзеге асыру. 4.Жыл сайынғы «Есірткіге жол жоқ!» атты акцияны өткізу.	
1.4 Жұмыс ұжымдарында спортты дамыту: әртүрлі меншік нысанындағы еңбек ұжымдарында өндірістік дене шынықтыру мен спортты жетілдіру	1. Облыс орталығымен барлық аудандарда мекеме, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында жыл сайын спартакиада өткізу; 2. Еңбек ұжымдарында тұңғыш Президент сынақтарын өткізу бойынша жұмысты жандандыру. Ұйымның спорттық өміріне белсенді қатысқаны үшін қызметкерлерді материалдық ынталандыру туралы ұжымдық шарттарға тармақ енгізу; 3. Кәсіпорындарда өндірістік гимнастиканы ұйымдастыру үшін күнделікті дене жаттығуларының заманауи кешенін енгізу	–Кәсіпорын қызметкерлерін дене шынықтырумен шұғылдануға деген дағдысын қалыптастыру. Спорттық жарысқа деген рухын қалыптастыру, тәрбиелеу; –Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриотизмді тәрбиелеу.
1.5. Ұлттық спортты дамыту және танымал ету: ұлттық спорт түрлерін дамыту жүйесін жетілдіру	1. Мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептерде ұлттық спорт түрлері сабақтарын енгізу жөнінде шаралар қабылдау; 2. Жаттықтырушылар мен мұғалімдерді ұлттық спорт түрінен оқыту; 3. «Қазақстан Барысы» атты қазақша күрестен облыстық турнирді дәстүрлі түрде өткізу; 4. Заманауи әдістемелік ұсыныстар мен бағдарламаларды енгізу; 5. Орта және жоғары оқу орындарының ұлттық спорт түрлері бойынша сабақтарын енгізу жөнінде шаралар қабылдау; 6. Жыл сайын «Ұлы дала рухы» атты ұлттық спорт фестивалін ұйымдастыру;	–Ұлттық спортты насихаттау. –Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, отан сүйініштікке және ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.
2. Жоғары жетістіктер спортын дамыту: спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру		
2.1. Балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту жүйесін жаңғырту және спорт резервін дайындау;	1. Есет батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған МИК бөлімшелерінің санын 30-35%-ға дейін арттыру; 2. Әрбір аудандық БЖСМ-терінде жеңіл атлетика, ауыр атлетика, шаңғы спорты, үстел	– 2025 жылға дейін 6 жастан 29 жасқа дейінгі дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын балалар мен жастардың санын 35%-ға

8 - кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>теннисі спорт түрлерін ашу;</p> <p>3. ЖСШМ және ОРДО орталықтарынан облыстық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері, шағын дәрігерлік-спорттық диспансерлерін ашу;</p>	<p>– арттыру;</p> <p>– спортшылардың жарақаттарын алдын-алу және жаттығуын бақылау;</p> <p>– балаларды спортпен шұғылдануға ынталандыру</p>
3. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттың дамуы		
<p>3.1. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтырумен шұғылдануы</p>	<p>1. Спорттық объектілерді, мекемелерді және ұйым-дарды, арнайы жабдықпен және пандустармен қамтамасыз ету;</p> <p>2. Ақтөбе қаласында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған дене шынықтыру және спорт кешенін салу, 2018-2019 ж.ж.;</p> <p>3. Иппотерапия әдісімен ат спорты бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтуға және емдеуге арналған стационарлы жабық манеж салу 2018-2019 ж.ж.</p>	<p>– Мүмкіндігі шектеулі адамдарға спорт ғимараттарының, ұйымдар мен мекемелердің қол жетімділігін қамтамасыз ету;</p> <p>– Облыстағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың спортын дамыту</p>
4. Дене шынықтыру және спорт саласындағы білікті мамандар әзірлеу		
<p>4.1. Білім беру мекемелерінде дене шынықтыру жаңғырту және спорттық мамандар тапшылығын қысқарту</p>	<p>1. М.Оспанов атындағы БҚММУ-нен спорттық медицина факультетін ашу;</p> <p>2. Қ.Жұбанов ат. АӨМУ-нен спорттық және педагогикалық факультеттер ашу, соның ішінде дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша;</p> <p>3. Білім беру мекемелерінде дене шынықтыру жаңғырту және спорттық мамандар тапшылығын қысқарту мақсатында спорттық-бұқаралық іс-шараларды жетілдіретін қажетті мамандарды тартып, тұрғын үй мен жалақы туралы мәселелердің шешілуін ұйымдастыру</p>	<p>– Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын және жергілікті мамандарға тәжірибе алмасатын мамандарды тарту мәселесін толыққанды шешу</p>
5. Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қоғам ұйымдарының дамуы		
<p>5.1. Дене шынықтыру және спортты дамытудағы қоғамдық спорт бірлестіктерінің рөлін арттыру</p>	<p>1. Спорттық резервті дайындау спорттық инфрақұрылымды спорт түрлері құрылысын спорт федерацияларының қатысуы үшін жағдайлар жасау;</p> <p>2. Спорттық федерациялар-дың қызметін жандандыру: - ауылдық жерлерде тұратын</p>	<p>– Спорттың әр түрлері бойынша спорт секцияларында айналысатын адамдардың санын ұлғайту.</p> <p>– Жастарға азаматтық және патриоттық тәрбие беру.</p> <p>– Ауылдық жердегі балалар мен жастардың дене</p>

8 - кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>балалар мен жастар үшін спорттық секциялар ашу; - әр түрлі спорт түрлері бойынша студенттердің лигаларын дамытуға жәрдемдесу; - спорт бірлестіктердің қызметін жаңғырту; - 8-ден 30 жасқа дейінгі балалар мен жастар арасында «Жас Динамо» қозғалысын құру және дамыту.</p>	<p>– шынықтырумен айналысуына спорттық бірлестіктер 15% дейін санының ұлғаюына ықпал ету</p>
<p>6. Дене шынықтыру және спорт саласында қоғамдық қауіпсіздік жүйесін дамыту</p>		
<p>6.1.Спорт ғимараттары үшін қауіпсіздік жүйесін құру</p>	<p>1. Спорт мекемелерінде қоғамдық қауіпсіздікті жақсарту бойынша шаралар кешенін әзірлеу</p>	<p>– Дене шынықтыру мен спортты бейбітшілік пен достық құралы ретінде насихаттау; – спорттық нысандардың сапасын арттыру</p>
	<p>2. Халықаралық талаптарға сәйкес спорт нысандарының және спорттық қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын стандарттау және сертификаттау жүйесін енгізу;</p>	
	<p>3. Федерациялар арасындағы спорттық және спорттық жанкүйерлер мен олардың бірлестіктері арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету шараларын әзірлеу;</p>	
	<p>4. Спорттық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әлеуметтік, білім беру және профилактикалық шараларды қамтамасыз ету.</p>	
<p>7. Дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымын дамыту</p>		
<p>7.1. Жоғарғы дәрежелі спортшыларға, оның ішінде әскери қызметкерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарына, паралимпиадалық</p>	<p>Дене шынықтыру және спорттық нысандардың салынуы</p> <p>1. Халықаралық стандартқа сәйкес келетін жеңіл атлетика стадионы және заманауи спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілген манеж – 2019-2022 ж.ж. (БӘЖ);</p> <p>2. Мұз айдыны сарайы – 2018 жыл (МЖӘ);</p> <p>3. 114 орынға арналған қонақ үйімен теннис орталығын салу –</p>	<p>– 2025 жылға дейін 6 жастан 29 жасқа дейінгі дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын балалар мен жастардың санын 35%-ға арттыру; – Облыста олимпиадалық жазғы және қысқы спорт түрлерін дамыту.</p>

8 - кестенің жалғасы

1	2	3
және сурдолимпиадаға арналған оқу базаларын дамыту	4. 2018 жыл (МЖӘ); 5. Жарға өрмелеушілер кешені – 2018 жыл (МЖӘ); 6. Бокс орталығы – 2018-2019 ж.ж.; 7. Шаңғы базасына роликпен жүретін жол салу – 2018-2019 ж.ж. (ОБ); 8. Есет батыр ат. МИК-дегі бассейн құрылысы – 2019-2020 ж.ж. (ОБ) мек ин кол	
ҚОРЫТЫНДЫ		
<ul style="list-style-type: none"> – Облыс аумағында бірнеше дене шынықтыру және спорт кешендері мен спорттық нысандар салынып (жергілікті бюджет және МЖӘ есептерінен), ескі спорттық нысандар күрделі жөндеуден өтеді; – Өңірдің бұқаралық спорты дамиды; – Жоғары жетістіктер спорты дамиды: спортшыларды дайындау жүйесі жетіледі; – Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт қарқынды дамиды; – Дене шынықтыру және спорт саласындағы білікті мамандар әзірленіп, облыста азаматтық қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас артады; – Дене шынықтыру және спорт саласында қоғамдық қауіпсіздік жүйесі мен спорт инфрақұрылымдары дамиды; – Мектепке дейінгі, мектеп спорты және студенттер спорты дамиды; – Жұмыс ұжымдарында, кәсіпорындарда спортты дамыту жүзеге асады; – Ұлттық спортты дамыту және танымал ету: ұлттық спорт түрлерін дамыту жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыстар қарқынды жүйеге қойылады; – Олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлері дамиды, соның ішінде олимпиадалық жазғы мен қысқы спорт түрлері бойынша; – Әрбір жоғарғы жетістікке талпынысы бар спортшылардың өсу динамикасын бақыланып, тұрақты түрде көмек көрсетіледі. 		

Қалыптасқан жағдай және онымен байланысты мектептен тыс спорт мекемелерінің күрт қысқаруы балалар мен жастарды сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамту проблемасына алып келді, бұл өңірдегі қылмыстық жағдайға теріс әсер етті.

Бағдарламаның ережелерін, әдістемелерін, ұсынымдарын денсаулық сақтау, білім беру мекемелері, жастар мен студенттер ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары пайдалана алады.

Жалпы алғанда, аймақта дене шынықтыру мен спортты дамытудың мақсатты бағдарламасы ресурстар, орындаушылар мен өткізу мерзімдері бойынша келісілген және бір-бірімен байланысты, мемлекеттік құрылымдардың қолдауымен жүзеге асырылатын, дене шынықтыру мен спортты сақтау мен дамыту мақсаттарын жүзеге асыру үшін әртүрлі іс-шаралар кешенін білдіреді.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, осы сипаттағы және мақсаттардағы барлық кешенді бағдарламалар төмендегідей жалпы белгілерге және дамудың іргелі дәйектілігіне ие бола алады:

1. Тиісті ақпараттық базасы бар дене шынықтыру және спортты дамыту бағдарламасының тұжырымдамасы мен мақсаттары қалыптасады.

2. Дене шынықтыру мен спортты дамытудың нысаналы бағдарламасын қалыптастыру бағыттары бойынша бағдарламалық іс-шаралар кешені мен оларды қаржылық қамтамасыз ету әзірленеді және жүйеленеді.

3. Дене шынықтыру қозғалысының белгілі бір жүйесінің мазмұны мен ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді бағдарламаны іске асыру және басқару механизмі жасалуда.

4. Дене шынықтыру мен спортты дамытудың мақсатты бағдарламасының әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы немесе күтілетін экономикалық тиімділігі бағаланады.

Бұл бөлімдер тығыз байланыстылық пен қарым-қатынаста болып келеді. Шетелде дене шынықтыру жүйесін дамыту жөніндегі баспасөзде мұндай жүйелердің экономикалық пен құқықтық мазмұнына көп көңіл бөлінеді және оларды құрудың бағдарламалық басқару тәжірибесі аз қамтылған. Соған қарамастан, қол жетімді ақпарат бойынша дене шынықтыру және спорт жүйесін жетілдіруде бағдарламалық әдістерді кеңінен қолдану туралы толық көрініс жасауға болады. Олар: қолда бар материалдық базаны сақтау мен қайта құру; жаңа жабық және жабық спорт ғимараттарын салу; облыс тұрғындарымен сауықтыру жұмысында қолда бар инфрақұрылымды пайдалану; бәсекеге қабілетті спорттық және туристік құрал-жабдықтарды шығару бойынша өнеркәсіптік өндірістерді пайдалану.

Барлық бағдарламаны бес жыл ішінде үш кезеңде іске асыру жоспарлануда:

- 1 кезең - дайындық;
- 2 кезең-бағдарламаны бастапқы (бірінші кезек) іске асыру;
- 3 кезең-бағдарламаны толық көлемде іске асыру.

Қойылған міндеттерді қамтамасыз ету мақсатында Бағдарламада 9-кестеде көрсетілген он үш бағыт бөлінді.

Кестеден әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ең тиімді бөлімдердің іске асырылуы болып табылатындығын көруге болады:

- Ақпараттық-насихаттық тұрғыда қамтамасыз ету. Халықтың дене шынықтыру туралы білімі.
- Жаңа формациядағы мамандармен және қоғамдық мамандармен қамтамасыз ету.
- Жалпы білім беру мекемелері мен бастауыш және орта кәсіптік білім беру, жоғары білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі.
- Тұрғылықты және демалыс орны бойынша дене шынықтыру.
- Отбасындағы дене шынықтыру.
- Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі.

Кесте 9 - Бағдарламаның жекелеген бөлімдерін іске асырудан түсетін әлеуметтік-экономикалық қайтарым көрсеткіштері

Бағдарлама бөлімдерінің қайтарымы бойынша басымдығы, орны	Бағдарлама бөлімдері	Әлеуметтік-экономикалық әсер, %
1	Ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету. Халықтың дене шынықтыру білімі	18,0
2	Жаңа формация мамандарымен және қоғамдық мамандармен қамтамасыз ету	17,0
3	Дене тәрбиесі жалпы білім берудегі - бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелерінде	15,0
4	Тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру	10,0
5	Отбасындағы дене шынықтыру	8,0
6	Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі	7,0
7	Дене шынықтыру сауықтыру және спорттық ғимараттар (білім беру мекемелерінсіз) желісін дамыту	7,0
8	Дене шынықтыру-спорттық мақсаттағы тауарларымен қамтамасыз ету	7,0
9	Дене шынықтыру-спорт қозғалысын басқаруды жетілдіру	3,0
10	Жоғары кәсіптік білім беру мекемелеріндегі дене шынықтыру	3,0
11	Өндіріс жүйесіндегі дене шынықтыру	2,0
12	Дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар	2,0
13	Мүгедектер арасындағы дене шынықтыру және спорт	1,0

– Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары желісін дамыту (білім беру мекемелерінсіз).

– Дене шынықтыру-спорттық мақсаттағы тауарлармен қамтамасыз ету.

Дәл осы бөлімдер жас ұрпақтың бойында дене шынықтыру мен спорт құралдарын тәрбиелеу, моральдық-еріктік қасиеттерге ие болу, дене жетілуге қажеттілікті қалыптастыру және оның гендік қорын жақсарту тұрғысынан басым болып табылады.

Бағдарламада жеке бағыттарды іске асыру кезеңдері, әр бөлімнің ішіндегі шаралар, сондай-ақ орындау мерзімдері ашылған және анықталған.

Жоспарда жұмыстың бірінші кезектегі, неғұрлым жауапты, өмірлік маңызды бөлімдерін, оның ішінде:

- ішкі істер органдарымен бірлесіп, дене шынықтыру-спорттық сабақтар мен спорттық жарыстарды, спорттық-ойын-сауық іс-шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің сақталуын бақылау, қатысушылар мен көрермендердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге, қатыгездік пен зорлық-зомбылық көрсетуге жол бермеу;

- орталықтарды, мектептерді, клубтарды, дене шынықтыру және спорт құралдарын сауықтыру мен оңалтудың басқа да бірлестіктерін, сондай-ақ жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі мамандандырылған мекемелерді құру жоспарының орындалуын бақылау;

- жоғары жетістіктер спортын дамытуға және бұқаралық дене шынықтыруды дамытуға арналған шығыстар үлесінің арақатынасын бақылау;

- рекреациялық-сауықтыру жерлерін бөлуді және пайдалануды бақылау;

- жергілікті билік органдарымен бірлесіп, белгіленген нормаларға сәйкес олардың аумағында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт мақсатындағы объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға беруге бақылау жасау. Аймақтағы тұрғылықты аудандардың құрылыстарды қабылдау-тапсыру комиссияларының құрамына дене шынықтыру мен спортты мемлекеттік басқару органдарының өкілдері кіруін бақылау;

- халықтың тығыздығына байланысты тұрғын аудандардың негізгі дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарымен ең аз қамтамасыз етілу нормативтерінің әзірленуін және орындалуын бақылау;

- жүзу бассейндері мен дене шынықтыру-спорт залдарының міндетті түрде болуын, сондай-ақ сол өңір шегінде дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарын жою кезінде тең бағалы ғимараттардың құрылуын, барлық үлгідегі жаңа білім беру мекемелерінің құрылысын бақылау;

- дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының тікелей мақсат бойынша пайдаланылуын бақылау;

- білім беруді мемлекеттік басқару органдарымен бірлесіп, дене шынықтыру және спорт мамандарының біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды бақылау;

- көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, мүгедектерге дене шынықтыру-спорт қызметтерін тегін беруді бақылау.

Аталған бағдарлама жоспарына сәйкес аймақта бірнеше жарыс және іс-шаралар өткізіледі. Олардың ішінде кешенді жарыстар, аудандық пен қалалық деңгейде өткізілетін спорттық іс-шаралар және т.б. бар.

Кешенді жарыстарды қалада, ауданда ұйымдастыру мен өткізу кезеңдерінде басқару органдары бірқатар қызмет атқарады:

- басқарудың жоғары органдарының жарыстар өткізілетін қандай да бір ұйымда, өндірісте, спорттық базада өткізілуі туралы шешім қабылдауына материалдар дайындайды;

- аудандық, қалалық жарыстар ережелер құрып, дене шынықтыру ұжымдарына таратады;

- жарыстың өткізілуіне қажетті қаражат сметасына орай жарыстарды өткізуге арналған қаржының бөлінуін қарастырады;

- жарысқа дайындық бойынша негізгі іс-шаралардың жоспарын жасайды;

- дене шынықтыру ұжымдарында бұқаралық жарыстардың өткізілуін қадағалауды қамтамасыз етеді;

- жарыстардың (қалалық, аудандық) бас төрешісін, сондай-ақ, спорт түрлері бойынша төрешілерін тағайындайды және төрешілер коллегиясының құрамын қалыптастырады;

- жарыстарды өткізуге жұмылдырылған ұйымдардың өзара байланысын бағдарлайды, қызмет көрсетудің (орналастыру; көлікпен қамтамасыз ету; тамақтану; медициналық және мәдени қызмет көрсету; қоғамдық тәртіпті сақтау; спорттық құрылыстарды дайындау және қабылдау) ұйымдастыру комиттетері бекіткен іс-шаралардың орындалуын қадағалайды;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өндіріс басшыларының, жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі басшылығының бұқаралық жарыстарды өткізуге арналған қажетті жағдайлар жасау туралы ұсыныстарын дайындайды;

- ұйымдардағы дене шынықтыру ұжымдарына жарыстарды ұйымдастыруына көмек көрсетеді;

- дене шынықтыру ұжымдардың аудандық, қалалық жарыстарға қатысуы қорытынды жасайды; үздік төрешілерді, ұйымдастыру комитетінің белсенді мүшелерін марапаттау бойынша ұсыныстар жасайды.

7- суретте Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты басқарудың 2018-2021 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын қолдану нәтижесі берілген. Көріп отырғандарыңыздай, 2017 жылы, яғни аталмыш бағдарлама енігізілмей тұрғанда, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар 29,5% құраса, осы бағдарлама алғаш енгізілген 2018 жылы, өңір халқының жалпы санына шаққандағы пайыздық көрсеткіштерде біршама өсім болды да, 2019 жылы бұл өсім ары қарай жалғасты, 2020 жылы әлемдік пандемияға байланысты бұл көрсеткіш есепке алынбады, өздеріңіз білетіндеріңіздей, бұл кезде спорттық, спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілмегендіктен есепке алынбады, ал енді 2021 бастап, қатаң шектеулер азайтылуымен байланысты айқын өсім байқалады. Бұл осы өзіміз құрастырып, қабылдаған бағдараманың нәтижесін көрсетеді.



Сурет 7 - Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты басқарудың 2018-2021 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын қолдану нәтижесіндегі спорттық-бұқаралық іс шаралармен шұғылдану көрсеткіштері, %

Жоғарыдағы бағдарламаны талдай келе, жасалынған дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді өңірлік бағдарламасы, оны салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасы деп те атауға болады, басқалардан айырмашылығы, бейресми жатталған тұжырымдамалар, есептеулер бағдарламасы емес, ақылға қонымды, дәйекті және мақсатты іс-шаралар бағдарламасы болып табылады, олардың ешқайсысы, әсіресе инфляция мен дағдарыс жағдайында іс жүзінде жүзеге асырылмайды. Бағдарламаның айырмашылығы – бұл алдыңғы қатарлы халықаралық және отандық тәжірибеге негізделген нақты әдістемелік және ұсынымдық сипатта болуында. Бағдарламаның ерекшелігі кезең-кезеңімен орындау үшін жұмыстың басым бөлімдерін таңдау мүмкіндігіне өте икемді боып келеді.

Бағдарлама барлық деңгейдегі дене шынықтыру және спорт ұйымдарының, мамандардың, қоғамдық қызметкерлердің және коммерциялық құрылымдардың жұмысында тәжірибелік нұсқаулық бола алатындығын, адамдардың дене шынықтыру және спорт, жалпы қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру, спорт саласындағы маңызы зор болып табылатын бірқатар іс-шаралар, соның ішінде тамақтану, тыныс алу және массаж қажеттіліктерін қалыптастыруға арналған күнделікті іс-әрекеттің әдіснамалық негізі бола алатындығын атап өткен жөн.

3.3 Аймақтық жарыс қызметін басқаруды ұйымдастыру іс-шараларының негіздемесі

Зерттеу нәтижесі Ақтөбе аймағында спорттық жарыс қызметін басқаруды дамыту тұрғысынан қарастырылды. Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша аймақтағы жарыс қызметін дамыту үшін ең алдымен біздің алдымызда жарыстарға қатысушылардың жарысқа деген қызығушылығын, олардың мотивациясын, ынтасын, қарым-қатынасын, белсенділігі анықтау мәселесі тұрды. Сол себепті де біз Ақтөбе облысының аудандарының тұрғындарымен зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеу кезінде алынған нәтижелер барысында жарыстарды қалай басқарса тиімді болады деген сұраққа жауап ала отырып, біз спорттық жарыс жүйесін құрдық, соған орай бірнеше жұмыстар атқардық.

Әзірленген спорттық жарыстар жүйесі 2019 жылы Ақтөбе облысы тұрғындарының жұмыс тәжірибесіне енгізілді. Үш жыл бойы (2017-2019 ж.ж.) облыс әкімшілігінің дене шынықтыру және спорт комитеті біз ұсынған спорттық жарыстар жүйесінің тиімділігін тексеру бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық эксперимент жүргізді. Эксперимент барысында аймақтағы спорттың даму жағдайын және халықтың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға қатынасын сипаттайтын бірқатар көрсеткіштер тіркелді.

Спорттық жарыстарды көру, оларға қатысу қатысушылар мен көрермендердің жарыстарға қатысатын спортшылар сияқты болуға деген ықыласын тудыру үлкен ұйымдастырушылық қабілетті, басқарушылық шеберлікті қажет етеді. Сонымен қатар, жарыстардың көрермендерге әсері

катысушыларға қарағанда күшті болады. Спортшыларға еліктеу және жарысқа қатысушылармен бірдей болуға деген ұмтылыс аудан тұрғындарының ішінде ересектерде айқын көрінеді. Бұл жүйелі спортқа оң көзқарастың пайда болу механизмдерінің бірі деп айта аламыз. Біз бұл сала жарыстарды насихаттауда әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын қолдана отырып, жарыстарды ұйымдастыру және өткізу кезінде ескерілуі керек деп санаймыз.

Себебі, қоғамдық санаға әсер етудің пәрменді құралдары әлеуметтік қызметтің ерекше түрі болып табылатын жарнама және насихаттау болып табылады. Жарнама мен насихаттау құралдарының негізгі қызметі белгілі бір көзқарастар мен эмоционалды жағдайларды қалыптастыру, адамдардың мінез-құлқына ықпал ету мақсатында білімді, коммерциялық ақпаратты, адамгершілік құндылықтарды және басқа да мәліметтерді таратудан тұрады. Жарнама – сауданың қозғаушы күші, түрлі өндіріс салаларындағы жетістіктер туралы «хабарлаушы» – тұтынушының жаңа өмір стандарттарымен тез танысуына жағдай жасап, кейде оны зорлап міндеттейді. Жарнама, яғни «реклама» термині латынның “*reklamare*” («қатты айқай салу» немесе «хабарлау») сөзінен шыққан.

Американдық маркетинг қауымдастығының анықтамасына сәйкес жарнама – бұл «...нақты белгіленген тұтынушы төлейтін идеалдар, тауарлар мен қызметтер - бұл жеке тұлғаны ұсыну мен жылжытудың кез-келген түрі» және белгілі бір жағдайды ескере отырып, ең тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, әлеуетті тұтынушылардың назарын жарнама нысанына аудару үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді.

Спорт және спорт индустриясында жарнама үнемі қолданылады. Коммерциялық іс-әрекетті нәтижелі жүргізу және табыс алуды қамтамасыз ету үшін жарнама маңызды және аса қажетті.

Спорттық жарнаманы таратудың негізгі құралдары мен тасымалдаушыларының жүйесі:

1. Телевизиялық жарнама және радиожарнама.
2. Кинореклама: жарнамалық кино-және бейнефильмдер.
3. Интернеттің ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі жарнама: интернет-ресурстар, ең алдымен спорт ұйымдарының сайттары.
4. Баспасөздегі жарнама: әлеуетті тұтынушы оқитын газеттер, журналдар, бюллетеньдер және басқа мерзімді басылымдар.
5. Баспа жарнамасы: кітаптар, жылнамалар, анықтамалықтар, проспектілер, каталогтар, буклеттер, бағдарламалар, парақшалар, прайс-парақтар, Баспасөз релиздері, пост-релиздер, ақпараттық хаттар, шақыру билеттері және басқа да полиграфиялық өнімдер. Мұнда фото-стендтер мен фото-витриналар ұйымдастыруды, фотомонтаждар шығаруды және т. б. атап өткен жөн.
6. Пошта жарнамасы: жарнамалық материалдарды, соның ішінде бейнекассеталарды, компакт-дискілерді және жоғарыда аталған басқа да ақпараттық материалдарды пошта арқылы тарату.
7. Спорт объектілеріндегі жарнама және өзге де сыртқы жарнама: стадион периметрі бойынша қалқанды жарнама, ірі габаритті және шағын габаритті

жарнамалық баннерлер мен жарнамалық стендтер, плакаттар, транспаранттар, афишалар мен постерлер, айналмалы жарнамалық қалқандар, газ жарықтық қондырғылар, электрлендірілген панно, табло, мәре ленталары, көрсеткіштер және т.б. Мәселен, хоккей матчтарын өткізу кезінде жарнама берушілер жарнама үшін орын сатып алады және өздерінің жарнамалық материалдарын спорт сарайы күмбезінің астына, ойыншылар орналасатын орындарға, борттарға, консольдерге, тікелей мұз жабынының астына және стадион аренасының басқа да жарнамалық беттеріне орналастырады. Баскетбол бойынша жарыстар өткізу кезінде алаңның периметрі бойынша орналастырылатын жарнамалық қалқандар, орталық шеңберде және айып лақтыру шеңберлерінде жапсырмалар, маңдайшалар және стадион ішінде сыртқы жарнаманың өзге де түрлері, оның ішінде электрондық ақпараттық тақтада және т. б. көзделеді.

Спорт түрлерінің алуан түрлілігіне байланысты әртүрлі спорт ареналарының жарнамалық безендірілуінің өзіндік ерекшелігі болады, мысалы, бокс рингінің, велотректің, тау шаңғысы спорты жарыстарына арналған беткейдің және т. б. жарнамалық безендірілуінің өзіндік ерекшеліктері бар.

О.Н. Степанова дене шынықтыру және спорт саласында қолданылатын БАҚ арқылы таралатын жарнамаларға: «...қазіргі таңда қойылған мақсаттарға жету үшін жарнаманың көптеген түрлері қолданылады. Олардың аса көрнектілері – классикалық жарнамалар, яғни, радио, теледидар, газеттер мен журналдар және т.б.» деп сипаттай келе, оларды төмендегіше топтап өтеді [158].

Спортты жарнамалау мен насихаттауда дене тәрбиесі, спортшылар мен жаттықтырушылар, жаттығу жүйелері туралы кітаптар үлкен рөл ойнайды.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы жарнама спорттық маркетингтің, оның ішінде дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар маркетингінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның сорттарының бірі – дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар кезінде жарнама. Трансляциялар, атап айтқанда, керемет жарыстар кезінде жарнаманы әдетте миллиондаған көрермендер, тыңдаушылар бақылайды, тыңдайды. Сондықтан бұл арна тауарларды, қызметтерді жылжытудың ең сәтті құралдарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты, Қазақстандағы, дамыған және дамушы елдерде белсенді насихаттау науқандарын өткізу тәжірибесі жоғарыда аталған алға қойылған мақсаттардың жетістігіне қол жеткізу тұрғысынан спорттық бизнес, жарнама мен насихаттың жоғары тиімділігін көрсетеді. Адамдардың санасына әсер етудің ең күшті идеологиялық құралы ролін орындай отырып, сатушы мен тұтынушының әрекеті, жарнама және насихаттау, олардың көрсетуі бойынша дене шынықтыру мен спорттың жаңа тартымды әлеуметтік келбетін қалыптастырады, халықтың қалың жігін салауатты өмір салтына тартады.

Спорттық бизнес, жарнамалық және насихаттық үндеулерге үн қата отырып, үлкен әлеуметтік топтар: балалар, жасөспірімдер, зейнеткерлер және т. б. спортқа тартылады, жүгіру және дене шынықтыру жасау, фитнес-клубтарға

бару, белсенді өмір салтын жүргізу сияқты жағымды әрекеттерді өз бойына сіңіреді, содан кейін оны өзінің күнделікті жаңа өмірлік салтына айналдырады [159].

Ақтөбе өңірінде өткізілетін жарыстарды жарнамалау келесідей бағытта жүргізіледі:

- жарыстарға дайындық барысын баспасөзде жариялау, афишаларды, бағдарламаларды, шақыру билеттерін, радио мен теледидар арқылы ақпарат шығару және тарату;

- фотостендтерді ұйымдастыру;

- жарыстардың салтанатты ашылуы және жабылуы арқылы спорттың осы түрін дәріптеу;

- жарыс барысында кең ауқымды радиоақпарат тарату;

- қорытынды кестелерді уақытылы толтыру, фотомонтаждарды шығару;

- уақытылы қорытынды шығару және жарыстың салтанатты жабылуы;

- жеңімпаздарға грамоталар, дипломдар, медальдар мен жүлделер тапсыру;

- көрсетілімдер мен жеңімпаздар шеруін өткізу;

- өткізілген спорттық жарыстардың нәтижелері туралы баспасөзде, радиода, теледидарда уақтылы ақпарат.

Осы тұрғыдан алғанда Ақтөбе аймағында жарнамалау және насихаттау жақсы жолға қойылған. Мысалы: 2019 жылы өткен ҚР V Жазғы паралимпиадасы, Ұлттық спорт түрлерінен V фестиваль, Ақтөбенің құрылғанына 149 жыл толуына орай, «Спрс-aktobe marathon» Жеңіл атлетика жартылай марафоны, алғаш рет триатлоннан өткен Қазақстан Чемпионаты, ҚР жүзуден V-жазғы спартакиадасы және т.б. жайлы жарнамалардың әсері өте жақсы деп айтуға әбден болады.

Сондай-ақ, Ақтөбеде алғаш рет өткен триатлоннан Қазақстан Чемпионатына келушілердің қарасы мол болды.

Теледидардан берілген жарнамада:

«Турнирлердің мақсаттары:

- триатлонды дамыту және Қазақстанда салауатты өмір салтын насихаттау;

- қазақстандық кәсіби атлеттердің, жаттықтырушылар мен төрешілердің шеберлігі мен біліктілік деңгейін арттыру;

- мықты спортшыларды анықтау» деп қызықтыра хабарланған жарнамалар ықпалы көрермендерге айтарлықтай ықпал етті.

Белгілі бір өңірдегі спортты басқаруда спорттық жарыстар ұйымдастырушылық-педагогикалық реттеудің әдісі және жеке адамдардың да, ұжымдардың да, командалардың да спорттық даярлығының қол жеткізілген деңгейін салыстыру құралы ретінде қарастырылады.

Спорттық жарыс қызметін басқару мәселесін шешу, біздің ойымызша, адамдардың спортқа деген көзқарасын жақсарту арқылы тиімдірек болады. Сол себепті де жарысты басқаруды дамыта отырып, жарысқа қатысушы адамдарды көптеп тарту және спорттық жарыс жүйесін дамыту басты міндет болуы керек.

Адамдардың спорттық жарыстарға қатынасын зерттеу кезінде біз бірқатар авторлардың ережелеріне сүйендік.

Олардың идеяларына сәйкес, адамның бір нәрсеге, ал бұл жағдайда спортқа деген көзқарасы үш құрылымын қамтиды:

1) танымдық (когнитивті) – оның ішінде объект туралы нанымдар, ойлар, білім;

2) эмоционалды (аффективті) – бұл адамның бағалауы, белгілері туралы түсінік (оның объектіге эмоционалды реакциясы);

3) нысанға қатысты іс-әрекеттерде, қарым-қатынаста көрінетін мінез-құлық компоненті.

Жарыстарға деген көзқарасты зерделеу кезінде біз өте айқын көрінген екі типті анықтадық. Оның бірі– әлеуметтік адекватты, ол 65 пайызды құрады, екіншісі әлеуметтік адекватты емес, ол 35% құрады. Бұл екі тип қарым-қатынастың барлық өлшемдерінде айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Олар *мотивация, эмоциялар, табысқа деген сенімділік, мақсаттар, өзін-өзі бағалау, жарыс белсенділігінің тиімділігі*. Жас пен спорттық біліктілік арасындағы қарым-қатынас өлшемдері арасында ешқандай байланыс табылған жоқ.

Осыдан келіп, жарыстарға қатысуға деген қарым-қатынас түрін қалыптастырудың негізі спортқа деген қарым-қатынасты анықтайтын жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерінде жатыр деп қорытынды жасауға болады және ол біздің жұмысымызда айқын түрде анықталды. Белгілі бір спортшының, сондай-ақ спорттық команданың жарыстарға қатысуының түрін білу жаттығу процесін тиімді құруға, сондай-ақ оларды жарыстарға қатысуға тартудың орындылығын болжауға мүмкіндік береді.

Себебі адамның сана-сезімі, оның шындыққа деген көзқарасы, іс-әрекеттері қалыптасады. Осыны ескере отырып, біз жарыс шараларын тартымды және адамдарда жағымды эмоциялар тудыратын етіп ұйымдастырдық. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей (кесте 4) спорттық жарыстарға қатысушылардың жасына қарамастан, оларды спорттық күрес, құмарлық және мерекелік көңіл-күй, марапаттар алу, жарыстардың эстетикасы қызықтырады. Алайда, осы факторлардың әсерінің әрқайсысының өз орны бар және оны спорттық жарыстарды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу кезінде ескеру керек.

Команда чемпионатынан бастап облыстық чемпионатты өткізуге дейінгі спорттық жарыстар жүйесінің көп деңгейлі құрылымы жарыстарға қатысушылардың шексіз санын тартуға мүмкіндік береді. Бұған жарыс өткізілетін көптеген спорт түрлері ықпал етті. Жарыстарды жүйелі түрде өткізу дәстүрге айналады және жеке адамдарда өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін тудырады, бұл экспериментте көрсетілгендей дамиды.

Аймақта өткізілген жарыстарда спорттық жарыстар жүйесін енгізу бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық эксперимент жүргізу өңірдегі спорттық-бұқаралық жұмысты едәуір жандандыруға мүмкіндік берді және адамдардың жаттығу процесіне де, жарыстарға қатысуына да көзқарасын өзгертті.

Көрініс ретінде әрекет ететін спорттық жарыс күрделі әлеуметтік құбылыс болып табылады. Бір жағынан, жарыстардың барлық түрлерінің негізі ойын қарым-қатынасын құру болып табылады, бұл тәжірибе арқылы өзін әртүрлі рөлдерде жеке тұлға ретінде «сынап көруге» мүмкіндік береді [160].

Белсенділік кез-келген қызмет саласында әлеуметтенудің маңызды факторы болып табылады. Адамға әлеуметтенудің қажетті деңгейін ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік беретін дәл осы белсенділік болып табылады.

10-кестеде облыста үш жыл ішіндегі спорттық-бұқаралық жұмыс серпінін көрсететін статистикалық көрсеткіштер келтірілген. Барлық көрсеткіштер бойынша (спорт ғимараттарының өткізу қабілетін қоспағанда) спортпен шұғылдануда округ тұрғындарының белсенділігінің артқанын байқауға болады.

Белгіленген көрсеткіштердің өсуі облыс тұрғындарының жұмыс тәжірибесіне енгізілген спорттық жарыстар жүйесі тиімділігінің жоғары дәрежесін көрсетеді.

Облыс тұрғындарымен жұмыс кезінде ұлттық спорт түрлерін дамытуға және олар бойынша жарыстар өткізуге ерекше көңіл бөлінді. Біздің ойымызша, бұл көрсеткіштер облыс тұрғындары арасында бұқаралық спорттың жай-күйін объективті түрде көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден 2017 жылы спорт секцияларында шұғылданушылардың саны 16654 адамды құрағанын көруге болады. Дене шынықтырумен айналысатындардың жалпы санына қатысты бұл көрсеткіш осы кезеңде 32%-ды құрады. 2018 жылы спорт секцияларында шұғылданушылардың саны 25810 адам болды. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатындардың жалпы санына қатысты бұл көрсеткіш осы кезеңде 49,5%-ды құрады.

2019 жылы спорт секцияларында шұғылданушылардың саны 27710 адам болды. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатындардың жалпы санына қатысты бұл көрсеткіш осы кезеңде 53,2 %-ды құрады. 2017 жылдан бастап және әсіресе 2017 жылдың екінші жартысынан бастап спорт секцияларында шұғылданушылар санының біртіндеп өсуі қамтамасыз етілді. 2019 жылдың соңына қарай шұғылданушылар саны 25810 адамды құрады. Сонымен қатар, 2017 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 11056 адамға артып, ең жоғары деңгейге жақындады.

Біз бұл оң өзгерістерді, ең алдымен, Ақтөбе облысы әкімшілігінің өңірдегі дене шынықтыру қозғалысының дамуымен байланысты мәселелерді шешумен байланыстырамыз. Біз әзірлеген және 2018 жылы қабылданған 2018-2025 жылдарға арналған Ақтөбе облысының дене шынықтыру мен спорт саласын жаңғырту жөніндегі 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары, дене шынықтыру мен спорт туралы аймақтық заң және дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламасы оң нәтиже берді.

Кесте 10 – Ақтөбе облысында спорт түрлері бойынша спорт секцияларында шұғылданушылар саны

Спорт түрлері	2017	2018	2019
1	2	3	4
Секцияда шұғылданушылар саны	16654	25810	27710
Оның ішінде:			
Олимпиадалық спорт түрлері бойынша			
Бадминтон	2	2	2
Баскетбол	1646	1646	1646
Бокс	415	415	415
Еркін күрес (ерлер)	265	265	265
Әйелдер күресі	17	17	17
Грек-рим күресі	244	244	244
Велоспорт(шоссе)	6	23	40
Су добы	8	8	8
Волейбол	1988	1988	1990
Гандбол	18	18	18
Спорттық гимнастика	44	55	68
Көркем гимнастика	4	44	44
Каратэ-до	56	56	60
Дзюдо	206	206	206
Ат спорты	1	206	206
Жеңіл атлетика	516	516	516
Жүзу	323	323	325
Синхрондыжүзу	2	140	140
Оқ ату	140	140	145
Қазіргі бессайыс	5	420	420
Теннис / кіші теннис	420	1522	1524
Үстел теннисі	152	152	160
Ауыр атлетика	16	16	16
Таэквондо	46	46	46
Футбол	1850	1850	1950
Әйелдер футболы	12	1850	1850
Конькимен жүгіру спорты	3	10	10
Шаңғы жарысы	129	145	160
Шорт-трек	8	129	129
Шайбалы хоккей	15	18	25
Мәнерлеп сырғанау	14	15	15
Олимпиадалық емес спорт түрлері			
Айкидо	5	5	5
Бодибилдинг	50	332	332
Белбеу күресі	4	10	10
Брейк денс	2	50	50
Гір спорты	373	373	373
Аэробика	1	2	2
Киокушинкай кан-каратэ	10	373	373
Каратэ-кекушинкай	21	21	21
Кикбоксинг	128	128	128

10 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
Қоян-қолтық ұрыс	18	21	21
Самбо	62	128	128
Спорттық бал билері	12	12	15
Спорт лаптасы	2	10	10
Спорттық туризм	51	55	55
Спорттық бағдарлау	4	1572	1572
Таэквондо ИТФ, ГТФ, АТФ	172	180	180
Ушу саныда	64	64	64
Шахмат	1172	1172	1172
Дойбы	1263	1263	1263
Джиу-джитсу	8	51	51
Кудо	11	15	15
ММА	10	15	15
СӨС СДД	226	226	226
Армрестлинг	332	372	372
Президенттік көпсайыс	82	85	90
Панкратион, грепpling	14	1172	1172
Пауэрлифтинг	32	1263	1263
Муай тай бокс	5	226	226
Фитнес	54	82	82
Допты хоккей	6	9	9
Пішіндеу	6	6	10
Мини-футбол	1572	1572	1572
Стритбол	44	54	54
Тир	4	10	10
Черлидинг	2	6	6
Скандинавиялық жүріс	224	224	240
Street Workout	84	224	224
Техникалық спорт түрлері			
Авиамодельдік спорт	14	14	14
Судомодельдік спорт	119	119	119
Ракетомодельлік спорт	3	3	3
Радиоспорт	2	2	2
Мотокросс	2	2	2
Картинг	16	16	16
Трассалық моделизм	3	3	3
Ұлттық спорт түрлері			
Қазақ күресі	222	222	250
Тоғызқұмалақ	1428	1428	1445
Асық ату	45	45	60
Жекпе-жек	14	14	14
Көкпар	10	10	10
Аударыспақ	6	6	222
Теңге алу	7	7	7
Аламан бәйге	5	10	1428
Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін: көру қабілеті бойынша			
Жеңіл атлетика	1	1	2

10 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
Дойбы	1	2	2
Жүзу	1	0	1
Тоғызқұмалақ	1	1	0
Шахмат	1	0	1
Тірек қимыл аппараты зақымданған			
Жеңіл атлетика	1	1	1
Жүзу	1	1	1
Волейбол	2	1	1
Шахмат	1	1	1
Дойбы	1	1	1
Тоғызқұмалақ	1	1	1
Пауэрлифтинг	1	1	1
Үстел теннисі	1	1	1
Арбадағы би	1	1	1
Оқ ату	1	1	1
Таеквондо	1	1	1
Дзюдо	1	1	1
Күрес	2	1	
Волейбол	2		1
Жеңіл атлетика	1	1	1
Жүзу	1	1	1
Үстел теннисі	1	1	1
Футбол	1		1
Шахмат	1	1	1
Дойбы	1	1	1
Шаңғы жарысы	1	1	1
Специал олимпикс			
Баскетбол	3	1	1
Жеңіл атлетика	3	2	2
Жүзу	2	1	1
Бадминтон	3	1	1
Футбол	3	2	2
Шаңғы спорты	3	2	2
Үстел теннисі	3	2	2
Конькимен жүгіру спорты	3	2	2
Велосипед спорты	1	2	2
Флорбол	3	1	2
Бочи	1	2	1

Бұқаралық спортты дамытудың маңызды саласы әртүрлі спорт түрлерінің танымал көрсеткіштері болып табылады. 7-кестеде келтірілген мәліметтер 2017 жылдан 2020 жылға дейін Ақтөбе облысында спорттың танымалдылық динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден аймақтағы ең танымал спорт түрлері: баскетбол, волейбол, футбол, үстел теннисі, теннис, гандбол екендігін көруге болады.

Спорттық ойын түрлері қай кезеңде болсын ең танымал спорт түрі болып қала береді және басқа спорт түрлеріне қатысты пайыздық қатынаста олар өте танымал болады. Мысалы, 2017 жылы – 40 %, 2018 жылы – 45 %, 2019 жылы – 48% құрады. Қаралып отырған кезең бойы баскетбол, волейбол, футбол ойындарымен шұғылданушылардың саны басқа спорт түрлерімен салыстырғанда тұрақты жоғары болды және соңғы кезде футбол, волейбол мен шұғылданушылардың саны күннен күнге өсе түсуде.

Спорттық ойындардан кейінгі екінші танымал спорт түрі – циклді спорт түрлері (жеңіл атлетика, жүзу, велосипед спорты). Осы спорт түрлерінің дамуын талдаған кезде жеңіл атлетика циклдік спорт түрлерінің ішіндегі ең танымалы болып қала береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Облыс тұрғындарының жүзумен айналысуға деген қызығушылығының артқанын атап өту қызықты. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден онымен айналысқысы келетіндердің саны 3,5 есе өскенін көруге болады. Бұл құбылысты келесідей түсіндіруге болады: біріншіден, 2018 жылы Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты дамыту іс-шарасының жоспары қабылданды, онда аймақ тұрғындарын жүзуді үйретуге байланысты бағыттар жеке параграфпен бөлінді; екіншіден, осы кезеңде жүзудің жаңа түрі - синхронды жүзу дами бастайды - бұл көптеген қыздарды осы спорт түрімен айналысуға тартады.

Танымалдық бойынша үшінші орынды жекпе-жек түрлері, яғни күрестің, бокстың, шығыс жекпе-жегінің әр түрлері алады. Ұсынылған мәліметтерден аймақтағы ең танымалы - күрес түрлері болып еркін күрес, самбо, дзюдо, қоян-қолтық ұрыс және бокс саналады. Орыс тілді халықтың бұрынғы Кеңес Одағы республикаларынан, сондай-ақ Орта Азия тұрғындарынан қарқынды көші-қон кезеңінде Ақтөбе облысында қоныстануымен жекпе-жектің шығыс түрлері белсенді дами бастағанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, дәстүрлі жекпе-жек түрлерімен айналысқысы келетіндердің кетуі және осы спортшыларды шығыс күрес түрлерімен айналысуға ауыстыру байқалады. Сонымен қатар, 2017 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіштер теңестіріліп, жекпе-жектің дәстүрлі түрлері қайтадан танымал категорияға айналатынын атап өткен жөн. Облыс аймағында бұқаралық спортты дамыту жүйесінде дене-мәдени-спорттық бағыттағы қосымша білім беру мекемелерін ұйымдастыру маңызды орын алады. Олардың қатарында балалар-жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) және олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері (ОРМБЖМ) бар. Бұл мекемелерді ұйымдастыру бір уақытта негізгі дене шынықтыру-спорт және әлеуметтік деп аталатын екі мәселені шешуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, негізгі міндет – балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру-спорттық жағынан даярлау, сондай-ақ, олардың спорттық дарынын анықтау мен жас спортшыларды елдің ұлттық командаларына қатысуға даярлау болып табылады. Екінші жағынан, балалар мен жасөспірімдерді спорт мектептеріндегі дене шынықтыру-спорт сабақтарына тарту спорттық жетістіктермен қатар, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, еліміздің лайықты азаматтарын өсіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте, спорттық секциялардағы сабақ олардың көшелер мен әрбір

қақпа алдында бостан босқа уақыт жоғалтуларына жол бермейді және осылайша оларды кез келген теріс ықпалдардан қорғайды. Ақтөбе облысының өмірінің әртүрлі кезеңдерінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі сабақтарға балалар мен жасөспірімдерді тартудың негізгі көрсеткіштері төмендегі кестеде келтірілген. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден 2017 жылы БЖСМ - де адам жұмыс істегені байқалады, оның ішінде халыққа білім беру жүйесінде - 78% және кәсіподақтар жүйесінде - 22%. Алдағы уақытта, 2020 жылға дейін облыс әкімшілігі спорт мектептерінде айналысатын балалар мен жасөспірімдердің санын сақтап қана қоймай, оны 30% арттыра алады. Мұны 11-кестеден байқауға болады. Алайда, мұқият талдай отырып, балалар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылдануының негізгі өсуі осы аймақ үшін дәстүрлі түрде танымал төрт спорт түрінен: баскетбол, волейбол, футбол мен жеңіл атлетикадан, сондай-ақ облыста жаңадан пайда болған және бірден сәнге айналған спорт түрлерінен: жекпе-жектен, пауэрлифтингтен, дзюдодан, синхронды жүзуден болғанын атап өтуге болады. Спортпен айналысатын жастар мен жасөспірімдердің өсуі халықтық білім беру жүйесінде, сондай-ақ, әртүрлі ұйымдарда ақылы спорт топтарының пайда болуымен байланысты болғанына назар аударады. Бұл ретте кәсіподақтар жүйесінде дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын қаржыландырудың күрт төмендеуіне байланысты спорт түрлері бойынша бөлімшелер санының және тиісінше спорт секцияларында шұғылданатындардың санының қысқаруы орын алды. БЖСМ-де оқитындардың жалпы санына қатысты сол кезеңде бұл көрсеткіш 11% құрады, яғни ол екі есеге төмендеді.

Аймақтағы балалар мен жасөспірімдер спортының жай-күйі туралы деректерді қорытындылай келе, балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру-спорттық даярлаудың, сондай-ақ олардың спорттық талантын анықтаудың және еліміздің ұлттық командаларын қалыптастыру үшін жас спортшыларды даярлаудың негізгі міндеттерін шеше отырып, БЖСМ мен ОРМБЖМ арасында төмендегідей қайшылықтар туындайтынын атап өтуге болады:

- аймақтағы балалар спортын дамыту қажеттілігімен және оны күтіп-ұстау мен дамытуға арналған материалдық құралдардың жеткіліксіздігімен;
- білім алушыларды дене шынықтыру-спорттық даярлау сапасына қойылатын жаңа талаптар және дене шынықтыру-спорттық бағыттағы қосымша білім беру мекемелерін басқарудың ескі әдістері арасында;
- қалыптасқан басқару құрылымы шеңберінде БЖСМ және ОРМБЖСМ дамыту мәселелерін шешудегі қиындықтар мен инновацияларды басқару үшін теориялық базаның жеткіліксіздігі;
- спорт мектебінің директорына қойылатын жоғары талаптар және білім беру мекемесінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның қызмет моделінің әзірленбеуі;
- спорт мектептерін дамыту режимін қамтамасыз ету мен олардың қызметінің жергілікті жағдайларын ескеретін әдістемелік ұсынымдардың жеткіліксіздігі үшін жаттықтырушы-оқытушылар құрамының және спортшы-нұсқаушылардың шығармашылық ұжымын құруға қажеттілігі.

Кесте 11 - Ақтөбе облысы бойынша әртүрлі типтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданатындардың саны

Спорт түрлері	Спорт түрлері бойынша бөлімшелер саны (бірлік)			Шұғылданушылар саны (адам)		
	2017	2018	2019	2017	2018	2019
1	2	3	4	5	6	7
Баскетбол	2	3	2	415	492	514
Бокс	6	8	7	1701	1692	1676
Еркін күрес (ерлер)	11	10	10	1921	1665	1715
Әйелдер күресі	2	2	2	112	114	98
Грек-рим күресі	3	3	3	817	995	909
Велоспорт(шоссе)	-	-	-	38	58	24
Су добы	1	1	1	1737	64	120
Волейбол	9	7	4	163	1567	1424
Ескек есу Б және К	-	-	-			230
Гандбол	2	3	2	173	240	40
Дзю-до	5	7	4	1150	1443	1499
Каратэ-до WKF	1	1	1	260	263	263
Жеңіл атлетика	2	2	3	124	266	294
Жүзу	3	2	3	488	1502	1523
Синхронды жүзу	2	-	-	1323	26	-
ВТФ Таеквондо	-	2	2	67	238	263
Теннис	-	2	1	42	912	416
Үстел теннисі	2	1	1	344	418	448
Триатлон	1	-	-	556	-	24
Ауыр атлетика	1	1	1	156	98	108
Семсерлесу	5			1754		30
Футбол	1	7	4	254	2562	1974
Шөптегі хоккей	-	-	-	225	18	18
Шаңғы жарысы	-	1	1	80	223	278
Мәнерлеп сырғанау	2	1	1	199	457	160
Шайбалы хоккей	1	1	1	310	198	213
Шорт-трек	-	1	1		525	56
Армрестлинг	-	-	-	12	52	34
Белбеу күресі	-	-	-	48	10	10
Гір спорты	1	-	-	112	148	144
Джиу джитсу	-	-	-	34	62	58
Кикбоксинг	2	1	1	178	156	120
Пауэрлифтинг	1	1	1	102	110	88
Президенттік көпсайыс	1	1	+	168	193	80
Қолма-қол ұрыс	1	1	1	86	190	178
Самбо	3	2	2	481	273	390
Кіші футбол	-	-		48	55	78
Спорттық билер	-	-	-	151	124	48
У-шу	-	1	-	48	478	116
Шахмат	2	1	2	498	110	437
Дойбы	1	-	1	107	46	103

11 - кестенің жалғасы

1	2		3	4	5	6
Допты хоккей	-	-	-	-	-	46
Аударыспақ	-	-	1	23	-	31
Қазақша күрес	5	5	6	1103	1323	1284
Ат спортының түрлері	-	1	-	-	126	-
Көкпар	-	-	-	19	-	40
Теңге ілу	1	-	-	54	-	36
Тоғызқумалақ	4	2	2	929	738	757

Бұл мәселелерді шешу БЖСМ мен ОРМБЖМ басқаруды оңтайландырумен және мынадай қажеттіліктерге: дене шынықтыру-спорттық бағыттағы қосымша білім беру мекемелерін қаржыландырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету; спорт мектептерін басқарудың ғылыми-негізделген құрылымын әзірлеу; даму бағыттарының стратегиясын ғылыми негіздеу; басшылық қызметін модельдеу; шығармашылық ұжымдарды құру бойынша ұсынымдар әзірлеуге байланысты болады.

Осы тұрғыдан қарағанда балалар спорт мектептерінің өмірін қамтамасыз ету мәселелерін шешу және интуитивті басқарудың дәстүрлі қалыптасқан стереотипі мен көшбасшылық қызметінің жеке шығармашылық сипатына байланысты заманауи ғылыми тәсілдерді қолдану қажеттілігі арасындағы қайшылықтарды шешу өте маңызды. Бұл мәселелерді шешу Ақтөбе облысындағы балалар мен жасөспірімдер спортының деңгейін көтеруге және сонымен бірге бірқатар әлеуметтік маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Өңірде жаттықтырушы-оқытушы кадрлардың болу көрсеткіштері бұқаралық спортты дамытуға ықпал ететін маңызды құрамдас бөлімі болып табылады. Белгілі «кадрлар бәрін шешеді» ұранына сілтеме жасай отырып, жақсы дайындалған мамандарсыз спорттық-бұқаралық жұмысты дамудың жоғары деңгейіне көтеру мүмкін емес екендігімен келісуге болады.

Ақтөбе облысында жұмыс істейтін мамандардың динамикасын және олардың даярлық деңгейін талдай отырып, мыналарды атап өтуге болады (кесте 12). 2017 жылы Ақтөбе аймағында оқу-жаттығу сабақтарын 1098 жаттықтырушы өткізді, олардың 301-і жоғары білімді, бұл жұмыс істейтіндердің жалпы санының 44,5 % - ын құрады.

Сондай-ақ, 2017 жылмен салыстырғанда кейінгі жылдары жаттықтырушылардың санының біртіндеп өсіп отырғаны байқалады. Жұмыс істейтін жоғары білімді жаттықтырушылардың жалпы саны 2019 жылға қарай орта есеппен 48 % - ды құрады. Ақтөбе облысында жоғары арнайы білімі бар мамандардың саны орта арнайы білімі бар жаттықтырушы-оқытушыларға қарағанда төмен деңгейінің болуы аландаушылық тудырады.

Жаттықтырушы кадрлардың даярлық деңгейін диагностикалауды

Кесте 12 - Ақтөбе облысында жұмыс істейтін жаттықтырушы-оқытушылардың көрсеткіштері

Жаттықтырушы-оқытушылар	2017	2018	2019
Барлығы	1098	1107	1131
Оның ішінде:			
Штаттағы қызметкерлер	423	430	438
Жоғары арнайы білімі бар жаттықтырушы-оқытушылар	301	324	328
Орта арнайы білімі бар жаттықтырушы-оқытушылар	373	352	364
ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушылар	1	1	1

қорытындылай келе, оларды қайта даярлау мүмкіндіктеріне, сондай-ақ олардың біліктілік деңгейін арттыруға назар аудармауға болмайды. Аймақтың геосаяси жағдайының ерекшеліктеріне, Ақтөбе облысының елдің жетекші ғылыми орталықтарынан оқшаулануына байланысты аймақта жаттықтырушы кадрларды қайта даярлау тәжірибесі іс жүзінде төмен екендігі байқалды. 2017-2019 жылдардағы Ақтөбе облысы әкімшілігінің, дене шынықтыру және спорт комитетінің, Ақтөбе университетінің басшылығымен бірге жаттықтырушы кадрларды қайта даярлауды ұйымдастыруға әрекеттер жасалды. Алыс және жақын шет ел және еліміздің басқа да орталықтарының жетекші оқытушылары, мамандарын шақыра отырып, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің дене шынықтыру және спорт факультетінің базасында кадрларды қайта даярлау орталығын шұғыл түрде құру талап етіледі. Мұндай ынтымақтастық өңірдің жаттықтырушылар құрамының даярлық деңгейін арттыруға алғышарттар жасайды, спортшыларды даярлау бойынша білімдерін тереңдетуге, сондай-ақ алыс және жақын шет елдерінде спорттық-бұқаралық жұмысты ұйымдастырумен танысуға мүмкіндік береді.

Спорттық жарыстарға үнемі қатысу өздерінің қарсыластары туралы мәліметтерді толықтыруға және жарыс алдындағы жай-күйі мен жарыс қызметінің нәтижелілігіне теріс әсер ететін психогендік әсерлердің болмауына бағдарлануды нығайтуға ықпал етті. Осы топ өкілдерінің жарыс мотивациясы «жетістікке жету» тенденциясына ие болып келеді (кесте 13). Олар өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сынау, жеке мазасыздықтың орташа деңгейі және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігімен сипатталады. Осыған қарап, біз жарыстарға және спортпен шұғылдануға деген көзқарасты көрсететін аталған мотивациялық сипаттамаларды қалыптастыруға жүйелі (үш жылдан астам) жаттығулар мен жарыстарға қатысу ықпал етті деп санаймыз.

Оқушылар мен ересектердің үйдегі дене шынықтыру мен спортқа деген қарым-қатынасының динамикасын талдау мынаны көрсетті. Эксперимент басталған кезде (2017 ж.) оқушылар мен ересектер дене жаттығуларына (жүгіру, ойындар, гантель жаттығулары, жүзу және т.б.) аптасына 0,5 сағат

Кесте 13 - Ересектердегі спорттық мотивацияның және кейбір жеке ерекшеліктердің көрінісі ($\bar{X} \pm S$), ұпайлар

Зерттелетін көрсеткіштер	Шұғылдану мерзімі		P
	2 жылдан астам	1 жылға дейін	
K ₁ -рухани қажеттіліктерге бағдарлану	3,9 ± 0,32	3,2 ± 0,58	<0,05
K ₂ -материалдық қажеттіліктерге бағдарлану	4,0 ± 0,46	3,3 ± 0,48	<0,05
K ₃ -әлеуметтік тұрмысқа бағдарлану	4,3 ± 0,38	4,0 ± 0,46	>0,05
K ₄ - білімді, дағдыларды толықтыруға бағдарлану	4,5 ± 0,61	3,7 ± 0,44	<0,05
K ₅ - ауырсыну сезімінің болмауына бағдарлану	4,5 ± 0,45	4,3 ± 0,48	>0,05
K ₆ -қарсыластар туралы мәліметті толтыруға бағдарлану	4,4 ± 0,50	3,5 ± 0,38	<0,01
K ₇ -психогендік әсердің болмауына бағдарлану	3,8 ± 0,45	3,2 ± 0,48	<0,05
Бәсекелестік мотивация: - табысқа жету үшін - сәтсіздіктен қашу	7,6 ± 0,68 3,0 ± 0,54	6,2 ± 0,71 4,5 ± 0,67	<0,05 <0,01
Өзін-өзі бағалау	0,65	0,57	>0,05
Өзін-өзі сынау	0,56	0,48	>0,05
Жеке мазасыздық	34,5 ± 5,4	44,6 ± 6,8	<0,05
Өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік	68,6 ± 7,8	61,5 ± 7,3	<0,05

және 1 сағат бөлді. Эксперимент аяқталғаннан кейін (2019 ж.) бұл уақыт 1,8 және 2,3 сағатты құрады.

Дене жаттығуларындағы белсенділіктің артуына спортқа деген қызығушылықтың тұрақтылығы, өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттіліктің артуы және спорттық мотивтің нығаюы ықпал етті.

14-кестеде эксперимент процесінде дене шынықтыру мен спортқа деген қарым-қатынас құрылымдарының егжей-тегжейлі сипаттамасы берілген. Қарым-қатынас құрылымдарының барлық құрылымдары сенімді мәнге артты.

Спорттық жарыстарға жүйелі қатысу адамдардың дене шынықтыру мен спортқа деген көзқарасын өзгертті (кесте 15). Спортпен айналысу және жарыстарға қатысуға қанағаттанудың жоғары деңгейін, сондай-ақ осы спортпен шұғылданудың пайдасын түсіну байқалады.

Зерттеу барысында спортпен шұғылданушылардың спорттық мотивациясында айтарлықтай өзгерістер болды. 2017 жылдың басында және 2019 жылдың соңында бірнеше спортшыда спорттық мотивацияны

Кесте 14 - Дене шынықтыру мен спортқа деген қарым-қатынас құрылымдарының егжей-тегжейлі сипаттамасы ($\bar{X} \pm S$),

Көрсеткіштер	Эксперименттің басы 2017 ж.	Эксперименттің соңы 2019 ж.	P
К ₁ -рухани қажеттіліктерге бағдарлану	3,8 ± 0,45	4,3 ± 0,48	<0,05
К ₂ -материалдық қажеттіліктерге бағдарлану	3,6 ± 0,42	3,8 ± 0,36	> 0,05
К ₃ -әлеуметтік тұрмысқа бағдарлану	3,7 ± 0,48	4,3 ± 0,41	<0,05
К ₄ - білімді, дағдыларды толықтыруға бағдарлану	3,8 ± 0,42	4,3 ± 0,46	<0,05
К ₅ - ауырсыну сезімінің болмауына бағдарлану	3,6 ± 0,37	3,8 ± 0,52	> 0,05
К ₆ -қарсыластар туралы мәліметті толтыруға бағдарлану	3,2 ± 0,42	3,7 ± 0,31	<0,05
К ₇ -психогендік әсердің болмауына бағдарлану	3,4 ± 0,4	3,5 ± 0,38	> 0,05
Бәсекелестік мотивация:			
- табысқа жету үшін	5,6 ± 0,62	6,8 ± 0,67	<0,01
- сәтсіздіктен қашу	4,8 ± 0,42	4,0 ± 0,38	<0,05
Спортқа деген қызығушылық	28,5 ± 3,5	32,1 ± 0,31	<0,05
Өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік	62,7 ± 8,1	68,5 ± 6,7	<0,05
Спортқа деген көзқарастың құрылымдары:			
- танымдық (когнитивті)	17,5 ± 2,1	23,5 ± 2,7	<0,05
- эмоционалды (аффективті)	18,6 ± 2,7	25,7 ± 2,9	<0,05
- мінез-құлық	16,6 ± 2,3	24,8 ± 2,5	<0,01

Кесте 15 - Дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға көзқарасты өзгерту ($\bar{X} \pm S$), балл

Қарым-қатынас құрылымы	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	P
Танымдық (пайда туралы түсінік):			
- дене шынықтырумен айналысу	5,6 ± 0,75	7,0 ± 0,64	<0,01
- спортпен айналысу	6,4 ± 0,84	8,0 ± 0,75	<0,01
- жарыстарға қатысу	5,5 ± 0,67	8,5 ± 0,84	<0,001
Эмоционалды (қанағаттану):			
- дене шынықтырумен айналысу	5,0 ± 0,67	8,4 ± 0,76	<0,001
- спортпен айналысу	6,4 ± 0,75	8,6 ± 0,81	<0,001
- жарыстарға қатысу	7,2 ± 0,87	8,7 ± 0,75	<0,001
Мінез-құлық (жүйелілік):			
- дене шынықтырумен айналысу	4,2 ± 0,57	7,7 ± 0,7	<0,001
- спортпен айналысу	6,4 ± 0,75	8,5 ± 0,81	<0,001
- жарыстарға қатысу	6,0 ± 0,71	8,6 ± 0,75	<0,001

сипаттайтын бірқатар көрсеткіштер анықталды. Зерттеу соңында спортқа деген көзқарасты сипаттайтын бірқатар көрсеткіштердің жоғарылағаны байқалды. Спорттық мотивті көрсететін коэффициенттер (K_1, K_3, K_4, K_6) бір шама артты ($P < 0,05$).

Спортпен шұғылданушыларда: рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға; спортпен шұғылдану кезінде әлеуметтік тұрмысты жақсартуға; арнайы білімді толықтыруға; өзінің қарсыластары туралы мәліметтерді жинақтауға бағдарлану нығайтылды. Олардың жарыстарға қатысуы жоғары түрде жеке мағынаға ие болды және спорттық өмірде белгілі бір стратегияны қалыптастырады.

Спорттық мотивация құрылымында айтарлықтай өзгерістер болды: «жетістікке жету» бағыты жоғарылады ($P < 0,05$). Спортқа деген қызығушылық айтарлықтай ($P < 0,05$) нығайды: экспериментке дейін ол жеткілікті тұрақты емес деп сипатталды, ал эксперимент аяқталғаннан кейін ол тұрақты болды. Өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік неғұрлым жоғары деңгейге ($P < 0,05$) ие болды.

Эксперимент барысында спортпен шұғылданушыларда қарым-қатынасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады (кесте 16).

Қарым-қатынастың барлық үш құрылымы: танымдық, эмоционалды, мінез-құлық неғұрлым жоғары деңгейге ($P < 0,05-0,01$) ие болды. Спорт саласында зияткерлік, танымдық белсенділік артты; спортпен шұғылдану кезінде жағымды эмоциялар күшейе түсті; мінез-құлық адуынды, спорттық сипатқа ие болды. Спорттық жарыстарға үнемі қатысу бәсекелестік сияқты мінез-құлықтың қалыптасуына және қақтығысты болдырмауға ықпал етті. Мақсатты шаралар, жағымды эмоциялар, жарыстарға қатысу, спорттық жарыстарды көру сияқты көрсеткіштерде нақты өзгерістер байқалды. Мақсаттар құрылымында «денсаулықты нығайту» (74,4%) жетекші орын алады.

Кесте 16 - Әлеуметтік мінез-құлық түрлерінің динамикасы (\bar{X}), балл


Қарым-қатынас құрылымы	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	P
Бәсекелестік	26,5	30,3	< 0,05
Ынтымақтастық	27,6	28,5	> 0,05
Ымыраға келуге тырысу	28,8	27,6	> 0,05
Қақтығыстарды болдырмау	25,6	28,3	< 0,05
Бейімделу	29,3	30,2	> 0,05

8-суретте екі жылдық эксперимент кезінде спортқа деген көзқарастың динамикасы көрсетілген.




Сурет 8 - Эксперимент барысында спортпен шұғылдануға деген көзқарастың динамикасы (жағдай саны %). Спортпен айналысу мақсаттары

Спорттық сипаттағы «команда құрамында нығайту», «спорттық дәрежені арттыру» және т.б. маңыздылығы едәуір артты (сурет 9-11). Егер эксперименттің басында спортшылардың тек 51,6% жарыстарға қатысуды



Сурет 9 - Эксперимент процесінде спортпен шұғылдануға деген көзқарастың динамикасы (жағдай саны %)



Сурет 10 - Жарыстарға қатысуға деген көзқарас



Сурет 11 – Жарыс кезіндегі эмоциялар мен сезімдері көрінісі

ұнатса, эксперименттің соңында ол 92,3% артты. Спорттық жарыстар көпшілік үшін (72,7%) көру нысанына айналды.

Мұның бәрі адамдарда спортпен шұғылдануға және жарыстарға қатысуға қатысты оң өзгерістердің пайда болғанын көрсетеді (кесте 17).

Жоғарыда аталған жағдайды түсіну елдің батыс аймағының ең көп тұрғындарының, соның ішінде оның басшыларының бұқаралық спортқа деген көзқарасын өзгерте алады. Ақтөбе өңірінде қалыптасқан жағдайды түзету келесі жолдармен жүзеге асырылуда:

Кесте 17 - Эксперимент барысында спортпен шұғылдануға деген көзқарастың динамикасы (жағдай саны %). Жарыстарды көрермен ретінде көру

Қарым-қатынас құрылымы	Эксперимент-ке дейін	Эксперимент-тен кейін
Жарыстарға көрермен ретінде қатысу		
Жиі	54,6	72,7
Аса жиі емес	23,6	20,5
Кейде	12,7	6,8
Сирек	9Д	

- балаларды спортпен айналысу үшін, спорт мектептері жоқ аудандарда балаларды спортқа тарту бағдарламаларына сәйкес қосымша спорт мектептерін ашу;

- дәстүрлі түрде спорт резервін дайындайтын, сондай-ақ мамандандырылған спорт базасы бар спорт мектептерін жоғары білікті жаттықтырушы кадрлармен нығайту;

- арнайы бөлінген қаражат есебінен облыстың жас қабілетті жаттықтырушыларын республиканың үздік жаттықтырушыларына тағылымдамаларға жіберу;

- қажетті жұмыс жағдайларын жасай алмаған, үздік спорттық базасы бар спорт мектептеріне республиканың басқа аймақтарынан өздерін көрсете білген талантты жаттықтырушылар тобын тарту. Шақырылған мамандардың жоспарлары мен эскиздері бойынша көрсетілген базаны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау;

- шақырылған жаттықтырушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігін іздестіру;

- дәрістер, әңгімелер оқу және практикалық сабақтар жүргізу үшін республиканың басқа аймақтарының жетекші жаттықтырушыларын және шетелдік мамандарды шақыра отырып, Ақтөбе дене шынықтыру және спорт факультетінің базасында спорт түрлері бойынша оқуды ұйымдастыру;

- Еуропа, әлем, Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері түрінде қайтарым бере алатын соққы ретінде «бәс» тігілетін спорт түрлері бойынша қазақстандық және халықаралық жарыстарды тұрақты өткізу;

- спорттың тірек түрлері бойынша 4-5 спорт базасын бөлу; оларды тұрақты, мақсатты және жоспарлы түрде жетілдіру және ең заманауи құралдармен, аппаратурамен және жабдықпен, оның ішінде валютаға сатып алынған импортпен қамтамасыз ету.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылға қарай ел халқының 30%-ын бұқаралық спортпен қамту міндетін қойды. Ақтөбе облысында бұл міндет мерзімінен бұрын орындалды, бүгін халықты спортпен қамту 31%-ды құрады. Сондай-ақ, соңғы жылдары облыс әкімшілігі тарапынан спорт түрлері бойынша спорт нысандарын салуға көп кңіл бөлінді, соның

нәтімжесінде облыс аймағында спорт нысандары көптеп бой көрсете бастады, соңғы үш жылда аймақта 85 заманауи спорт нысаны іске қосылды.

Бүгінгі таңда аймақта дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын адамдар санының артуы байқалуда. Бұл тұрғыда облыста салынған жаңа спорт нысандарының құрылысы маңызды рөл атқарады. Мысалы, жақында Ақтөбеде мұз айдыны іске қосылды, ал мұндай спорт кешені 90-шы жылдардың басында өз жұмысын тоқтатқан болатын. Жаңадан салынған жаңа кешен облыстағы қысқы спорт түрлерінің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Осының арқасында 28 жыл өткен соң Ақтөбе облысында өзінің кәсіби хоккей командасы қайтадан пайда болды. «Ақтөбе» жастар хоккей командасы Ақтөбе облысының әкімдігі мен Қазақстан хоккей федерациясының бастамасымен құрылды. «Ақтөбе» ХК алғашқы ойындары 7-8 қазанда мұз айдыны күмбезінің астында ҚР жастар чемпионаты аясында өтті, онда ақтөбеліктер Петропавл қаласының «Құлагер» командасын жеңді.

Ақтөбе мұз айдыны – шетелдік инвесторлардың қатысуымен МЖС аясында салынған жоба. Кешеннің аумағы 8,5 мың шаршы метрді құрайды, жобаның құны – 3,7 млрд теңге. Хоккей академиясының жаттықтырушылары – мол тәжірибесі бар үлкен кәсіпқойлар. Жаңа мұз айдыны тек хоккейден ғана емес, мәнерлеп сырғанау, баскетбол, мини-футбол, бокс, үлкен теннистен, гимнастикадан да кәсіби жарыстар өткізуге мүмкіндік береді.

Мұз алаңының есігі тек кәсіби спортшылар үшін ғана емес, сондай-ақ кез келген ауа райында әуесқойларға, барлық қатысуға ниет білдірген жаппай конькимен сырғанаушыларға және қала мен облыстың тұрғындары үшін де ашық, қол жетімді. Жаңа спорт нысандарының белсенді құрылысының арқасында бюджет қаражаты есебінен де, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін пайдалану есебінен де өңірде бұқаралық спортпен қамту ұлғаюда. Сонымен қатар, мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында соңғы жылдары Ақтөбеде және МЖӘ (ГЧП) бойынша облыста 720 орындық «Жекпе-жек» атты жекпе-жек сарайы, 200 орындық «Олимп» хоккей модулі, 2500 орындық Мұз арена, Хобда ауданында 160 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені (ДШСК) салынды.

Сондай-ақ, қонақ үй нөмірлерімен, құны 1,5 млрд теңге тұратын «Теннис орталығы» пайдалануға берілді. Кешен халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 4 жабық және 4 ашық корттардан тұрады. Мұнда 500-ден астам адам жаттыға алады, сондай-ақ кешенде Халықаралық және республикалық турнирлер өткізіледі. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды емдеу үшін иппотерапия бойынша манеж құрылысы жүргізілуде. Жақын арада мұның бәрі халық арасында дене шынықтыруды дамытуға, сондай-ақ спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізуге қуатты серпін береді.

Облыс тұрғындарының жартысына жуығы тұратын ауылда да спорт дамып келеді. Мұнда бассейндері мен тренажер залдары бар дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу жұмыстары жүргізілуде. Егер бұрын аудандарда тек балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жұмыс істесе, қазіргі кезде

жаңа спорт алаңдарында спорттың барлық түрлерін дамытуға мүмкіндік туып отыр [166].

Осылайша, зерттеу нәтижелері белгілі бір өңірге – Ақтөбе облысына қатысты спорттық жарыстар жүйесін халықпен жұмыс істеу тәжірибесіне енгізу арқылы дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жарыс қызметін басқаруды дамыту үшін әрбір жарыс түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жарысқа қатысушыларды көптеп тарту мен спорттық даярлықты күшейту мүмкіндігінің зор екендігін анықтады.

Үшінші тарау бойынша тұжырым

«Ақтөбе облысында өңірлік жарыс қызметін ұйымдастыру және басқару жүйесінің тиімділігін негіздеу» атты үшінші бөлімде дене шынықтыру мен спортты дамытудың тиімділігі мен басқарылуын айқындайтын факторлар жүйесі айқындалып, спорттық жарыс теориясын зерттеген ғалымдардың пікірлері негізінде спорттық жарыстардың факторлық құрылымдары анықталды. Спорттық, спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметін басқаруды дамыту үшін және дене шынықтыру мен спортты дамытуды басқару құралы ретінде құрастырылған кешенді бағдарламаның мазмұны, мәні айқындалды. Аталған бағдарлама дене шынықтыру және спорт жүйесінің қызметін жоспарлы түрде реттеуді, оның мазмұны бойынша дене шынықтыру мен спорт ұйымдарының бағытын, жұмыс көлемін анықтау жөніндегі қызметті толығымен атқарып шықты.

Өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметін басқаруды ұйымдастыру жөніндегі жүргізілген тәжірибелік зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау негізінде келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде жарыстарды көру, оларға қатысу қатысушылар мен көрермендердің жарыстарға қатысатын спортшылар сияқты болуға деген ықыласын тудыру үлкен ұйымдастырушылық қабілетті, басқарушылық шеберлікті қажет етеді.

2. Сонымен қатар, жарыстардың көрермендерге әсері қатысушыларға қарағанда күшті болды. Спортшыларға еліктеу және жарысқа қатысушылармен бірдей болуға деген ұмтылыс аудан тұрғындарының ішінде ересектерде айқын көрінді. Бұл жүйелі спортқа оң көзқарастың пайда болу механизмдерінің бірі деп айта аламыз.

3. Спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметін басқару мәселесін шешу, біздің ойымызша, адамдардың спортқа деген көзқарасын жақсарту арқылы тиімдірек болады. Сол себепті де спорттық-бұқаралық іс-шараларды басқаруды дамыта отырып, жарысқа қатысушы адамдарды көптеп тарту және спорттық жарыс жүйесін дамыту басты міндет болуы керек.

4. Өңірлерде өткізілген жарыстарда спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесін енгізу бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық эксперимент жүргізу өңірдегі осы жүйе бойынша жұмысты едәуір жандандыруға мүмкіндік берді және адамдардың жаттығу процесіне де, жарыстарға қатысуына да көзқарасын өзгертті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен дайындалған ғылыми-теориялық, эксперименттік материалдар біздің ұсынған ғылыми болжамымызды растады, зерттеу міндеттерінің орындалғанын көрсетті. Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша спорттық-бұқаралық іс шаралар негізінде өңірлік жарыстарды өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқару негіздері теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделіп, ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі зерттеу мақсатына жеткендігіміздің айғағы болып табылады.

Зерттеу барысындағы нәтижелерді талдай келе: дене шынықтыру және спорт саласы бойынша өңірлік жарыстарды өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқару мәселесін қайта қарау, басқару ісіндегі оқу-жаттығу процесін дұрыс ұйымдастыру – мектеп оқушыларының, спортшылардың, өңір тұрғындарының жаттықтыру мен жаттығу процесін жетілдірудің, басқару ісін өз мәнінде атқарудың негізгі шарты деген қорытынды жасадық.

Арнайы жүргізілген зерттеу барысында дайындалған теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыста қол жеткен нәтижелер төмендегідей **қорытынды** жасауға мүмкіндік берді:

1. Халықты дене белсенділігімен айналысуға жаппай тартуға қол жеткізу үшін дене шынықтыру-спорттық ғимараттардың кадрлық, ақпараттық және капиталды негізгі ресурстардың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік беретін шаралар қажет. Бұқаралық спортты ресурстық қамтамасыз ету жүйесінің базалық қағидаларын қайта қарау мақсатында теориялық негіздеме қарастырылды.

2. Зерттеулер нәтижесінде Ақтөбе облысының тұрғындарына арналып мақсатты нәтижені, қатысушылардың өңірлік және жас ерекшеліктерін, олардың спорттық даярлық деңгейін, мотивация мен жарыстарға деген қарым-қатынас түрлерін ескере отырып, жүйе құраушы факторлардың өзара байланысына негізделген спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесі жасалды.

3. Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты дамытуды спорттық-бұқаралық іс-шара ретінде басқару құралы ретінде құрастырылған кешенді бағдарламаның ерекшелігі - бұл алдыңғы қатарлы халықаралық және отандық тәжірибеге негізделген нақты әдістемелік пен ұсынымдық сипатта болуында.

4. Зерттеу нәтижелері белгілі бір өңірге – Ақтөбе облысына қатысты спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесін халықпен жұмыс істеу тәжірибесіне енгізу арқылы дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметін басқаруды дамыту үшін әрбір жарыс түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жарысқа қатысушыларды көптеп тарту және спорттық даярлықты күшейту мүмкіндігінің жоғары екендігі анықталды.

ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Зерттеу нәтижелері өңірлік жарыстарға адамдарды тарту және спортпен шұғылдануға, жарыстарға қатысу үшін спорттық даярлық мақсатында спорттық жарыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру бойынша бірқатар ұсыныстар ұсынуға мүмкіндік береді:

1. Белгілі бір өңірге қатысты спорттық жарыстар жүйесін әзірлеу кезінде халықтың таңдаған спорт түрлеріне қатысты қоғамдық пікірін, жарыстарды өткізу уақыты мен орнын зерттеу қажет.

2. Спорттық іс-шараларды ұйымдастырған кезде жарыс орындарын, атрибуттар мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімдерін эстетикалық тұрғыдан әсем безендіруді жүзеге асыру керек, бұл жарысқа деген қызығушылықты және оның эстетикалық құндылығын арттыруға көмектеседі.

3. Спорттық жарыстарды ұйымдастырушылар мен жаттықтырушылар үшін адамның өзі таңдаған спорт түріне не үшін тартылатынын, спортқа келу мотивациясын білу маңызды. Бұл жағдайда мотивтер мен қызығушылықтың тұрақсыздығы мен динамикасын есте ұстаған жөн. Спортпен шұғылдануды жаңадан бастаған адамдардың екі, үш спорт түрін бірдей таңдауын теріс құбылыс ретінде қарастырмауы керек. Бұл олар үшін қалыпты жағдай деп санау қажет. Бұл кезде олар өздерін қызықтыратын спорт түрін іздейді, сол спорт түріне бар жан-тәнімен беріліп, үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік алады.

4. Спортқа адамдарды тартудың және спортпен шұғылдану үшін спорттық даярлықтың маңызды шарты екенін түсіндіру, олардың жарыстарға деген көзқарасын, спортпен шұғылдануға деген ынтасын зерттеу болып табылады. Осы мақсаттар үшін біз әзірлеген сауалнамаларды пайдалануға болады.

5. Спорт түрлерін спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізген кезде мыналарды: аймақтың климаттық-географиялық жағдайларын; сол аймақта тұратын халықтың ерекшеліктерін (жасы, спорттық дайындығы, ұлты) және басқа да факторларды ескеру қажет.

Диссертацияда қаралып отырған зерттеу мәселесінің ауқымы кең болғандықтан, толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралардың ғылыми-теориялық негіздерін, - өңірлік спорт түрлері бойынша жарыс өткізуді ұйымдастыру және басқару мәселелері жеке зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Архипова С.А. Анализ системы управления физической культурой и спортом в регионе // Известия ТулГУ. Серия. Экономика. Управление. Финансы. - Тула: Изд-во ТулГУ, 2004. - Вып.1. - С. 170-175.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016, наурыз – 1.
- 3 Братановский С.Н. Управление физической культурой и спортом в условиях реформы: автореф. ... док. пед. Наук: 13.00.04. - Саратов, 1999. - 43 с.
- 4 Выдрин В.М. Деятельность специалистов в сфере физической культуры: учеб. пособие. - СПб.: СПбГАФК, 1997. - С. 8 - 11.
- 5 Гончарова-Сибирская М.П., Карпов Ю.П. Педагогический менеджмент: Проблемы, опыт. - СПб., 1998. - 175 с.
- 6 Соколов А.С., Гуськов СИ. Развитие физической культуры и спорта в субъектах Российской Федерации в 90-е годы // Теория и практика физической культуры. - 1998. - №4. - С. 45-49.
- 7 Агеевец В.У., Каневец Т.М. Организация физической культуры. - М.: Физкультура и спорт, 1986. - С. 10-14.
- 8 Зуев В.Н. Управление системой спортивного соревнования: автореф. докт. пед. наук: 13.00.04. - Тюмень, 1999. - С. 65.
- 9 Гуськов СИ. Спортивный маркетинг: учебное пособие. - Киев, 1996. – 116 с.
- 10 Жолдак В.И., Зуев В.Н. Управление в сфере физической культуры и спорта. - Тюмень, 2000. - 332 с.
- 11 Камалетдинов В.Г. Физкультурно-спортивное движение: управление и пути совершенствования // Теория и практика физической культуры. – 1999. - №4. - С. 22-25.
- 12 Кузин В.В. Оптимизация системы управления отраслью «Физическая культура и спорт» в рыночных условиях // Теория и практика физической культуры. - 2000. - №6. - С. 5-6.
- 13 Переверзин И.И. Искусство спортивного менеджмента. - М.: Советский спорт, 2004. – 416 с.
- 14 Родиченко В.С. Спортивные соревнования: информация, управление. - М.: Физкультура и спорт, 1978. - 152 с.
- 15 Сейранов С.Т. Управленческие отношения в сфере физической культуры и спорта в условиях перехода к рыночной экономике: автореф. ... док. пед. наук. - СПб., 1995. - 46 с.
- 16 Филиппов С.С. Управление физической культурой: учеб. пособие. – СПб.: ГАФК им. П.Ф. Лесгафта, 1996. - 78 с.
- 17 Черепов В.А. Спортивный менеджмент (социально-педагогические основы управленческой деятельности в спорте). - СПб.: Изд-во АО ИГОСЛАВ, 1994. - 172 с.

18 Калиева С.И. Пути совершенствования организации труда заместителя директора вечерней (сменной) школы работающей молодежи: дис. ... канд. пед. наук. – Алма-ата, 1982. – 187 с.

19 Кошербаева А.Н. Развитие идей гуманизма в педагогическом наследии Юсуфа Баласагуни: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 2004. – 48 с.

20 Ботағариев Т.А. Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, оқушылардың дене тәрбиесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздемесі (Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарының материалдары негізінде): пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2001. – 45 б.

21 Важенин С.А. Концепция развития физической культуры в Северо-Западном рагионе: на примере Ленинградской области: автореф. ... док. пед. наук. - СПб., 2006. – 148 с.

22 Пельменев В.К. Основные направления совершенствования системы подготовки специалистов по физической культуре в условиях региона // Методологический подход к решению региональных проблем совершенствования физической культуры и спорта: материалы Всерос. науч.-практ. конф. специалистов физической культуры и спорта / под ред. В.К. Пельменева. - Калининград: Изд-во КГУ, 2002. - С. 3-7.

23 Михалев В.И. Управление сферой спорта на межрегиональном уровне. - Омск: Изд-во СибГАФК, 1998. - 295 с.

24 Голов В.А. Оптимизация взаимодействия и типологизация организационных форм управления физической культурой в Республике Коми // Современные наукоемкие технологии. - 2005. - №2. - С. 62-63.

25 Гуляев Д.М. Трансформация системы управления в спорте высших достижений в современной России // Научно-теоретический журнал «Ученые записки». - 2011. - №2 (72). – С. 68-71.

26 Новокрещенов В.В. Взаимодействие в управлении сферой физической культуры и спорта в субъекте Российской Федерации: автореф. ... док. пед. наук. - Ижевск, 2006. - 39 с.

